

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### НАУРЫЗДЫҢ НҰРЫ

Наурыздың нұры –  
Тәңірінің сыйы тіріге!  
Тал-теректердің бүріне  
Торғайкөз тамшы қонақтап,  
Тамсанып бірін біріне,  
Тазартып түгел әлемді,  
Толғауы тоқсан, ал, енді,  
Тіршілік күйі тосын бір ырғақ тауыпты!

Тартады жиі оң қабак,  
Тұрады қария жол қарап,  
Тосады жылы бір хабар,  
Тарам да тарам жылғалар,  
Тағы да тасып өзендер.  
Торғауыт киген кезеңдер  
Тар өткелдерін тұрса-дағы дайындап!..

Наурыздың нұры  
Жылы жаңбыр боп себелеп,  
Жылы жел болып еседі.  
Ежелгі Күн мейрамы десетін  
Ұлыстың ұлы күнінде,  
Ұлағат тауып бүгінде,  
Ұласты дәстүр-салтымыз.  
Ұрпақтың болжап ертеңін,  
Аянбай ащы тер төгіп,  
Алаш үшін жандасуға бел будық!

Наурыздың нұры –  
Ізгіліктің қайнар бұлағы,  
Бұлақ басынан тұнады!  
Тағдырдың талай сынағы  
Қазаққа оңай тимеген...  
Өмірдің жүгін  
өгіз арбамен өрге сүйреген,  
Өтті ғой не бір ауыр шақ...  
Дастархан толы бауырсақ,  
Ірімшік, құрт пен сары май,  
Қуырған бидай, тарыдай –  
Наурыздың дәмі мол болсын,  
Жол болсын дәйім, жол болсын,  
Жыл басы Ұлысқа береке берсін! –  
деп тілеген ата-бабамыз,  
Біздің де тілек сол болсын!

\* \* \*

Бір ызғар бар тоңдыратын шілдеде  
Бір қауіп бар сарғайтатын тамызда.  
Бөленсең де үлде менен бүлдеге,  
Алдансаң да ертегі мен аңызға...

Жаз өтерін білеміз ғой, білеміз,  
Жадырамай, күн қабағы түнерді.  
Неменеге жетісеміз, күлеміз,  
Жан шуағын жаһаннәмға жіберіп...

Салқын рай танытады қабағың,  
Суық ұрып солдырады гүлімді.  
Қабаржыған қара тасқа қарадым,  
Қас қағымда көңіл күйім бүлінді...

\* \* \*

Ойдан қырға көшкен елміз,  
Қырдан ойға көшкен елміз,  
Көшпелі елміз.  
Садақ ұстап аң қашырған,  
Найза ұстап жау қашырған,  
Бастан бәрін кешкен елміз,  
Көшпелі елміз.  
Шөбі шүйгін жайлауында,  
Өріс бөліп қойлы ауылға,  
Би алдында сөзге тоқтап,  
Барлық дауды шешкен елміз.  
Көшпелі елміз.  
Көкпар тартып, жамбы атып,  
Құс қанатты әнді ұнатып,  
Тәңірден деп таңғы бақыт,  
Қонағына құлдық ұрған.  
Ай астында алтыбақан  
Тербетіліп, құрды думан.  
Еркін желдей ескен елміз.  
Бұлттай ауып көшкен елміз,  
Көшпелі елміз.  
Көшіп, көшіп болған елміз,  
Қыстауға кеп қонған елміз.  
Егін егіп, қала салып,  
Аттан түсіп, аласарып...  
Ғылым қуып, ғарышқа ұшып,  
Ғарыштан да алысқа ұшып,  
Өркениетті өскен елміз.  
Көк байрақты Қазақия,  
Біз – кешегі көшпелі елміз!..

\* \* \*

Шығып келе жатқан Күннің шапағы,  
Жадыратқан жанды Көңіл шуағы,  
Таңғы шашу – бұлбұлдардың шат әні,  
Тау маңғаздың мың ғасырлық шыдамы,  
Құралайдың жәудіреген жанары,  
Барқыт белдің гүл жайнаған жамалы,  
Желпіп өткен таудың ерке самалы,  
Қалалардың ескі қорған, қамалы,  
Қурап қалған бұтақтардың сынғаны,  
Бұлақтардың бастауынан тұнғаны,  
Қарлы шыңдар қолын бұлғап тұрғаны –  
Мұның бәрі тұнып тұрған құпия,

Табиғаттың үйлесімі, ырғағы...

\* \* \*

Қарайтын қабағыма қарғам менің,  
Тазартып тұрасың сен арман көгін .  
Білесің байқаусызда мерт етерін  
Бір ауыз сөзден, кейде, қалған көңіл.

Қарайтын қабағыма, қарғам менің,  
Жалғанда жалғыз тірек арман дедім .  
Көк тұман арасында адасар деп,  
Қарайлап қасымда сен қалған ба едің?!

\* \* \*

Ыстық еді сол бір түні шілденің,  
Тыншу ауа тарылтады тынысты.  
Ұзақ таңға кіршігімді ілмедім,  
Тоз-тоз болып ұйқы бұлты ығысты.

Түнгі сарын естіледі алыстан,  
Дейтін еді қариялар, сол анық.  
Арқырайтын сияқты бір арыстан,  
Алыс кеткен сапарынан оралып.

Гүрілдейді жойқын өзен іргемде,  
Жағалауын жатыр білем кеміріп.  
Қара жаңбыр құятындай бір демде,  
Қиялымды қалғытпады көп үміт.

Құстар үнін ажырату оңай ма,  
Қырық түрлі ән естілер құлаққа.  
Бір керемет болды әйтеуір тоғайда,  
Бірте-бірте бәсеңсіді бірақ та...

Қасқыр ұлып, иттер үрді абалап,  
Әуілдектің үні әзер шығады.  
“Қайырлы таң!” Ай күледі табалап,  
Қайдан менің хал-күйімді ұғады...

Кенет бәрі сап тиылды, тыншыды,  
Осы кезде шырылдады шегіртке.  
Шырылымен жүрегімді шымшыды,  
Шыныменен мұңнан азап шегіп пе?

Жағы тынбай шырылдады түнімен,  
Бейшараның мазасын кім қашырды.  
Бір беймәлім сыр ұғамын үнінен,  
Елегзімін... ұйқым шайдай ашылды...

\* \* \*

Меже алыс діттеген,  
Ұзақ жолда аялдайтын бекет көп.  
Бөтен ағыс күтпеген,

Бұра тартып, кеткісі бар жетектеп.  
Күйбең тірлік пердесін,  
Әр күн сайын, жанталасып, ысырдым.  
Тіршіліктің термесін  
Толғау оңай еместігін түсіндім.  
Жылу, жарық бөлетін,  
Қиялымның отын үзбей үрледім.  
Мазасыздау неге тым,  
Саған жұмбақ болмас, өмір сүргенім.

\* \* \*

Жұмбақ өмір жөнінде не білемін,  
Жеңемін деп жүргенде жеңілемін.  
Тегі менің өкпем жоқ өзгелерге,  
Таба алмаған өзім ғой көңіл емін.

Батыр бабам кешер ме дулығалы,  
Бұлғақ арман кеудемде булығады.  
Ат жалында ойнайтын асау шақта  
Алды-артымды орайды қулық әлі.

Көңіл емін таппадым, аңсап туып,  
Атақ іздеп жүргем жоқ, мансап қуып.  
Ащыдан да жеріндім, тәттіден де,  
Тандайға мұз басқандай тамсап суық.

Табылмады қайтейін көңіл емі,  
Көңіл емін іздемеу жеңіл еді.  
Не біледі осы жұрт қызық қуып,  
Ай тақырға айналып төңірегі...

\* \* \*

Бұл домбыра бабамнан қалған мұра,  
Қос ішекті, қоңыр үн.  
Күй ғой, менің өмірім.  
Шертпе күйде тарқамаған шерім бар,  
Төкпе күйде тынысым.  
Күйсіз өткен күйбең тірлік құрысын.

Шалынады құлаққа көне сарын,  
Күмбірлейді қазақша қара шанақ.  
Көш-керуен оранды неге сағым,  
Алсаңшы арашалап.  
Құлан жортқан құба түздің мұңы бар,  
Сағада сыр тұнады.  
Сарала қаз мамығы бұрқырады.  
Кәрі көкжал құлынға ұмтылады,  
Көк сауыттың көбесі сөгіледі,  
Қарға қан төгіледі.  
Шыбын жаны біреудің шырқырады...

... Ал мына күй жігерлі.  
Күрең жорға үзіп кетті шідерді,  
Айқабак қыз бір тұтқынды

бостандыққа жіберді,  
Бір Ерді құтқарды ажалдан,  
Бір түнек, бір шуақ – о, жалған!

Қайтадан қоңыр әуен күмбірледі,  
Тербетіп саумал самал саз алыстан.  
Не күтіп тұрғанын мен білгім келді.  
Көп күндер тозаң ұшқан...

Бебеуле, қос ішек, қоңыр үн,  
Осы күй – Өмірім!

\* \* \*

Өтіріктің ішкенде майын кілкіп,  
Өміріңе тұрмайды уайым бүркіп.  
Тәуекелмен тас жұтсаң ештеңе емес,  
Жарға жығып кетпесе тайың үркіп...

Өтіріктің майына мелдектесең,  
Өрмек тоқып өзіңше өрнектесең.  
Өмір атты толқынды теңіз кешіп,  
Өзін-өзі әр пенде көрмек көсем...

Өтіріктің жұтқанда балдай уын,  
Өлшеміңнен шықпайды қандай ұғым...  
Бақыт деген – бір тамшы көздің жасы,  
Бақыт деген – әжімі маңдайыңның...

Өтіріктің таңдайда дәмі қандай,  
Өзін адам қайтадан танығандай..  
Бармақ жалап тұрып-ақ маз болады,  
Жоқты барға теңгермек жаны қалмай...

Өтіріктің құрдым бар өңешінде,  
Тағдыр артса тауқымет көнесің де...  
Пері қызы секілді ол арбайды  
Жолығысар ақшамда, не бесінде...

Өтіріктің өзегі қызыл жалын,  
Өтетіндей көрініп бұзып-жарып,  
Өңмеңдеген талайлар тыным тапқан  
Тауысып ап соңында тұзын-дәмін....

\* \* \*

Тағы кеңіп тіршілік кенересі,  
Не аласы өмірден, не бересі.  
Әліп-биді тануға бара жатыр  
Әжесінің сүйікті немересі.

Көкшіл сағым көз алдын тұмшалаған,  
Келешектен не күткен мұнша адам.  
Жалын болып алаулап мың бір үміт,  
Арман болып шарықтап жүз шағала.

Жаңа ғасыр тамырын солқылдатып,  
Жаңа ұрпақ келеді мол қуаты.  
Мектеп – кеме дайын ба ақ сапарға,  
Білім – теңіз тулай ма толқын атып.

Мақсат алыс, жол табар төтелеген,  
Азамат па парызын өтемеген.  
Кеудесінде дәл бүгін шам жанады  
Жеткіншектің әжесі жетелеген.

Елжірейміз кекілді құлын ұнап,  
Бар қызығын көрсек деп бұрынырақ.  
Бұған дейін әжесі жетелесе,  
Жетелесін Ертеңге Ұлы Мұрат!

## ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

*Нұртас Исабаевқа*

Тұрса да қырық қамал, отыз бөген,  
Мақсатқа асқаралы жет іздеген.  
Ақынның аласармас биігі бар,  
Отанның ошағынан от үзбеген.

Көктемде сағынатын сары күзді,  
Жүрегін жұмбағы мол тану ізгі...  
Ақынның жанарында суреті бар  
Өлеңмен мүсінделген ару қыздың.

Сапардан оралғандай арып-ашып,  
Жетудің жақсы жырға жолы қашық.  
Ақынның қартаймайды махаббаты,  
Жастық пен сұлулыққа жаны ғашық.

Тынымсыз тіршіліктің бөлшегі боп,  
Болжаусыз болашаққа жол шегіп өт.  
Ақынның жүрегінде құштарлық бар,  
Өмірге құштарлықтың өлшемі жоқ!

## АЛМАТЫ

Ақ жаңбырда ақ бұлақтар тасыған,  
Алабөтен ыстық маған бұл нүкте.  
Алматыға оралғанша асығам,  
Алып-ұшып жүретұғын тірлікте.

Сапар сазын көп қалалар тыңдатты.  
Сұңғақ үйлер қатар түзеп самсаған.  
Алматыға жеткенімше қымбатты,  
Алма бақты сағындым деп ән салам.

Алатауға, Көктөбеге, Медеуге,  
Арнар едім қолдан келсе жыр асыл.  
Тұлға болып табылмайтын теңеуге,  
“Алматы” боп жүрегімде тұрасың.

\* \* \*

... не пайда. Бұқар жырау.

Жауған қардың ақтығынан не пайда,  
Көзді ашып-жұмғаныңша кірлесе.  
Жас дәуреннің шаттығынан не пайда,  
Шын ғашықтар бірге қатар жүрмесе.  
Бал бұлақтың күлкісінен не пайда,  
Ылайланып аққаннан соң құмықса.  
Тоты қыздың түр-түсінен не пайда,  
Той үстінде тоғжан мұңды ұмытса.  
Таудан соққан самалдан да не пайда,  
Кеуде тұсың күйініштен өртенсе.  
Хан сарайда қамалғаннан не пайда,  
Құса жүрек оңашада дерт емсе.  
Аққу арман болғанынан не пайда,  
Аялайтын інкәр жанын таппаса.  
Орақ Айдың толғанынан не пайда,  
Айдай ару оң жағыңда жатпаса.  
Бейнет кешіп толғағаннан не пайда,  
Жұртың сөзді құлағына ілмесе.  
Бақыт үшін сорлағаннан не пайда,  
Баян-жүрек бұл жайында білмесе.  
Шындық үшін күрескеннен не пайда,  
Шырылдатып шыңырауға құлатса.  
Күзді күнгі күнестен де не пайда,  
Кәрі-құртаң пештің жанын ұнатса.  
Менің сені сүйгенімнен не пайда,  
Махаббатты соқыр тауық санасаң.  
Жазықсыздан күйгенімнен не пайда,  
Мен – Елеспін, осыдан соң, қаласаң!

\* \* \*

Мен сенбіге сенбеп едім,  
Жексенбіге жұтылдым.  
Сең соққандай сенделемін,  
Ұтып тұрып, ұтылдым.

Көз жасындай шер еріген,  
Күлкі болып бу ұшты.  
Көңіл тасып кемерінен,  
Сорлы жүрек у ішті.

Жырақ күндер шұғылалы,  
Алыс күндер арайлы.  
Ай шекеге шығып алып,  
Аяп маған қарайды.

Қаз бермеді қауырсынын,  
Хат жазбақ ем аманат.  
Айтқанымды ауырсынып,  
Жазғырмаңдар, жамағат.

Көк жүзінде шарықтағам,  
Көріп аспан, жер бетін.  
Келуші еді шабыт маған,

Нәсерлетіп, селдетіп.

Мен сенбіден секемденіп,  
Жексенбіден жерінгем.  
Күтіп тұрды бөтен көлік,  
Көз ұшынан көрінген...

## КҮЙ КҮМБЕЗ

*Білал ЫСҚАҚОВҚА*

Ғұмырды дей алмассың қысқа тіпті,  
Арғымақ күй жалынан ұстатыпты.  
Домбыра – жан серігі, жан жолдасы,  
Дәулескер күйші Білал Ысқақовтың!

Толғаса шертпе күй ме, төкпе күй ме,  
Төбесі тыңдаушының көкке тиген.  
Шарлады көк аспанды, жер-жаһанды,  
Күмбірлеп шыққан әуен шеткері үйден.

Дүркірей қашқандай-ақ киік қырдан,  
Күнкөріс күйбеңінен биік тұрған.  
Қазақтың шер-шаттығын күй жеткізген,  
Қазақтың зар-арманын күй ұқтырған.

Шебері шертпе күйдің шерім деймін,  
Шет жайла жансарайдың төрін деймін.  
Асуын алдырар күй асқарлардың,  
Өркенін өсірер күй өрімдейдін.

Таланттың танытады түйсігі дәл,  
Шеберді он саусағы үйші қылар.  
Көтерген күй күмбезің қандай ғажап,  
Зерттеуші, ғалым, ұстаз, күйші Білал!

\* \* \*

Ақ сағымның ар жағында ауыл бар,  
Айна көл бар, көл шайқаған дауыл бар.  
Көк шеңберден шығайықшы, бауырлар!  
Ағайындар, туыстар мен тумалар,  
Теңіз-дағы ортаяды – буланар,  
Алып таулар мүжіледі біртіндеп,  
Асау өзен құмға сіңіп іркілмек,  
Шыдам, төзім сарқылады мендегі,  
Бір шумақтық құным жоқ па ең кемі,  
Бар байлығым осы еді ғой, осы еді,  
“Өлең қуған өрлемейді” деседі,  
Ал осыны десем жұрттың өсегі,  
Жақсы жолдас жауласпақшы, дос еді.

Сөзден салмақ қашқаны ғой ақыры,  
Өкін мейлі, өксі мейлі, аһ ұрып,  
Жағдай осы – жарым көңіл, пәс көңіл,



Аспан жерге түскені емес, әсте, бұл,  
Табиғаттың мың құбылған мінезі,  
Маған да тән, соған дәлел бұл өзі...

Ақ сағымның аржағында ауыл бар,  
Айна көл бар, көл шайқаған дауыл бар...

### **АМАН ОРАЛ САПАРДАН!**

Тамылжысын атар таң,  
Таусылмасын татар дәм.  
Саған ақ жол тіледім,  
Аман орал сапардан!

Озып шығып қатардан,  
Жан дос ізде жаһаннан.  
Саған ақ жол тіледім,  
Аман орал сапардан!

Мақсат алыс апарған,  
Шамын жақсын шаһарлар.  
Саған ақ жол тіледім,  
Аман орал сапардан!

\* \* \*

Қысқа күнде сан соқтырар мың әттең,  
Қайырымға құлап көңіл тұрса да...  
Қиянатқа қол бермедім, бірақ, мен,  
Қарсы алдымнан торын талай құрса да.

Күнде майдан адамдардың арасы,  
Көз мерген мен сөз мергендер баршылық.  
Шұқып, шоқып бір-бірінің жарасын,  
Таудай арман табанында жаншылып...

Әр кәллада өзім деген ой үстем,  
Әр өлшемге мойынсұну жоқ мүлде.  
Кеуде тұсың күлдіреді кейістен,  
Кердең кеше сөз алғанда екпіндеп.

Абайды аяп, күрсініппіз текке біз,  
Бұл заман да оңып тұр-ау шамалы...  
Осыншама, қалай кері кеткенбіз,  
Озбай сана?!  
Таусылады амалың...

\* \* \*

Актер болу қолымнан келмес менің,  
Біреудің шындық үшін белдескенін,  
Біреудің заңғарлармен теңдескенін.  
Біреудің жең ұшынан селбескенін,  
Біреудің суық семсер сермескенін  
Айнытпай жеткізу де үлкен өнер,  
Актер болу қолымнан келмес менің.

Қызық өнер актердің құбылғаны,  
Күркіреді, күрсінді, сыбырлады.  
Өзін-өзі ұмытып, мұның бәрін  
Өзгелердей сезініп, ұғынғаны,  
Шырқырайды әйтеуір, шыбын жаны,  
Өмір, бірақ, бұдан да құбылмалы.

Наркескенге баладым намысымды,  
Ақындардың қай кезде сағы сынды,  
Тағдыр маған бармақтай бақ ұсынды.  
Аңғарарсың адуын ағысымды,  
Кертолғаудың бұл да бір қайырмасы,  
Қадағалап қайтесің қағысымды.

Кеудең күйге толады кезі келсін,  
Күрмеуі көп сауалға кезігерсің,  
Адам – жұмбақ екенін сезінерсің,  
“Неге бұлай?” деуменен көз ілерсің.  
Өзім ғана ойнаймын рөлімде,  
Ал, мен болу – Актердің өзіне сын!

### ХАЛЫҚ ӘНІ

Тамсандырар талай сырды қозғасын,  
Халық әнін ұнатамын өз басым...  
Көне сазға көңіл құлар ерекше,  
Ертегідей ғұмырымыз озғасын.

Арман-мұңы өткен бағы ғасырдың,  
Қадірінді неге мұнша асырдың...  
Менің де бір айта алмаған әнім бар,  
Жылдар бойы өзге жұрттан жасырдым.

Соныменен үндеседі бұл қалай,  
Сорлы жүрек қайтіп шыдар туламай.  
Әлденендей әуен емес, әйтеуір,  
Өзек жарды шерге толы “Угай-ай!”.

Кейде тіпті толқытпайды күй бұлай,  
Құштар сезім жүргізетін билік-ай.  
Күйіп-жанған кездерімнің өтеуін,  
Қалай нәзік жеткізеді “Илигай”.

Өмір мәнсіз арман қумай, бақ қумай,  
Аялайтын ару таппай аққудай.  
Алданышың ақырында, апыр-ай,  
Айнала ма аһ ұруға “Тәккугәй”.

Халық әнін тыңдайықшы толы мұң,  
Бұралаңы көп қой өмір жолының.  
Бебеулесін, боздасыншы домбыра,  
Қара қобыз бассыншы бір солығын...

\* \* \*

Сен бекер-ақ қайық салдың өзенге,

Қар еріп, мұз көшіп жатқан кезеңде.  
Арғы бетке перде тұтып сұр тұман,  
Сен бұзылды ел ауғандай жұртынан.

Әр кеудеде бір үміт пен бір күмән,  
Әлдекімді сыбап алып сыртынан,  
Көшке ерген мұрнын тескен тайлақтай  
Кемжік кеше айрылышты ырқынан...

Қақпақылға түсті сенің қайығың –  
Ышқынғанмен шыбын жаның шырқырап,  
Өттең, біреу күліп тұр-ау мұртынан.  
Сен бекер-ақ қайық салдың өзенге,  
Қар еріп, мұз көшіп жатқан кезеңде...

\* \* \*

Аптап ыстық, сары құмда,  
Соғар үдеп аңызға.  
Қурап кеткен бәрі мұнда,  
Бастан ұшқан бақ ұзап.

Ақ тозаңның арасында,  
Тұяғынан шаң ұшып.  
Екі құлан, нанасың ба,  
Бара жатты жарысып.

Кеше ғана қорық еді  
“Барсакелмес” әйгілі.  
Қазір жұтаң көрінеді,  
Қалмапты ғой айбыны.

Құлан қайтып күн көреді,  
Қорек іздеп құр босқа.  
Адам тілі күрмеледі,  
Тірі жәндік тұрмас та.

Елсіздегі қос құланға,  
Енді мұнда не қалды.  
Еспе құмға басты таңба,  
Қас-қағымда жоғалды.

Басқа түскен жайға налып,  
Құйындатып өтті де.  
Қорғалады қайда барып,  
Құмға сіңіп кетті ме?!  
1988 ж.

\* \* \*

Ертең де күн бар,  
Бар ертең.  
Өрісін жаяр өнер кең.  
Бітпеген істі бүгінгі,  
Бастауға болар таңертең.

Ертең де күн бар,

Емексіп,  
Ал ертең – ертең демексің.  
Үміттің жібін жалғаумен,  
Өтпесе өмір тек өксіп.

Мұңыңды шағып ұтпассың,  
Мұң менен шаттық жұптассын.  
Татпасаң ащы-тұщысын  
Тіршілік сырын ұқпассың.

Ендеше бүгін бекер ме,  
Бекерге өмір өтер ме?!  
Өткен күн деген өкініш,  
Өткелі қиын екен де.

Бір ойға шомып бүгінде,  
Отырмын терек түбінде.  
Бір қауіп барын аңғардым  
Байғыздың бөтен үнінде.

Бір ойға шомып бүгінде,  
Отырмын терек түбінде.  
Бір үміт барын аңғардым,  
Бұлбұлдың сиқыр үнінде...

\* \* \*

Жайдары, жарқын жазда да  
Желегі желмен ырғалған,  
Сұрғылтым, суық күзде де  
бақтағы байлығы ұрланған,  
Қытымыр, қатал қыста да  
қызықтан талай құр қалған:  
Көктемім, сені сағындым!

Құс болып ұштың төбемнен  
Әуенің қалып құлақта.  
Қоңырау күлкің бар еді  
Көз ашқан тентек бұлақта.  
Құлпырған жасыл дүние –  
бергсіз, тіпті, жұмаққа:  
Көктемім, сені сағындым!

Өзімше бөлек әспеттеп,  
Әніме қоссам мін емес.  
Өзгеше лаулап жануды  
Жалыны жоқтар тілемес.  
Беймаза болып өтпесе –  
күндерім менің күн емес:  
Көктемім, сені сағындым!

Өмірде көп қой үйлесім  
өлеңдегі ұйқас секілді.  
Көркінді сұлу көргенмін  
Кезімде сонау кекілді.  
Көк өрім шыбық сондағы  
жапырақ жайды, жетілді:

Көктемім, сені сағындым!

Тұрамын көзбен ұзатып  
Көктегі тырна тізбегін.  
“Көктемнің осы күткен!” деп  
айтады дейсің бізге кім.  
Жаңарып, түлеп, жасарған,  
Жүрегің неткен ізгі еді:  
Көктемім, сені сағындым!..

\* \* \*

Құс тіліндей қылтиып көк шығыпты,  
Бусанады қара жер, жарықтық-ай.  
Билетеді ерке жел көк шыбықты,  
Қардың суы толтырып арықты лай.

Күннің өткір сәулесі кезеді қыр,  
Бізғар қашты жеті қат жер астына.  
Саумал ауа, шуақты сезеді гүл  
Сәуірдегі жаңбырлар толас-тына.

Қара ағашқа құс қашан ұя салар,  
Қияли боп барамын мен де, тегі,  
Қара торғай, қарлығаш... иә, солар  
Көктем жайлы көңілді әндетеді.

\* \* \*

Жарау күнде құрық жалғап сырыққа,  
Нарық заңы көне бермес ырыққа.  
Рауаят тыңдайтын кез емес деп,  
Рухани байлығыңды ұмытпа!

Бүгінде жұрт базар барып бақ сынар,  
Сақал сипау сауда сазын үдеткен.  
Көпестерге көзін сүзген жақсылар,  
Рухани дүниенді жүдетпе!

Кәсіпкердің бұлтқа тиер қанаты,  
“Кәне, нең бар?” деп сұрайды қонақ та.  
Рауан ұрпақ мұрасы боп қалатын  
Рухани қазынаңды тонатпа!

Өркениет өтетін жол осы деп,  
Өрге қарай жүзуді тек үйрет те.  
Рәуішті сұлулықтың сарайы –  
Рухани әлемінді күйретпе!

Бір айдаһар жатқан шығар інінде,  
Босап кетсе кең дүние болмақ тар.  
Тасқа айналып кетпес үшін түбінде,  
Рухани бостандықты қорғап қал!

\* \* \*

Шарасы ортайған ба айна көлдің,  
Шалғынның бойы ұзарып, қаулап құрақ.  
Жаз ортасы ауғанда ойға келдім,  
Жасыл сағым көшкенде аунап-құлап.

Балапанын өргізіп сарыала қаз,  
Бауырын көтеріпті бөлтіріктер.  
Қарасирақ балалар жағада мәз,  
Қас қараймай ауылға келтіріп көр.

Қанаты күйіп қалып көбелектің,  
Қызыл гүлдің сабағы сарғайыпты,  
Жазым күзге ұласса не демекпін,  
Жаз күлкісі қалқаның жан байытты.

Шілденің ыстығын-ай, аптабын-ай,  
Шынымен жаз қызығы келтелеу ме.  
Еркелеуге бір себеп тапқаным-ай,  
Еркің білсін кеш деуге, ерте деуге...

\* \* \*

Көбелектен көз алмай көлбеңдеген,  
Көңіліңді көп қызық бөлгенменен,  
Бір кем дүние, бір нәрсе жетпей тұрар,  
Теңіз кешіп, тау асып келгенменен.

Жапырақты аяйсың үзілер деп,  
Ақ қағазды бояйсың тізіп өрнек.  
Өмірдің жазы өтіп бара жатыр,  
Жаздан соң жаңбырлатып күзі келмек.

Жүректің осы күнде жарасы көп,  
Жазбенен көктемдей-ақ жарасып ек.  
Әңгімені қайтесің ұзақ-сонар,  
Ән басташы “Көзімнің қарасы..” деп.

\*\*\*

Жаның бір жабырқаса жырман емдел,  
Бұл сөзге құлақ ассын білмегендер.  
Құмарың жұпарына қанса, шіркін,  
Өлеңнің алма бағы гүлдегенде.

Өлеңнің шырынындай шырын бар ма,  
Өтірікке ақын сөз шығындар ма.  
Шырынға қосып шайыр шер жұтпаса,  
Шындықтың аулын іздеп шырылдар ма.

Өлеңнің бар ғой емдік қасиеті,  
Қазақтың қара өлеңі – өсиеті.  
Алланың сөзі санап, оу, ағайын,  
Абайдың өзі Өлеңге бас иетін!..

\* \* \*

Адам аз ба ерте туып, кеш қалған,  
Кеш қалғанның кеудесінде өшті арман.  
Көк жайлау да құлазиды жаз өтсе,  
Кеше ғана шұбатылып көш барған.

Жайлау сәні, салтанаты аз күндік,  
Келте қызық үшін кімді жазғырдық.  
Әр пенденің басына да бұйырған  
Тек Тәңірге жарасатын жалғыздық.

Жұртта қалған жетім ой да жетілер,  
Қамсыз, мұңсыз жүрген адам не тілер.  
Қырық жамау көңіл күйдің жейдесі  
Сабақты ине септемесе сегінер!

\* \* \*

Тұнық таң, тұнық ауа тұрлауы не,  
Тұнық суға телміріп көп қарадым.  
Таңырқауға көңілдің бұрмауы не,  
Түңілме түсініксіз деп, қарағым.

Бастауы тіршіліктің тұнық бәрі,  
Тұманйтса кейіннен амал қайсы.  
Татып дәмін көрген соң мұны ұққалы,  
Тазалықты татаусыз таба алмайсың.

Бастан тұнған балбұлақ ылайланды,  
Күркіреген көк өзен – Өмір деген.  
Тұмса сезім баурауы былай қалды,  
Ызғар ұрып тұрады дәл іргеден...

\* \* \*

Көңілімді қайтсем екен ортайған,  
Сезімімді қайтсем екен қартайған.  
Өз жерімде мен де бір түп қараған,  
Тобылғымын қамшы сапқа жараған,  
Жыртық-жыртық көңіл күйін жамаған,  
Мен сияқты болса егер әр адам,  
Қашып шығар еді мынау қаладан,  
Қос жанарын қараңғыға қамаған,  
Ет жүрегін көрінбейтін жарадан,  
Емдер еді тәуіп тауып даладан...  
Көңілімді қайтсем екен ортайған,  
Сезімімді қайтсем екен қартайған...

\* \* \*

Ағысың қатты екен, бала бұлақ,

Қойтастың бүйірін бір бүлк еткіздің.  
Жан-жағыңа абайлап қара, бірақ,  
Көзінде үрей тұрды үркек қыздың.

Қызға жақпай қалдың ғой мінезіңмен,  
Қалды ма әлде іштей ұнатып-ақ.  
Тіл табыспақ болса егер кім өзіңмен,  
Құмарсың уатуға жылатып ап.

Бала бұлақ, алқынба, деміңді бас,  
Тастан тасқа мен-дағы секіргенмін.  
Сен секілді бұлақпен едім құрдас,  
“Тауды тесіп өттім!” деп лепіргенмін...

\* \* \*

Қиянаттың қарадай мысы басып,  
Неменеге осынша қысыласың.  
Балға қосып у берді тағдыр саған,  
Тілден қалдың, ал енді, түсің қашып...

Таң қаласың, көзінде сұрақ тұрып,  
Сағасынан ағады бұлақ тұнып.  
Еңсе езген зілмауыр ой кеселін  
Таста былай, басыңнан лақтырып.

Көзінде жас тұрса да күліп қара,  
Қабак шытпас ерлер бар сыныққа да.  
Саған енді жат, бөтен болар, бәлкім,  
Сырласың жоқ, досың жоқ суық қала...

\* \* \*

“Сұм өмір абақты ғой саналыға...”  
Сонда бір кеудесінде қамалып ән,  
Сол сөзді айтқан екен Мағжан ақын,  
Сергімей Сарыарқаның самалына,  
Қан тамып қызыл гүлдің сабағынан...

Ем таппай еңіреген есі барға,  
Елім деп өткен, шіркін, есіл арда,  
Туған жер тұғыр болса бас иерге,  
Туысқан тұтқа болмай төс ұрарға.

Сырласы жерде сағым, көкте жұлдыз,  
Танымай тегімізді текке жүрміз.  
Ұлы дала төсінде – көшпеліміз,  
Ұлы өмір көшінде – өтпеліміз.

Мәселе мәнінде ғой мәңгіліктің,  
Әйтеуір әнінде емес әңгүдіктің.  
Тізгінін ұстау үшін бір сенімнің  
Шылбырын үзу керек сан күдіктің.

Мағжанның мұңы мұнар, арманы шың,  
Үзілген үміт жіптің жалғап ұшын.



Ол жұмбақ жаратылыс болатұғын  
Опасыз мына дүние-жалған үшін.

“Сұм өмір абақты ғой саналыға”,  
Сергелдең соқыр соқпақ сан алуан.  
Сол сөзді айтқан екен Мағжан ақын,  
Сергімей Сарыарқаның самалына,  
Қан тамып қызыл гүлдің сабағынан...

\* \* \*

Құлағыма талып жеткен таныс ән,  
Жігерлендім сен жүйкемді жанысаң.  
Ұмытылған ұлы тірлік бояуын  
Ұғу үшін арпалысам, алысам...

Таныс әннің қайырмасы өзгерек,  
Таң қаламын өң мен түстей кез бе деп.  
Саңыраудан сауға сұрап қайтемін,  
Сары алтын сәулесі бар сөз бөлек...

Төсегімнен тұрдым түнде дірдектеп,  
Бейтаныс бір әуен сырын білмек боп.  
Қарашада, қар жауғанда, Жыр Терек  
Ақ гүл ашып, тұр көктеп...

\* \* \*

Ет қызумен елемеген шығармын,  
Есер шақтың ауылынан аттандым.  
Шашын сипап шыңда өскен шынардың,  
Шайтанмен де тіл табысып, шаттандым.

Тиым көріп, түспеген соң қалыпқа,  
Құйын болып тік шаншылған кезім көп.  
Қиялыммен қыран құстай қалықтап,  
Киік құсап дала кездім безілдеп.

Көк тас балқып жатушы еді табанда,  
Жақтас тауып жауыққысы келгеннен.  
Есті шақтың жеткені ме маған да  
Ебедейсіз көлеңкесі көлбеңдеп...

## **КИІКТЕР**

Үстірттің үсті құба дүз,  
Үргедек киік жосыған.  
Үркітіп алып тұрамыз,  
Үздіге қарап осыған.

Бауырын жазып көсіле,  
Барады киік шығандап.  
Бұйырғын дала төсінде  
Бұйырған шығар бұған бақ.

Жерсінбеген соң тал, ағаш,  
Желдеуіт сағым ойнаған.  
Жасырары жоқ жалаңаш  
Жапанға сор ма айдаған?

Боратып шаңды бүйірден,  
Боларын зауал байқастап,  
Бір ақсақ киік үйірден  
Бөліне қашты ойқастап.

Ерте ме деп ем соңынан,  
Елемей тіпті жараны,  
Екпіндей ұзап тобынан,  
Елсізге сілтеп барады.

Тұяқтан ұшқан тозаңдай  
Тұмса жыр буын сезіндім.  
Тұрдым да қойдым көз алмай,  
Таусылып шыдам, төзімім.

Кенеттен бұған қайран қап,  
Кеткендей дала дүбірлеп.  
“Киіктер!” дедім, жайраңдап,  
“Киелі!” дедім, күбірлеп.

Саятшыл ниет жаман ба,  
Сейілді жаным сүйеді.  
Сонда да болса, санамда –  
Сұлулық біткен киелі!

\* \* \*

Бір толқыдым өзенде сең көшкенде,  
Бір толқыдым, ағайын, сен көшкенде.  
Қызығып қараушы едім бұлт көшкенде,  
Сондай халді басынан ұлт кешкенде.

Бірігу үшін көшсе, құп аласың,  
Тіршіліктің терегі құламасын.  
Әкеден ұл, атадан бала ажырап,  
Зар шекпесін, шер төгіп, жыламасын.

Балдай дәурен, базарлы шақ көшпесін.  
Бауыр қазақ басынан бақ көшпесін.  
Ұлы көш – Атажұртқа оралған көш,  
Туысқандар табысып қол алған көш.

Осы көшті құптадым көлікті деп,  
Құшақ аштым қандасым келіпті деп.  
Қуанамын іргеміз бекіді деп,  
Жетіледі ұлтымның жетімі деп.

Жер жаһанға мен бүгін жар саламын,  
Сендер алып келдіңдер таң самалын.  
Алдыңда – Атамекен – аңсағаның,  
Жусанды далаң болып қарсы аламын,  
Көңілім алаң болып қарсы аламын...

\* \* \*

Ақ көйлек тазарар-ау кірлеп қалса,  
Ақ жалын сөнугі оңай үрлеп қалса.  
Түсінер дос-құрбылар көңіліңді,  
Бейтаныс біреу сені білмек қанша.

Қадірің арта түсер қатарыңмен,  
Қанжардай қайралмаған сапарым кем.  
Өлеңнен қуат алып өмір сүрем,  
Күн құсап қызыл жалқын батамын мен.

\* \* \*

Тез өтеді Уақыт. Өтеді тез,  
Таңғажайып түстей бір өтеді кез.  
Тез өтеді сағаттар, минуттер де,  
Үлгермейсің жүзуді үйрет деуге,  
Жылы жаққа қайтуға қамдануда  
Қанатымен су сызған үйректер де.

Тез өтеді апталар, айларың да,  
Дүние дөңгелегі айналуға.  
Ақ лақтай секіріп тастан тасқа  
Ақ бұлақ асығады қайда мына.

Тез өтеді жылдар да, ғасырлар да,  
Алынбаған қаншама асулар бар.  
Өткінші жаңбыр болып жауып өттім,  
Өмірдің соңы өкініш, расында да.

\* \* \*

Көз алмай терезеден жарық жанған,  
Сөз күтіп махаббатқа зарық жаннан,  
Бұл өмір шынында да шым-шытырық,  
Бұл жалған шынында да анық жалған.

Көз арбап терезенің жанған шамы,  
От жүрек әнді аңсады, жарды аңсады.  
Осындай лапылдаған күй кештірген  
Қауызын қызғалдақтар жарған шағы...

Көз алдап терезеде жанған шырақ,  
Неліктен толтырмайды жанға шуақ...  
Ақыры тойдырды ма алдамшы өмір,  
Ақыры таусылды ма алдамшы бақ?!

\* \* \*

Тіршілік – түлкі бұлаң,  
Тәлкекке түсіреді күлкі, күмән.  
Тұншығады көмейде ілкі бір ән.

Ілінесің өкініш қармағына,  
Алданасың бал жағып бармағыңа,  
Қайталанған көрініс таныс бәрі,  
Қиюы қашқан ниет қабыспады,  
Жұмбақ арал жеткізбей, алыстады.  
Халі мүшкіл, жаралы, мертігулі  
Арқыраған Арманның арыстаны...

## ТАРБАҒАТАЙ

Көне сарын, шежіре күй баурайды,  
Тарбағатай басында бұлт аунайды.  
Қара бұлтты қақ айырған найзағай,  
Қабанбайдың найзасынан аумайды.

Сынық семсер тауып алып сайынан,  
Көңілге шер толады екен уайымнан.  
Тарбағатай қос қапталы қалың ел –  
Қилы заман қимасынан айырған.

Тарбағатай желі тынбай соғады,  
Шыңдарына қыран ғана қонады.  
Жартастағы жазуларға үңілсем,  
Ата-бабам тіл қатқандай болады.

## ТӘУЕЛСІЗДІК МҰРАТЫ

Қазағымды тағдырынан дәметпеген сый-табақ,  
Ұйтқып соққан замананың сары желі ұйпалап,  
Тамырынан ажыратып, тірегінен айырып,  
Тірсегінен қиып тастап, қанатынан қайырып,  
Қысастықтың қара терең зынданына тастаған.  
Жансерігі,

Жанарманы,

Жанқұсасы сондағы –

Тәуелсіздік, Азаттық деп аспандаған асқақ ән!

Көшпелілер көшіндегі дәстүр-салтым көшелі,  
Сағым көшкен,

Бұлт көшкен,

Қазақ көшкен кешегі,

Ғасырлардың құпиясын ғұламалар шешеді.

Тарихтағы қан-қасаптан қазақты –

Бөрілігі алып шыққан деседі!

Санамызда мәңгі-бақи бақ-салтанат құратын,

Ол – Еркіндік,

Ол – Азаттық, Тәуелсіздік мұраты!

“Елім-айды” естігенде сай-сүйегің сырқырар,  
Есіл ерлер өтіп кетті,

Елі менен Жұрты бар!

“Заман-ай!”-лап зар илеген қанша ғасыр

Қазақтың,

Басын қосқан боздақтары біртуар,

Бостандыққа қол жеткізер күн туар,

Деп намысын қайраған!

Соңғы рет Желтоқсанда  
ақ боран боп айналам,  
Шыбын жанды шүберекке түйіп,  
Оққа байлағам!  
Шындық іздеп шырқырап,  
“Азаттық!” деп аһ ұрып,  
Ақырып теңдік сұрағанмын тағы да!  
Озбыр қоғам омақаса құлады да, бағыма,  
Қазақ елі тәуелсіздік алған соң,  
Бүкіл әлем таныған!

Азаттықты қазақ қашан сұрап еді қарызға,  
Тәуелсіздік төбемізден түспеген!  
Тарихымыз тұнып тұр ғой ақиқат пен аңызға,  
Ата-бабам ұланғайыр Даланы,  
Алтай, Арқа, Атырау мен Алатаудың арасын,  
Қорғап тұрған Ақылменен, Күшпенен,  
Аманаттап ұрпағына қалдырыпты мәңгіге!  
Міне, қайда әңгіме!

Тәуелсіздік төбемізден түскен жоқ!  
Бодандықтан Болмысымыз,  
Рухымыз үстем боп,  
Еңселендік,  
Еріктендік,  
Ерледік,  
Өршелендік,  
Өркештендік,  
Өрледік,  
Жолымызды Тәңіріміз оңғарды!

\* \* \*

Ақ парақ, менің жайымды ұқ,  
Алданған сезім айыбым.  
Айтайын несін уайым ғып,  
Қайрандап қалса қайығым.  
Желкенін жырдың кермедім,  
Жетпей де тұрды бірдеңе.  
Жетекке жөнсіз ермедім,  
Желігіп бекер жүр деме.  
Құлазып едім қанша күн,  
Жоғалтып өлең асылды.  
Қарадан-қарап шаршадым,  
Көрсетпей көзде жасымды.  
Қиялдың тұсап тұлпарын,  
Матала бердім тұрмысқа.  
Ұғар ма мұны ұрпағым,  
Жеңілдеп жүгім бір мысқал.  
Ойнап ем неге сөзбенен,  
Ойыннан осы өрт шығар.  
Өзіңді іздеу өзгеден –  
Өзекті жанға дерт шығар.  
Сондықтан үнсіз түнергем,

Айтылмай қанша сөз өлді.  
Керуен күндер үдерген  
Шертеді күйді ежелгі.

Ақ парак, саған не дейін,  
Ақтармақ едім сырымды.  
Бақытым, сорым, мерейім –  
Ұшырсам деп ем жырымды.  
Сағыныш сазы бұрынғы,  
Бұзбаса сарын өзгерек.  
Білмедім, Уақыт, құныңды,  
Басқасы жайлы сөз бөлек.  
Алданып арзан қызыққа,  
Ұмытсам жырдың азабын.  
Аспай ма қызыл сызықтан  
Өмірде мынау наза-мұң.  
Асылды қалай тот бассын,  
Сүртейін шанды жүзінен.  
Арнаны бұзар көк тасқын  
Ереді өлең ізінен.  
Отырған жоқпын шағынып,  
Шамалы босап, торықтым.  
Шабытты шақты сағынып,  
Шабытсыз шақтан қорықтым.  
Шыңдауыл қайта қағылып,  
Шақырды жолы жорықтың.  
Алдым-ау біраз арылып,  
Аттану керек, соны ұқтым.

Ақ парак, сенсің медетім,  
Борышым үлкен басымнан.  
Егілдің деме неге тым,  
Ештеңе сенен жасырман .  
Өлеңнен өрім өретін  
Өрекіп жүрек бұлқынды.  
Дос іздеп жүрмін сенетін,  
Баз кешіп едім біртүрлі...

\* \* \*

Тамшы мұңнан табам ба жанға медет,  
Мұңсыз келген бақытты танымаспын.  
Арман ғана жетелер алға демеп,  
Сол арманға емес пе қарындас Мұң.

Қандай көркем қаракөз қаршадай Мұң,  
Қарағаны – жүректің ақ өлімі!..  
Қайталаудан атын да шаршамаймын,  
Әуенінде жатқандай әлем үні.

Мұңды көріп көзінен нұр нұсқалы,  
Жыр сұлумен сырластым ұзақ таңға.  
Еске түсіп Естайдың “Бір мысқалы”,  
Езу тарттым Шолпанды ұзатқанда.

Тұщы мұңнан ауыстым ащы Мұңға,  
Бармақтай Бақ сұрап ем Жасағаннан .

Көжектері ойымның қашты құмға,  
Бір Көкжал Мұң сығалап босағамнан...

Көрінді ме Көкжал Мұң ажалыма,  
Көрінді ме Көкжал Мұң бақытым боп.  
Тәңірінің таңырқап ғажабына,  
Жыр жазудан басқаға уақытым жоқ...

\* \* \*

Азаттықты алған күн –  
Азап артта қалған күн.  
«Қазақ азат болды!» деп,  
Әлемге жар салғанмын!

Бостандыққа жеткен күн –  
Бақыт нұрын төккен күн.  
Бұдан былай ешкімге,  
Бас имеуге серт бердім!

Тәуелсіздік тапқан күн –  
Талмаусырап жатқанмын.  
Азат Қазақ Елімін! –  
Таңым қайта атқан күн!

\* \* \*

Досымсың ба сен менің, жауымсың ба,  
Дұшпансың ба сен маған, бауырсың ба?  
Ауырсынған кездерім аз еді ғой,  
Қанатымнан жұлынған қауырсынға.

Қайрайсың ба сен мені, сынайсың ба,  
Тұнықсың ба сен мөлдір, ылайсың ба?  
Сыбырлаған сайтаннан сескенбеймін,  
Адамдардан қорқамын құдайсынған.

Ұғасың ба сен мені, ұқпайсың ба,  
Шығасың ба алдымнан, шықпайсың ба?  
Құла дейсің құрдымға күз басынан,  
Қолымды алып, құшақтап, құптайсың да!..

\* \* \*

Сен мені түсінбессің, түсінерсің,  
Сондай бір моп-момақан кісі дерсің.  
Қайтер ең өзгергенде көз алдыңда,  
Көрінсем түсім де ерсі, ісім де ерсі...

Әзіл ғой, тұрған қалпым осы менің,  
Әрдайым әнмен көңіл өсіремін .  
Әрдайым күймен басып күйігімді,  
Алдыма келсе жауым кешіремін...

Сен мені ескі деме, көне деме,

Қарайсың оскырынып неменеге.  
Кім қалай қабылдасын: қатар ілдім  
Қамшы мен қайқы қылыш керегеге...

Әйтеуір, ішім жалын, сыртым сөнген,  
Ілгері басқан едім іркілсем де.  
Асқарлар аласарып бара жатыр,  
Азайып алғаусыз дос, шіркін, сенген...

\* \* \*

Боздадым да жұтылдым боз далаға,  
Бодауы жоқ боз қайғы қоздағанда.  
Бой-бой болып сөгілді іштегі шер,  
Қай-қайдағы қамырық қозғағанда.

Аран ашып барады боран мына,  
Ақ тозаңға айнала оранды да,  
Қарағай ма, шырша ма, қараңдайды,  
Қарақшылар секілді жол аңдыған.

Борап-борап басылар деген едім,  
Кебін емес кигенім – кебенегім.  
Ілгері басқан аяқ кері кетіп,  
Жүрісім өнбей қойды неге менің?!

Алай-дүлей боз боран тынады ма,  
Шыдаймыз ба тағдырдың сынағына.  
Іздеп жүрген өзімді өз дауысым  
Еміс-еміс естілер құлағыма...

\* \* \*

Ақ бұлақтар ойнайтын асыр салып,  
Ақ бұлттармен көшетін жасын шабыт.  
Енді, міне, Күз мырза келіп қалды,  
Төгіп-шашып бояуын жасыл-сары.

Жиып берген қамбаға мұрасын бай,  
Хал-ахуал сұрастық сұрасудай.  
Сары шуақ самайын сипағанмен,  
Күз мырзаның қабағы тұр ашылмай.

Салқын бақтан табылмас іздегенің,  
Ғұмыр қысқа көрінер – жүзге келгін .  
Тереземнің алдында мұңаяды,  
Күз мырзадан күдерін үзбеген Гүл...

\* \* \*

Терген едім қызғалдақ, қымыздығын,  
Қалба тауға қарағам мың үздігіп.  
Сергелдеңге салғанын сездім енді,  
Сағынышым, сазындай сыбызғының.



Көз ұшында көлбеген Түйемойнақ,  
Таңда тұрғам түйе мен киені ойлап.  
Сары белдің астында сенің аулың,  
Сары қымыз сапырған, бие байлап.

Шыққан биік аласа бұл адамға,  
Сәлем айтты дегейсің сұрағанға.  
Сары күзде салт атпен соқсам деймін,  
Көш-керуен сапардан құлағанда.

Алты ай қыс тағы да Арқа жақта,  
От сөнген жоқ жүректе қалқа жаққан .  
Жапырағы тоналған мен тұрамын  
Жалғыз терек секілді жарқабақта...

\* \* \*

Қоңыр кеште қоңыр әуен қоздады,  
Жетім жүрек бота болып боздады.

Тірлік сырын түсінгендер кемде-кем,  
Қоңыр әуен қашып шықты бөлмеден .

Қашып шығып, шығандады биікке,  
Шипа болса деген едім кеудемдегі күйікке!

Әлгі әуен бұлтқа айналды қанатты,  
Алатауды айналып, жалт қаратты.

Қаратауға қарайлады, қамықты,  
Көкшетауда моншақтары қалыпты.

Алтай асып, Күлтегінді жоқтады,  
Тарбағатай шырдарына тоқтады.

Буырқанған, бусанған бұл бұлт еді,  
Қанатымен Күннің көзін бүркеді.

Аунақшыды, дөңбекшіді, зорайды,  
Тау-даланы шапанының шалғайына орайды.

Әп-әдемі әуен еді әуелде,  
Қара бұлтқа айналды да қағынды,  
Қара дауыл құзырына бағынды.

Әуен еді құлаққа тым жағымды,  
Сол әуенді сағындым!

## **БӨРТОСТАҒАН**

- Бөртостаған – Күн мен жел қақтаған жұмбақ тас...
- Бөртостаған – бір планетаның үзіліп түскен сынығы.

(Екеудің әңгімесінен)

Ақ селеу жапқан түз мынау,  
Ат байлар бұта табылмас.  
Ақ табан жолдар жүз бұрау,  
Ақ шаңдақ күйден арылмас.

Бөріктей болып бір алып,  
Бөгелтіп назар бұрасың.  
Бұлғақты жырға сұранып,  
Бұлдырап ылғи тұрасың.

Жұмбақсың және тым қиын,  
Жаралдың екен сен неден.  
Жапанда жортып жүр құйын,  
Жаһаннан дерек бермеген.

Айналып ұшқан бөктергі,  
Айтпайды ол да сыр бөтен.  
Аймақты көзден өткерді,  
Айрықша шығар бұл мекен.

Дүркірей қашқан топ елік,  
Даланың сәні дәл мынау.  
Дүбірге елтіп, бөгеліп,  
Дүдәмал күйде қалдым-ау.

Жалғыздық саған жарасқан,  
Жазыққа қойған нүктедей.  
Жаныңда тау жоқ таласқан,  
Жөңкілді бұлттар түк демей.

Мұраты жолдың өтелсін,  
Мазасыз тірлік жаңғырып.  
Мұң артқан маңғаз екенсің,  
Мұнартып тұрған мәңгілік!..

\* \* \*

Ақын сөздің асылын таңдамас па,  
Айтары не, арманмен алға басса!  
Өңмендесе өзгелер шаруам жоқ,  
Өлең жазып отырам қарбаласта...

Сыбырына елтимін самалдың да,  
Сондай сәтті қайтадан табармын ба?!  
Өшіп-жанған жарықта шаруам жоқ,  
Өлең жазып отырам таң алдында...

Қайғырмаса екен деп қалқа налып,  
Қалмаса деп жүректе ән қамалып,  
Өректіген сезімді нөкталамай,  
Өлең жазып отырам арқаланып...

Өміріңмен өмірім егіз десіп,  
Ғашық жандар ғаламда нені іздесін...  
Өліп-талып жеткендей мұратыма,

Өлең жазып отырам теңіз кешіп...

Жаз өткелі жадырап, қан қызбады,  
Қаңбақ күндер жел қуған андыздады...  
Өзгелердің ұпайын санамай-ақ,  
Өлең жазып отырам жалғыз қалып...

Артта қалды қаншама белең, жазық,  
Ақыл кенін жасырдық терең қазып...  
Өрге жүзген кемеден сәлем жолдап,  
Өлең жазып отырам, өлең жазып...

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

\* \* \*

Тереземді түртіп Түннің тұмсығы  
Тұрса-дағы, тарс бүркеніп көрпемді,  
Теріс қарап жатып алдым, қырсығып...

Түртінектеп, тырс-тырс тамшы құлатып,  
Тегі бұзық, тіпті, тыным таппады,  
Жазығы жоқ тал-теректі жылатып...

Қара дию – қара күштің атасы,  
Тапап, жаншып, илеп, езіп тастайды,  
Қара түнмен қажеті жоқ шатасып...

Қара пері маған үйір, қашпайды,  
Қорқытса да мен жакқан Жыр алауы,  
Қарсылығын білдіріп жақ ашпайды...

Қарайды да тұрады тереземнен! .

\* \* \*

Бір үмітім – сынық қанат көбелек,  
Көбелегім көркем еді керемет,  
Айтып-айтпай не керек!  
Гүлден гүлге қонып-ұшқан бейбағым,  
Гүл – Көбелек – Үмітім деп ойладым,  
Қалай сынған канаты?!  
Қызыл-сары жалын болып жанатын,  
Үлбіреген үмітім,  
Тілеуін мен тілеуші едім күні-түн,  
Қолдан келер жоқ амал,  
Сынық қанат көбелек жөнінде бұл күндері  
Жұрт айтады жүз бір түрлі жорамал:  
«Темір қанат болғанда ғой!» деседі,  
«Қорғансыздар арманда ғой!» деседі,  
«Торда ұстап қалғанда ғой!» деседі,  
Гүілдейді өзгелердің өсегі .  
Одан, бірақ, көбелектің канатына не себі?!  
Бір үмітім – сынық қанат көбелек,  
Көбелегім көркем еді керемет,



\* \* \*

Түк бітірмей жүргенде түртінектеп,  
Түсініксіз шығармын, мүмкін, ештеп.  
Бұл күн өтпек мен үшін мағынасыз,  
Жаумай кеткен жаңбырдай, күркіреп кеп...

\* \* \*

Қарлы жаңбыр жауардай,  
Бұрқап жаяу борасын.  
Күн райы бұзылды.  
Аспан мен жер арасын,  
Таппаған соң жарасым,  
Тұман бүркеп, сұр тұман,  
Ел көшкендей жұртынан  
Көңілсіздік жайлады.  
Еске түсіп қайдағы,  
Әлде жаңбыр, әлде қар,  
Әлде жылау, әлде зар,  
Талып жетіп құлаққа,  
Жұбатпады бірақ та,  
Соқыр әуен адасып,  
Жаңғырықты жырақта...  
Құбылмалы күн бүгін,  
Ұғынбады кімді кім,  
Табиғат па, адам ба,  
Тіршілік пе, заман ба,  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігіне мұз қатып,  
Сұрландырып, сыздатып,  
Қабарып тұр аспаным,  
Сықыр-сықыр басқаным,  
Жаурап, тоңа бастадым,  
Суық алып бойымды,  
Ызғар қарып тәнімді,  
Үсік ұрып өткендей  
Үлбіреген әнімді.  
Үзіп үміт түймесін,  
Быт-шыт болып үйлесім,  
Күл-талқан боп жарасым,  
Қайран менің күндерім,  
Қайран менің жылдарым,  
Қайда маңып барасың?

\* \* \*

Ащы шындық,  
Тәтті өтірік –  
Екеуінің тұнбасын,  
Қаталап кеп сіміргенмін, сырласым,  
Аш өзекке бұл да сын! ...  
Ал өмірдің көп екен ғой бұрмасы,  
Көздің жасы құрғасын.  
Арман қалар адыра

Адасып ақ түтеkte  
Жаның жылап тұрғасын.  
Жалғыз аяқ сүрлеуіңді қалса егер құм басып,  
Жабығарсың мұң басып,  
Бұл – зандылық, өтсе-дағы мың ғасыр!  
Қалай өзен демексің –  
қар суының жылғасын...  
Қайран, менің құрдасым,  
Қайран, Уақыт,  
Жастығымды,  
                    Жалынымды,  
                    Жігерімді ұрласын,  
Қаны тамып жүректің,  
Қара тасқа қашап жазған жыр қалсын:  
Ащы шындық,  
            Тәтті өтірік –  
                    Екеуінің тұнбасы!

\* \* \*

Менің Патша Көңілім тақтан құлады,  
Оның орны үңірейіп бос қалды...  
Бұл кездейсоқ уақиға сақтандырады  
Маған жақын, жанашыр достарды...

Менің Патша Көңілім құлап тағынан,  
Басын жарды да көзін ісірді...  
Мән бермей қойды бірақ та бұған  
Барлық танысым! Жарым түсіңді.

Менің Патша Көңілім өліп қалған ба,  
Пейіл Сарайы тұр ғой қаңырап...  
Сөнбейтін шырақ сөніп қалған ба,  
Жоқтау айтқан кім аңырап?!

Менің Патша Көңілім тақтан құлады!  
  1994ж.

\* \* \*

Билеп сезім еркінді,  
Бас тартпасаң олжадан,  
Біле тұрып, сертіңді  
Бұза салсаң – сол жаман.

Бәрі болар тілесен,  
Болса-дағы жол ауыр.  
Жалғыз қалып жүдесең,  
Жанашырсыз – сол ауыр.

Тыңда Өмір дастанын,  
Тыңдап мен де толқиын.  
Сеніп жүрген достарың  
Сатып кетсе – сол қиын.

\* \* \*

Қос қарлығаш сымға қонған  
сыр қозғады бүгін тағы,  
Қара сөздің шеберіндей қалай-қалай құбылтады.  
Құйқылжыта жөнелгенде құлақ аспау мүмкін емес,  
Қиыстырып қайырған соң тыныстайды тыным  
тауып.

Қос қарлығаш сымға қонған  
сыр қозғады арғы-бергі,  
Тұрмыс-халін білеміз деп жер бетінде барлық елдің,  
Бірі бастап, екіншісі қостап қойып көп отырды,  
Ұқпай қалдым бір ел жайлы «шынында да жарлы» деді.

Қос қарлығаш сымға қонған  
сыр қозғады әлімсақтан,  
«Құстар артық, – деді бірі – адамдардан арын  
сатқан».

Қайдан білсін қарлығаштар жер бетінде жүретінін,  
Көлеңкелер тек әйтеуір малын тауып, жанын сақтап.

Қос қарлығаш сымға қонған  
сыр қозғады алабөтен,  
Адамдардай құстар-дағы бұл дүниеге қонақ екен.  
Атар таң мен батар күннің арасында алып-ұшып,  
Аман болса деп тілейді екен мынау дала-мекен!

Қос қарлығаш сымға қонған  
сыр қозғады түйіндетіп,  
Қаумалайды қырық сауал үркек ойды үйірлетіп.  
Таң бозынан неге мұнша тамсанды деп  
таң қалып ем,  
Көк қауырсын қанаттарға отыр екен Тіл үйретіп!

\* \* \*

Мен – құспын ұя салған  
Бәйтеректің ұшар басына.  
Балапаңдарым, шошыма да жасыма,  
Бұйырсын нәсіп биіктен.  
Жаһанды мынау сүйіп кең,  
Айналып ұшар күн туар,  
Ашылар аспан бұлты бар.  
Қара дауыл соқса-дағы өректіп,  
Жапырағын жел жұлмалап теректің,  
Жолын кесіп өрмелейтін кеселдің,  
Қаһарынан қорғап қара нөсердің,  
Қанатымды тосармын да төсермін.  
Таңдандырар тамылжыған таң нұрлы,  
Найзағайлы жаз да өтер жаңбырлы,  
Ұшқан кезде қанаттарың сермесіп,  
Ұмытылмас тербетілген тал-бесік.

Мен – құспын ұя салған  
Бәйтеректің ұшар басына.  
Балапаңдарым, қолдан келгені осы да.  
Биікте туып, биік ұшсын деп тіледім,

Қанаты бардың бақыты сол деп білемін,  
Бәлкім бұл тіпті көрінер көзге ұшқары,  
Табалау үшін дұшпаным  
Қажет те болар ұямның жерді құшқаны.  
Мұзбалақ қыран қалықтап өтсе төбемнен:  
«Батылдық неткен бұл өзі,  
Қанаты бардың мінезі,  
Тағдырмен түскен егеске,  
Қайсарлық осы емес пе!» деп,  
шанқ етеріне сенем мен.

Мен – құспын ұя салған  
Бәйтеректің ұшар басына.  
Балапандарым, хауімі көп, бірақ, жасырман,  
Тағдырдан қатал айласын кім бар асырған,  
Сақтасын отты жасыннан,  
Төнбесін қатер тосыннан!

\* \* \*

Абай ата қонысы Жидебайдан,  
Аттандым мен арылмай түйдек ойдан.  
Ақын ғұмыр кешкен жер таныс маған,  
Таныс маған қоңыр бел, кімге қайдам.

Ат шалдырып алыстан сабылғандар,  
Айдау жолдың үстінде ағылғандар,  
Аялдайды азырақ Жидебайда,  
Аз емес-ау Абайын сағынғандар.

Сары күздің сезіліп салқын лебі,  
Сырғақ уақыт сынайды салтың мені.  
«Қарашада өмір тұр...»

Қайран Абай

Қара басын зор тұтпай, халқым деді.

Қоңыр төбе, сүрлеу жол, қолат мына,  
Сыр ашпайды көлденең көк аттыға.  
Сайын дала төсінде тербетеді,  
Жыр Тәңірін осында жоғалтты да.

Абай данқын асырған өлеңі ме,  
Өлеңінің табылмас төлемі де.  
Әр ұрпақты есейтіп, қартайтады,  
Әрбір сөзі тартады тереңіне.

Рухына бас идім ұлы Абайдың,  
Көз алдыма келеді бұлағай күн.  
Сағынышым секілді сары жазық,  
«Ақын қайда?» деп сенен сұрамаймын...

\* \* \*

Қара нар бұлттың бұйдасын үзген  
Қазанның қара дауылы!  
Қандай бір күйде қара баланың ауылы,



Қаһарлы екен қабарып қабақ түйгенің,  
Қарадан қарап тимегің!

Қырманға құйған бидайды бітсе қызылдап,  
Қырманшы қыздар күлкісін  
кеткен де шығар күз ұрлап.  
Бағандар басы ызындап,  
Бодауын тауып жүз ырғак,  
Біртүрлі дел-сал жатқанда бейғам сары бел,  
Болған да шығар аяқ астынан әбігер,  
«Дауыл!» деп шулап балалар,  
Сақалын сипап көрілер.

Қазанның қара дауылы қаңбақ ұшырған,  
Жадымнан шықпай жүр әлі.  
Жабыққан жүрек кінәлі.  
Тымырсық ауа, тыншу түн, қала тірлігі,  
Қалада дауыл соқса ғой, шіркін, бір күні,  
Қала ма әлде дүрлігіп?!  
Әй, қайдан ұқсын күйімді менің дәл мына,  
Жынды деп ойлап қалды ма,  
Жырымды оқып отырған қызы қаланың,  
«Қиялы қызық ағаның!»  
десе бір сәрі,  
«Қалаға дауыл қажеті не?» деп ұрсады.

Ал, қойдым-қойдым, дауылды көктен тілемен,  
Қысады кеудем,  
Қазанның қара дауылы қайта үдеген.  
Қайдағы қиял бұ деген!  
Қап-қара бұлттай түнерем,  
Қандай бір күйде қара баланың ауылы,  
Алыстап кеттім. Бұл өлең –  
Сағынышымның бір тамшысы ғой, бауырым!

\* \* \*

Жұмбақ екен дей көрмеші бұл адам,  
Жүрегім бар жараланған, жылаған.  
Жарқын ойдың жетегінде келемін,  
Жетеғабыл биігінен құлаған.

Қуанамын, қамығамын, күйінем,  
Жадыраймын, жабырқаймын, түйілем.  
Бір сұлуға ғашық болу арқылы  
Өмір, өлең – сендерді де сүйіп ем.

Ерте есейтіп кетті мені өткен күн,  
Ерке қызбен тердім гүлін көктемнің.  
Алдап күлген ажарынан сыр ұғыш,  
Жақсы көрген адамымды жек көрдім.

Ажыратып ащы, тұщы, сортаңын,  
Өмірзая, қамкөңілмін, ортамын.  
Бір адамнан қалған көңіл, басқаға,  
Пейілімді өзгерте ме – қорқамын!

\* \* \*

Мен асыға бастадым,  
сездім, ғұмыр қас қағым,  
аласарып аспаным кетер кейде,  
арпалыспен өмірім өтердей ме,  
барлығы да баянсыз, бекердей ме?!  
Жаралы жүрек соғады баяу ғана,  
бейшараны болады аяуға да,  
Қызыл арай дүние қызық емес,  
бір сұрғылт бояу ғана!

\* \* \*

Сөзім желге ұшардай қауіптенем,  
Қыздырмамен, қызықпен, сауықпенен,  
Өткізіпшім даңғаза көп күнімді,  
Тау жығардай қайтейін екпінімді,  
Есіл күшім жұмсалған қайда ғана,  
Айғайлаған адамдай айдалада,  
Құлағымды жарыпты өз дауысым!...

\* \* \*

Көктем желі...  
Аймалап көктем желі,  
Ала-бұрқақ сезімдей өпкен лебі.  
Бұзып аққан арнасын сеңіменен.  
Көк өзенге келемін көктемдегі.  
Жағалауды көрмеп ем көптен бері.

Сең көшеді...  
Өзенде ығы-жығы сең көшеді.  
Күндерімді ойлаймын мен кешегі.  
Көктем – дәурен қайтадан келмес енді,  
Жасарады табиғат жылда, міне,  
Өзенде ығы-жығы сең көшеді.

Көктем желі, Көшкен сең, Күндер легі...  
Көз ілдірмес көп ойлар түндердегі,  
Кешегідей ғажайып жұмбақсың сен,  
Білмеймін, ұғады екен кімдер нені?!  
Көктем желі,  
Көшкен сең,  
Күндер легі...

\* \* \*

Менің көзім жетпей қойды мынаған:  
Шұңқырдан қашып,  
Шыңырауға құлаған,  
Тәңірінен азап, мехнат сұраған,  
Бұ дүниенің бар қызығын тәрк етіп,  
О дүниенің рахаты ұнаған,  
Жансебіл ме, жәреуке ме, жынды ма  
Жаратылысыңда Бұл адам?!

\* \* \*

Ақындық –  
Күю, жану, өртену,  
Өзің үшін, өзге үшін тер төгу,  
Жан азабы.  
Сүюі де өзгеше,  
Өзгеше және заңы.

Ақындық –  
Өлең менен өзіңнің,  
Қызбалық пен төзімнің,  
Жылап, күлген кезіңнің  
Арасында сенделу.  
Жүрегіңе жара салып,  
Сол жарадан емделу!

## ТҮБІРЛЕР

Тіршіліктің сөнген отын кім үрлер,  
Көрінбейтін жапырақтар күбірлер.  
Шоқ қарағай өскен жерде бұрынғы,  
Қалған екен қаракесек түбірлер.

Шоғыр-шоғыр қайындар мен қарағай,  
Сүрлеу соқпақ... тас төбеде орақ Ай.  
Қара орман демін ауыр алады,  
Түбірлері жанға батқан жарадай.

Ақ қайындар жамырасып жылайды,  
Адамдардан аяушылық сұрайды.  
Күні жетсе мың жыл тұрған емен де,  
Тамырымен қопарыла құлайды.

Күні жетпей қанша боздақ жоғалды,  
Жоқтап жүрміз, іздеп жүрміз соларды.  
Бәз біреудің кесірінен қарағай,  
Түбір болып тіршілігін доғарды.

Түбірлер де көгере ме, көктей ме,  
Ормаңдарың түбірлер боп кетпей ме?!  
Мен тілеймін, отырғызсам бір шыбық,  
Түбір болып қалмаса екен деп кейде.

\* \* \*

Бұрмасы көп жол екен,  
Бұрқағы да мол екен,  
Бұлың-бұлың бұлталақ,  
Бұйырғаны сол екен...  
Иір-қиыр жол мына,  
Иретіліп болды ма,  
Оңға-солға лақтырды,  
Ойдым-ойдым орғыма...  
Үсті тақтай жол қайда,

Жиегі гүл жол қайда,  
Шақырмай ма шалғайға,  
Бассам ба бір айғайға,  
Бассам ба бір ойбайға,  
Жеткізбейтін арманға –  
Жеткізетін жол қайда?!

\* \* \*

Асқар тауым қалайша аласарды,  
Жүрегіме нендей дерт жара салды.  
Адастырды айдау жол бесін ауа,  
Ақ тақырға құладым есім ауа.  
Жәрдемі жоқ жел сөздің несі дауа.  
Ай сәулесін ұстамақ болған едім,  
Бұлт шудасын боямақ болған едім,  
Бос қиялым екен ғой ол да менің...  
Көретін көз қалмады – шел басыпты.  
Жыр аулынан үдере ел қашыпты,  
Көпестердің керуені жолға шықты...  
Қар үстінде қызғалдақ қаулар деген,  
Тек сұлулық әлемді жаулар деген,  
Тек махаббат мәңгілік лаулар деген,  
Ізгі үміттің өткелі күйреді ме,  
Бір жебе тұр қадалып жүрегіме,  
Бір ине тұр қадалып бүйрегіме,  
Ұшпаған соң қазы не, үйрегі не...  
Өрмекшідей жемі үшін торын құрған,  
Құлқын құлын қай күнә қорындырған.  
Құрбандықтан табатын пайдасы бар,  
Қиянат жүр талтандап қайда асығар,  
Әділеттің тағы да үні бәсең!  
Қайшылық деп құптайсың мұны да сен,  
Итжығыс деп күледі сауда-сері,  
Текетірес деп күрес әумесері,  
Жеңілгенін жүр әлі мойындамай,  
Мықты болсаң, атқа мін, уайымдамай!..

\* \* \*

Бүйеннің\* суын жалдап кешіп өттім,  
Шайқады басын қамыс, қоға – бәрі:  
«Қоңыр күзде келдің,– деп,– кешірек тым»,  
Бір күңк етіп сыбырын доғарады,  
Бұған тіпті солардың несі кетті,  
Несі кетті?!

Бүйеннің суын кешіп, жалдап өттім,  
Қойтастар бүйірі тоқ елп етпеді.  
Жалында ойнасам деп арман еттім,  
Бұл өзеннің мінезі тентек, тегі...

Бүйеннің өттім-дағы суын кешіп,  
Соңыма бір бұрылдым қалай бұл деп.  
Жағада бір шоғыр тұр гуілдесіп,  
Шілік пе шуылдаған?.. Қараймын кеп...  
Қараймын кеп...

\*Бүйен - Жетісудағы Ақсу өзенінің бір саласы.

\* \* \*

Бұлттан биік ұшқан еді ақ тырна,  
Ақ тырнаның басында  
ұшпайтұғын бақ тұр ма,  
Айтақырға келіп қонды ақыры...  
Жақтыр, мейлің, жақтырма!  
Талған болар қанаты,  
Айтақырға қонған құсты қарауылға алатын  
«Мергендер» көп бұл елде...  
Ақ тырнаның қасиеті қанатында екенін  
Қызыққұмар білер ме?!  
Қас қағым сәт ойланса ғой қарауылға ілерде,  
Қар жауады қабағынан түнерген...  
Қолы барып атады екен қай мұндар?!  
Ақ тырнаның ажалында –  
менің-дағы қайғым бар!  
Өкінішім, өксігім бар, арманым!..  
Осы өленді Ақ тырнаға арнадым:  
Арманданың өлер жері – айтақыр,  
Ақ бұлт асқан ақ құс жайлы  
Асқақ әнді айта тұр,  
Ертегіні айта тұр,  
Арман соңы – Айтақыр!..

\* \* \*

Шал айтады: «Біз де жігіт болғанбыз,  
Шулатушы ек қызды ауылдың бар итін.  
Қыздың тілін тұншықтырып сорғанбыз,  
Содан бойға күш пен қуат даритын...».

Шал айтады: «Сырнай тартып берейін,  
Сонау жылдар керуені қайтар ма?!  
Сырнай тартып бермегенде не дейін,  
Жас болған деп бізді біреу айтар ма...».

Шал айтады: «Күні бойы шалғымен  
Шөп шауып ем, шаршаңқырап қалыппын.  
Частушкама басайыншы алдымен,  
Бәлкім, көңілі көтерілер халықтың».

Шал айтады: «Жалғыз серік – сырнайым,  
Кемпір қалды екі аяғын баса алмай.  
Біз кететін кеме күтіп тұр дайын,  
Көңіл, шіркін, әлі жүз жыл жасардай».

Қаба сақал шал айтады қамығып:  
«Қапалдағы соңғы күзім болмасын...».  
Содан кейін жастық шағын сағынып,  
Құшағына алды кәрі жолдасын...  
Сырнайын...

\* \* \*

Мына мыстан Мезгілдің  
Мысы басып барады иығымнан.  
Мысқыл қашып барады миығымнан,  
Мысалы қызыл гүлдің солғанындай,  
Мамырда қарлы құйын болғанындай,  
Мұнаралы мың арман күйрегендей,  
Ұшырадым, білмеймін, күйге нендей.  
Мұз үстінде сүт сәуле сырғанады,  
Қазынам ту-талапай ұрланады!  
Барлығы да баянсыз, жыр қалады  
Десем, біреу күлкіге тұншығады:  
«Өлеңді ая!» – өлмеші үн шығады,  
Сананы сары сайтан шымшылады,  
Шық-шық тиіп миыма шымшық әні.  
Жындануға шақ қалып, жиям есті,  
Қан майданға түскендей қиян кескі,  
Қалжыраймын қарадай әлім құрып,  
Жанашырды жанымда жалындырып,  
Қара суды қаймақсыз қатық қылып,  
«Қайда, – деймін, – қазынам?» атып тұрып,  
Жан-жағымды қарманып, қайран қалып,  
Ойрантөбе секілді ойрандалып,  
Отырамын телміріп үңгіріме,  
Үңгірімнің қорқамын күңгірінен.  
Талып жетіп құлаққа сарын ескі,  
Жібермесе жарар ед жарымас қып,  
Мысықтабан Мезгілдің  
Тырнағына түстім деп тұспалдаймын,  
Мұның бәрі түк емес!  
Мұнша ауыр  
Болатынын білмеппін мысқалдай Мұң...

\* \* \*

Суыт хабар сүңгісінен тамып қан,  
Суық күндер сергелдеңін танытқан.  
Бүгін-ертең салатындай сарсаңға,  
Жадырамай жаз шығатын қарсанда...  
Қайырым жоқ қай қиырға барсаң да,  
Күрең қабақ көршім, досым, танысым,  
Саудаға сап сертке тағар намысын,  
Алыпсатар – аран ашып әр адам,  
Аларман боп тек қолыңа караған,  
Алмағайып заман туды басқа бұл,  
Бар мен жоқтың арасында қас қағым,  
Ала шарбы бұлт бүркеніп аспаным,  
Көкте жұлдыз кеше ғана самсаған,  
Табанымда жатыр бүгін, мен соған  
Қайран қалып, тұрмын тілім байланып,  
Тұнжырайцы қарт Алатау ойланып,  
Босағамның босап қаққан шегесі,  
Топсасы жоқ есігімнің, о несі,  
Үңірейген тесік үйдің төбесі,  
Қабырға жоқ... сықырлайды едені.  
Жеркепеге көшіп алған жөн еді.

Сумаң қағып саясаттың сайқалы,  
Сырласқан боп сұмдық өсек айтады!..  
...Соған, тіпті, зауқым жоғын байқады,  
Шашын жайып, төсегімде жамбастап,  
Сайтан алғыр, түн жарымда ән бастап,  
Сыбырлайды құлағыма, еңіреп,  
Айғай-үйғай, ызы-қиқу төңірек...  
«Серпер» сынды күйдің сазы дауа ма,  
Қара бұршақ, сары жаңбыр жауа ма,  
Сенім-күдік, үрей-үміт – тым егіз,  
Өмір – осы! Өңмендейміз, міне, біз...

\* \* \*

Бүтін болу бір арман,  
Жарты болдық жарымай.  
Тым құрыса тарыдай,  
Түйір дәндей дара бір  
Қауыз жарсақ, қанеки!  
Жарым көңіл жас болып,  
Жарты малта ас болып,  
Жар жағалап ер жеттік.  
Жалқы болу дүр арман,  
Шығу қайда құмардан,  
Ұзын шылбыр, кең тұсау  
Жібермеді ерікке,  
Кезіміз жоқ зеріккен.  
Ұрып алмақ болсақ та  
Ұшқан құсты бөрікпен.  
Арман асқақ – жарайды,  
Қиял ұшқыр – жарайды,  
Қалтаң тесік болған соң  
Бәрі теріс қарайды...  
Жоққа жүйрік жетпеді,  
Жүректен сыз кетпеді,  
Жанардан жас кетпеді,  
Бір күндері бір үміт  
Бүршік жарды, көктеді.  
Қоғам енді жаңарар,  
Заман енді жаңарар  
Жыртық, тесік жамалар,  
Қисайған қос оналар...  
Тәтті-тәтті түс көріп,  
Тауып түрлі амалды,  
Бұзсақ дейміз қамалды...  
Түсте ғана – бүтінбіз,  
Ал оянсақ – жартымыз,  
Сол баяғы қалпымыз...

\* \* \*

Жырақтағы ауылым,  
Құлын даусы құлағымда құмыққан,  
Тылсым әуен, тұнық таң,  
Қасиетінді кім ұққан!

Жасаураған жанарымда сайын дала суреті,  
Ұмыта алман, ұмытпан!  
Қайтқан құстар  
Қысқа ғана қайыратын сазыңдай,  
Ғұмырдың тым азын-ай!  
Бір әуен бар кеткен менің кеудемде,  
Жүріп-жүріп, жүріп-жүріп,  
Жазатайым жазылмай,  
Қайтер екем сол бір әуен сөнгенде!?  
Талай әннің қайырмасы жадымда,  
Жалыққанмын көбінен.  
Нәр алмаған тамырынан, тегінен,  
Шомылмаған даладағы сағымға,  
Еліктеген ағымға,  
Ережеге бағынған.  
Сол әндерге бауыр баса алмадым-ау, тегі, мен,  
Жетім қозы секілденіп, теліген...  
Жырақтағы ауылым,  
Құлын даусы құлағымда құмыққан,  
Тылсым әуен, тұнық таң...  
Қасиетінді кім ұққан!  
Жасаураған жанарымда қайран дала аунайды,  
Ұмыта алман, ұмытпан!!!

\* \* \*

Сыңар езу, салпаң құлақ,  
Төбет кісі көркеуде,  
Түніменен алды мені тергеуге:  
«Тиістісің – адам, ит деп бөлмеуге!...»  
Ұқпадым да түп ниетін тап басып,  
Көзбен шолдым кісі бойы қақпасын,  
Таңырқаулы жұмбақ, тосын халдемін,  
«Білесің!» деп сыбыр етті әлдекім.  
Тәкаппарлық сезіледі Төбет кісі үнінен,  
Дауысынан танып тұрмын мұны мен,  
Адам емес екен ғой бұл шынымен...  
Танысымның танысының танысы  
Төбетке бұл сүйек тастап танысып,  
Танысымның таптап еді намысын,  
Тостағанға арақ құйып, қағысып,  
Тост көтеріп атақ үшін, тақ үшін,  
Ертеңінде тісі сынып, жақ ісіп,  
Дәрігердің есігін отырған-ды күзетіп,  
Төбет адам болмайды – қателігін түзетіп!  
Тісі батқан кезі көп тұщы етіме тыз етіп,  
Кез болмады сонда да ат құйрығын үзетін.  
Кісілік деп түсіндік төбеттердің «ізетін»...  
Қарғыбауын түзеп қойып,  
Төбет кісі сөз алды...  
Шыркөбелек дүние...  
қан жынойнақ көз алдым!.

\* \* \*

Ұзақ сонар бір ертегі бітпеді,  
«Мың бір түнге» кім қояды нүктені...



Әлқиссасы таусылмайды екен деп,  
Әлдекімнің басқа болды күткені...

Маған осы әлқиссасы ұнайды,  
Әңгімеге арқау болар былайғы.  
Әлқиссаның соңы кейде әттең-ай!,  
Әуелеген әуен жерге құлайды...

Маған кейде әумесерлік секілді,  
Әлдеқалай жылап-күлу не түрлі...  
Соның бәрі жұбатудың амалы  
Жанашыры жоқ жүректі – жетімді!..

\* \* \*

Шым-шытырық түс көргендей,  
Қыркүйекте қыс келгендей,  
Сүттей сезім ұйып қалып,  
Сыңар соқпақ тұйықталып,  
Ақ дегенім қара болып,  
Қара меңім жара болып,  
Қызыл тікен жанға батып,  
Қызыл өсек қанға қатып,  
Таза бұлақ ылайланып,  
Қыз қамығып, ұл ойланып,  
Пайғамбарлар пайда қуып,  
Періштені айла буып,  
Алыпсатар арқаланып,  
Алаңғасар қалта қағып,  
Сезім гүлін бұршақ ұрып,  
Сергелдеңнен мұрша құрып,  
Сеніскен дос сырт айналып,  
Сертке сенбей жұрт ойланып,  
Жас-кәріден иман қашып,  
Ұрлық сауып, сыйдан қашып,  
Көшетентек батыр болып,  
Көкезуге ақыл қонып,  
Көп не айтса, мақұл болып,  
Жаз өткенде жаңылысып,  
Ел жайлауға жатыр қонып,  
Бағамдашы келер күнді.  
Мына заман – мыстан заман,  
Қос өкпеден қысқан заман.  
Түбі қайыр болар ма?!

\* \* \*

Ойнамақтамақ ойы бар төбемізде оспадар,  
Оңбаған мен опасыз осындайда төс қағар.  
Табанына жаныштап табаламақ тексіздер,  
Қайыршыдай қол жайып еңіреген епсіздер.  
Мақамдайды малтасын езіп жүрген миғұла,  
Құлатады оқ атып құландарды құйғыған.  
Кемеңгерлік таппақшы кеңес құрған кешелер.  
Кебінсіз қап кешегі ел үшін от кешкен ер.  
Пәтуасыз іс бастап алашапқын пысықтар,  
Кер наданның кәдімгі көз етінде ісік бар.

Шаужайыңа жармасып шәниеді шала мас,  
Шолтаңдатар сойылын шамасына қарамас.  
Жалаңдайды жұтынып жәреуке мен жағымпаз,  
Түк білмейтін тарихшы түп-тегінді танымпаз.  
Сәлде орап басына сұңқылдайды саудагер,  
Іздеуші жоқ, ағайын, бауырынды жауға бер.  
Қанға малып қанжарын құнығады қылмыскер,  
Күресінге көміліп салт-дәстүр мен үрдістер.  
«Заман бұған кінәлі» деп күрсініп біреулер.  
Ал біреулер «Күнәһар – адам азған тұрмыс» дер.  
Түйсігі бар сен-дағы пендесің ғой, пайымда,  
Ұшыраған тәлкекке тағдырынды уайымда!..

\* \* \*

Оты сөнген жанар көрдім қараңғы.  
Қап-қара түн түсті есіме боранды.  
Суық үрей құрсаулады санамды.

Отсыз жанар қарап тұрды тесіле.  
Көзіне сол көзім түсті несіне.  
Отпен ойнап, обал ойлап өсіп ем...

Оты өшкен ошақ сынды күл қалып.  
Селт етпейді дүниеге бұл ғаріп.  
От іздедім айналамнан ұрланып.

Күнде от бар, гүлде от бар, түн ыстық.  
Оттай лаулап жанып едік, ұғыстық.  
Сол бір отты сөндірмеуге тырыстық!

Отқа ұмтылған көбелекпін деуге мен.  
Бүгежектеп тартынамын беу неден...  
Оты жоқ па? – Қорқам ондай кеудеден!

\* \* \*

Сәлем жолдап отырмын Он сегізге,  
Сағынып жүрмін соны, сенсеңіздер.  
«Дәмесінің зорын!» деп сөкпеңіздер,  
Көрер едім қырыққа келсеңіздер...

От жалын боп лаулаған, Он сегізім,  
Сен кінәлі емессің, келсе күзім.  
Бұрымды қыз болып та түсіме еңдің,  
Өтіңде тұрдың жұрттың жел сөзінің.

Өкінермін демеп ем Он сегіз деп,  
Табылар ма қайтадан көрсек іздеп.  
Қадыр ақын айтыпты қадап тұрып:  
«Оралмайды он сегіз... сенсеңіз» деп.

Көшеде көрдім бүгін он сегізді,  
Сол ғана жеңер, сірә, жеңсе бізді.  
«Қайдан көрдім?» дегендей қарап қалдым,  
Жеткізу қиын жазып сол сезімді.

Он сегіздің қуандық көрсек ізін,  
Мен кінәлі емеспін келсе күзім.  
Сәлем жолдап отырмын тебіреніп.  
...Ұлым ертең тойламақ Он сегізін!

\* \* \*

Кімнің иті түнімен абалаған,  
Қараңғыны қарманып қамалаған.  
Қастандық жасайды деп қорқады ма,  
Қасқыр ішік жамылған тәмам адам.

Кімнің иті түнімен арсылдаған,  
Қорқады ма қозғалған бар сұлбадан.  
Қол ұсынсам жұтады қараңғылық,  
Қара түннің қойыны, тарсың маған.

Кімнің иті түнімен шәуілдеген,  
Жалғыз көзді дәу жүр ме дәл іргеде.  
Тереземнің сыртында ұйып тұрған  
Түнгі үнсіз айғайды тәуір көрем...

\* \* \*

Ал, ауырсын жүрегім,  
тынысым да тарылып,  
Бір Әділет дейсің-ау бұл Өмірде барын ұқ!  
Әйтеуір бір арылып,  
Әйтеуір бір серпіліп,  
Ғажайып бір өмірге жетердей ек зарығып...  
Қиянаттың қанжары оңдырмастан осады,  
Қателіктер орманы ылғи алдан тосады,  
Жүректі қан-жоса ғып,  
Жазықсыздан болдым ылғи жазалы,  
Уақыт, шіркін, аялдамай, ылғи алға озады.  
Есеңгіреп, жидым енді есімді,  
Өтеп жүрген жоқпын ғой мерзімімді кесімді.  
Мен қылмыскер емеспін,  
Озбырлығым болмаған,  
Оңбаған да емеспін  
Оспадарды қолдаған.  
Жалғыз Сенім медетім,  
Мен – бидайдың тұқымы,  
ерте күзде себетін,  
Түйір дәнмін көктейтін,  
Күн нұрына табыңдым,  
Жазғытұрым есетін жылы желді сағындым!  
Ал, ауырсын жүрегім,  
Алаңсыз-ақ жүр едім,  
Амалсыздан жүдедім,  
Алаяқтар алшаңдаған  
тіршілік...  
Жүдемейтін кім едім?!.

\* \* \*

Сен көшенің ар жағында,  
Мен көшенің бер жағында,  
Дәл осылай болады деп,  
Болжадың ба, болжадың ба?!.  
Қара мысық, шара бар ма,  
Кесіп өтті арамызды.  
Қорқа қарап қара жолға,  
Қан саулаған жарамызды,  
Жасырамыз.

Жандалбаса!

Үзілген жіп жалғанбаса,  
Жалғанбасын – жалғамайық,  
Өмір мынау алмағайып,  
Жеке-дара жан бағайық,  
Жолың болсын, аялдама,  
Кесіп өтпе қара жолды,  
Қол бұлғама, қой, алдама,  
Жарақатым – жара болды,  
Жазылмайды енді, сірә,  
Шын жалғыздық келді, сірә,  
Жанашыр дос, жырақтасың,  
Қол созым жер – айшылық боп,  
Тұр. Өмірде қайшылық көп.  
Жақын едің, жатсың бүгін,  
Сенсіз неге батсын Күнім,  
Тойым өтер ұлан-асыр  
Тойлаттырса мына ғасыр.  
Тек сол тойда бір орын бос  
Тұратынын – елестетем!  
Керек емес Кеңес бөтен.  
Қара көше – қара жыра,  
Қара мысық қарғып өтті.  
Жазылмайды-ау жара мына,  
Арғы бетте қарғын өтті,  
Сен жоқсың... Елессің...

\* \* \*

Арулар, Ару-Аналар, Аруаналар,  
Боталарыңа сендердей кім қамқор бола алар,  
Ардай таза ақ кимешек басыңда,  
Өбектеген бөбектерің қасыңда,  
Сендер Қүдіретсіңдер расыңда!  
Ауырға шыдап, дауылға төтеп, жасыңға,  
Сендер шекпеген бейнет жоқ өткен ғасырда.  
Алапат аштық, қырғын соғыс,  
Қилы кезең сынына салды тағдыр сан,  
Қайтер едік боталарыңды  
боздатып егер қалдырсаң.  
Қалдырған жоқсыңдар дауылда, өртте, жаңбырда,  
Азамат болды бауырларыңдағы балдырған.  
Қазақтың ұлы даласы,  
Қасиет тұтты Ару-Анасын,  
Аруанасын!  
Айныма осы қалпыңнан,  
Айналдым ұлы халқымнан  
Аруы бар,

Ару-Анасы бар,  
Аруанасы бар!

\* \* \*

Қасат қарды ерітер қайран қайда,  
Қаһарлы қыс өшікті,  
Көктем неге кешікті,  
Қашан құлақ шалады:  
«Тауда тұман көшіпті!» дегенді,  
Амалсыздан жаздым осы өленді,  
Дастан жазып тастар едім көлемді,  
Мен енді қанатсыз құстаймын,  
Көктемді көзіммен ұстаймын,  
Көп болды шатырда қыстаймын,  
Зарығып, сағынып, сарғайдым,  
Бүріскен бейшара торғаймын,  
Зор қайғым!..

\* \* \*

Жол тұйыққа тірелді,  
Бұрыл кері,  
Жүргізуші кінәнді мойындағын.  
Қамданып та шықпаппыз күнілгері,  
«Жанармай жетпейді» деп уайымдадың,  
Ызғырық уілдеді....  
Ысқырып ең ән салып, көңілді едің,  
Жылауға шақ қалдың ғой ебіл-дебіл.  
Қыл ұшында тұр қазір тағдырымыз  
Сенің, менің!

Жол тұйыққа тірелді,  
Даңғыл еді.  
Көз арбаған көк жартас паң күледі.  
Жүргізуші, қарағым, көтер басты,  
Қайта жалға үзілген әңгімені.  
Ауылыма жеткізші енді мені...

Жол тұйыққа тірелді,  
Қара басты.  
Жаңбыр жауып, оған қар араласты.  
Аты жаман қызылкөз аран ашты.  
Жүргізуші, бойыңда жаның бар ма,  
Бұрыл кері!  
Неменеге қолдарың дірілдеді,  
Бір бұл емес дүниенің бүлінгені!  
Бүгін менің суынды сағынышым,  
Желігіп ек несіне алып-ұшып?!

\* \* \*

Сол қолым оң қолыма бағынбады,  
Оң қолым сол қолыма бағынбады.  
Оны жеңер күш менен табылмады.  
Бас еді қос қолымның табынғаны,

Басымның басы қатып нағылғаны,  
Өз қолын адам өзі кеспейді ғой,  
Білмеймін сорым ба бұл, бағым ба бұл?!

## ЖЫЛАШАР

Ақтығындай жауған қардың алғашқы,  
Пәктігіңдей сәбидің.  
Жылашар ақ үміті бар әр үйдің,  
Әр адамның!  
Ақ шуақтан жаныма нәр аламын,  
Арман оты жанады алда тағы,  
Соңымызда бұралаң жол жатады,  
Ақ паракқа үңіліп сыр аулаған,  
Тұр-ау маған сағыныш сыздауы боп  
Ақ тырналар-дың үні тыраулаған.  
Келер көктем, келер жаз, келер күзге  
Берерміз не?  
Жылашар күн құт қадам болады деп  
Алғаусыз сенерміз бе?  
Ал тағдырың сол сенімге тәуелді,  
Сенімінді сақтау керек әуелгі:  
көздің қарашығындай,  
сөздің жарасымындай,  
Қорғап соны кенет келер кесірден,  
Қызыл гүлдей қар үстіне өсірген  
Мәпелегін!  
Білмеймін келер күн не әкелерін,  
Бақ па, сор ма бір мысқал,  
Түңілу ме тұрмыстан татымы аз,  
Адамдарға қиын-ау айласы жоқ  
және де ақылы аз,  
ал сезімі көл-көсір.  
Табу оңай деймісің көңіл-күйдің пернесін,  
Айту қиын елге сыр.  
Тағы бір жыл табалдырық аттады,  
Құлан-таза айықтырды ескі ойдан  
Бұл қаңтардың ақ қары!  
Қаңтарда да сезіледі екен-ау  
Наурыз келе жатқаны!..

\* \* \*

Қызыл тілмен буынсыз қозғап арғы-бергіні,  
Қызыл шоқты көседің.  
Қызық екен есебің.  
Екі ауыз сөз болса-дағы ер құны,  
Есер өсек қайтармайды ер жігіттің меселін,  
Емдеп елдің кеселін  
Жазатындай  
Күдіретің не сенің?!

Бұл Далада тек қана сағым көшкен демексің,  
Бас шұлғуға емексіп.  
Баз кешердей ел өксіп,  
Тұлға тұтқан Азаматын тұл дейсің,  
Тоқыраудың тозаңынан көрінбейді бұл дейсің,

Тектіліктің тамыры тереңнен нәр алады,  
Бірақ, мұны білмейсің...

\* \* \*

Тордағы құс,  
                    бейшара, торықтың-ау,  
Тосырқадым түрінді көріп мынау,  
Қанатынды қайырған қатігезден  
Қайырым күткен сенің затың өзге.  
Қайтесің, тірлік заңы қатал кейде,  
Қайғы менен қуаныш қатар дей ме?!  
Аяп тұрып адамдар, қызық көріп,  
Қызық үшін құрбандық шалар қанша,  
Ақылдының айласы...  
Амал қанша!

Тордағы құс...  
                    бейшара, тағдырласым,  
Қорғансызға дауыл да, жаңбыр да сын.  
Шыр айналып шеңберді шаршадым мен.  
Баз кешсем деп баянсыз барша күннен  
Тыпырладым, тырбандым, тас шайнадым,  
Түк шығара алмадым, бас шайқадым,  
Неткен ұлы дәрменсіздік бұл деген,  
Өмір сүре білмеген!  
Шеңбер бұзу шерлі мұрат меңдегі,  
Шемен болып жүрегімде дендеді,  
Шырмауыққа шырматылып жүргенде  
Өкінішті емес пе,  
                    Шырақ Ғұмыр сөнгені!..

\* \* \*

**Қарындасым Гүлжанаттың рухына  
бағыштадым.**

Бозқараған гүлдеген мамыр айы,  
Болды маған әр жылда сарыуайым.  
Қарлығаш құс келгенде қош деп ұштың,  
Қайғы-мұңнан қалайша арылайын.

Кеңсай болды мекенің, келте ғұмыр,  
Кеше күліп жүргенің ертегі бір.  
Өмірзая екенін ұқтырасың,  
Өзегімді өкініш өртер, құрғыр.

Өкінгеннен не шығар, жылағаннан,  
Өксігеннен не шығар, сұрағаннан.  
Барсақелмес сапарға аттанғаның  
Болжаусызын сездірер мына жалған!

Басыңда тұр жалғыз түп бозқараған,  
Қабірінді күзетіп көз қадаған.  
Топырағың торқа боп, тамыр жайсын,  
Рухың деп түсінер сезген адам...

Он жыл өтті, Гүлжанат, сен кеткелі,  
Табиғаттың алмасты он көктемі.  
Қара бұлт боп айналдым Алатауды,  
Көздің жасын тағы да селдеткелі,  
Көп жыл өтті, Гүлжанат, сен кеткелі...

1990 ж.

\* \* \*

Бағзы сарын,  
Ел айрылған кезеңнің ащы зары, еңіре,  
Ет жүректі кеміре.  
Бырт-бырт үзіп бүкіл жүйке-тамырды,  
Босат шерден кеудені.  
Бұған дейін басқа әуенге басым менің ауырды.  
Будандасқан даң-дұң әбден кеуледі,  
Төрт қабырға, тап-тұйнақтай бөлмені.  
Біз ұмыта жаздадық қой ұлы арманды елдегі,  
Бастан кешкен зобалаңын халықтың,  
Бала әкеден, әйел ерден, бауыр қарындасынан  
айрылудың сергелдеңін таныттың,  
Қобыз үні, боздадың-ау, киелім,  
Ебіл-дебіл жылап алдым, езілдім,  
Тазарудың тауқыметін сезіндім,  
Токмейілісіп өткізетін тірлігімнен безіндім,  
Астан-кестең жан-дүнием өзімнің.  
Енді осыны құйсам деймін құлағына өзгенің:  
Белсеңдінің, бейнетқордың, кезбенің,  
Баққұмарлау аға мен мақтанқұмар жезденің.  
Ескі сарын – ескірмейтін ел мұны,  
Жадымыздан шығармауға міндеттер ем мен мұны,  
Қызық қуған бота тірсек бозбаланың  
ұнатпасы белгілі  
осы жырды, осы көне сарынды.  
Әттең, дүние, содан тыныс тарылды,  
Қара қобыз солық басты,  
Аманаттан арылды...

\* \* \*

Өлі тыныштық.  
Таң алакеуім.  
Ояумын.  
Өңі қаша бастады қара бояудың.  
Сәулелі ойлар санамда себездейді,  
Беймаза көңіл нені іздейді,  
Неге іздейді.

Тіршілік тамыры бүлк-бүлк соғып тұр,  
О, Тәңір, жарық Күнменен жолықтыр.  
Түнекті түрер кезде жарық-нұр,  
Тылсым дүние құпиясын қымтап,  
Жұмбақ әуенге толып тұр,  
Соны ұқтыр...

\* \* \*



Меже алыс діттеген,  
Ұзақ жолда аялдайтын бекет көп.  
Бөтен ағыс күтпеген,  
Бұра тартып, кеткісі бар жетектеп.

Күйбең тірлік пердесін,  
Әр күн сайын, жанталасып, ысырдым.  
Тіршіліктің термесін  
Толғау онай еместігін түсіндім.

Жылу, жарық бөлетін,  
Қиялымның отын үзбей үрледім.  
Мазасыздау неге тым,  
Саған жұмбақ болмас, өмір сүргенім.

\* \* \*

Көрмегенім көп шығар,  
Көлдің беті көк шұбар.  
Көлеңкесі көшкен бұлттың көктегі  
Суға перде тұтады!  
Көлеңкелі көріністер сұлулықты жұтады,  
Көлегейлеп тазалық, мөлдірлікті.  
Көлбеңдетіп көз алдар көлгірлікті.  
Күліп тұрған суретіне қарасаң —  
күнәһар да бейкүнә.  
Сен серігім емес едің, ей, Күмән...  
Неге бұлай десем-дағы кейде мен,  
Тілектеспін туысқанға тікесінен сөйлеген,  
Туған жоқпыз жейдемен.  
Түсінгенім, тек қана көңіл көзі көреген.  
Көз жетпейтін биіктік пен өреден  
Көреді, шын көреді!  
«Мәңгі жасыл, қурамайтын тіршіліктің терегі»,  
Көңіл көзі көрегендер тек осылай дер еді,  
Осы маған керегі.  
Ал көбіне көргеніңнің бірі — өтірік, бірі — шын,  
Бетпердесі тозбайтұғын  
бүйткен өмір құрысын!  
Бір сұлу қыз көріп едім мен кеше,  
Көрген көздің жазығы жоқ, ендеше.  
Кейін білдім, бояныпты бәтшағар.  
Қасы, көзін сүрмелеп,  
Боянудан күткен болды бір көмек,  
Бүйтіп өмір сүрме деп,  
айғайладым тек іштей,  
Адам түгіл, Заман кейде боянады, о тоба,  
Көрші бұған келіспей!..

\* \* \*

Түсінбейсің неге шын пейілменен?  
Осы бір ой санамнан сейілмеген.  
Зейінге кем біреу болсаң бір сәрі,  
Зерек көңіл айдынын мұз құрсады,

Өзімсінген бір жүрек өгейсіді —  
дейін бе мен?!

Өмір шығар өзгеше бейімдеген...  
Орман кезіп кеттім ғой ойымменен.  
Әй, үндемен,  
Тұншығып тереңіме.  
Өкпелеудің өткенге керегі не,  
Уайыммен ұшпаққа шығу қиын —  
дейін бе мен?!

\* \* \*

Өмір деген – бір жақсы өлең,  
Жазылатын қас қағым,  
Жалғыз ғана дастаным!  
Мәңгілікпен үндесетін ғұмырым,  
Балдағы жез тұғырым.  
Жеті шекті жетіген  
сыр шертер-ау кімге де,  
Үндеме.  
Өкпек желдің өтінен  
Өкпем аман, суық шалмай өтіп ем,  
Өзге ызғар жүрегімді қарыды,  
Соған ғана өкінем...

Өмір деген — өлең емес, әңгіме,  
Қаузайтұғын мәңгіге.  
Қазған адам алтын табар кеніштей,  
Түсінетін тек іштей.  
Ұқсам дедім құпиясын жасырын,  
Ұзақ екен ғасырым.  
Бұл әңгіме болып шықты күрделі,  
Бұрышы жоқ киіз үйдей іргелі.

Өмір деген – жеті бояу қоспасы:  
Біреулермен жауласып, біреулермен достасып,  
Біреулермен дауласып, біреулермен қоштасып,  
Біреулерге бағынып, біреулерге табынып,  
Бір адамды өтетін өмір бойы сағынып!

Өмір деген бұдан басқа не дейсің,  
Жол ұзарсын. Үрім-бұтақ көбейсін.  
Адамдардың жан байлығы жұтамасын  
Дегейсің!..

\* \* \*

«Неге күлді?» деп сұраймыз кейде біз,  
Күлкілі ме қисық жаға жейдеміз...  
Әлдекімдер мәз болады, әйтеуір,  
Әңгімеге әзіл қосып сөйлеңіз.

Салқын болса әзілден де сыр аңғар,  
Әуенінен самал ескен бір ән бар.  
Соның бәрін қалт жібермей кім аңдар,

Он адамнан, жүз адамнан сұраңдар..

Білер ме екен, білу қиын себебін,  
Шылауында неге, неге, негенің...  
Мен өмірде жалғыз ғана нәрсеге –  
Ғашықтардың күлкісіне сенемін.

Босқа, бекер, беймағына кім күлсін,  
Риясыз күлу деген бұл бір сын.  
Сәби күлкі жоғалған соң езуге  
Сиқыр күлкі ұялаған, кім білсін.

Күлген кезде өзгермейтін түр-түсі,  
Көз алдыма келеді ылғи бір кісі.  
Құптағаны, қарсылығы белгісіз,  
Жиналмайтын сыңар езу күлкісі.

«Неге күлді?» деп сұраудың мәні бар.  
Күлкілі боп қалмау керек сенім, ар.  
Күлкі – дәру, күлкі – ләззат, күлкі – дерт,  
Күлкілерде құпия көп мен ұғар!

\* \* \*

Көңілімде көп алаң,  
Жасырайын несіне.  
Бұйырса деп жүргем жоқ біреудегі несібе.  
Шешіле ме түйіні мазалаған мың ойдың,  
Кешіре ме Уақыт ес жиғанды кешіге?!

Алты қырдың астынан  
Айқай шықса, нанбап ем...  
Алданудың ақ жолын ақылменен таңдап ем,  
Ақ-қараны айырмай қалай өмір сүргенбіз,  
Ақиқаттың ауылы, сен шынында, арман ең!

Адастырып ақынды  
Арнау өлең жаздырған,  
Ағасына інісі құлайтын ор қаздырған,  
Кінәлі кім, пенде ме билік тиген қолына,  
Кінәлі кім, заман ба ағзамызды аздырған?!

Жанымызды жаралап,  
Санамызды уладық.  
Оған дейін бас асау болып біраз туладық...  
Қызу қанды таланттың дағдарғанын көрсеңіз,  
Қызыл-жасыл дүние түлкі болып қуланып...

Енді бүгін ес жидық,  
Елдің мұңы мазалап.  
Жүріп өткен жолымыз ащы сабақ, азап-ақ,  
Асылыңды аршып ал күл-қоқыстан тазалап,  
Ардың құлы – Азамат!

\* \* \*

«Ағарды шаш ертерек»,

Айтасың оның несін, құрбым, налып.  
Құшақты аш еркелеп,  
Алдыңда құр абдырап тұрмын нағып.

Оңаша сыр ағытып,  
Отырсақ осы шақта айып па бұл.  
Болашақ бұлаңытып,  
Көк терек бара жатыр жайып тамыр.

Өтер-ау тартыспенен,  
Өмір бұл таңсәрі не талтүс демей.  
Шашыңа ақ түскенмен,  
Жүрегіңе ешқашан дақ түспегей!

\* \* \*

Салқын күндер жылуы жоқ, жарығы,  
Сағынбайтын санаменен зарығып.  
Сынаптайын сырғып өтіп жатады,  
Содан ызғар жүрегімді қарыды.

Бәрі бүтін сияқты бір қарасам,  
Уақыт ұшқыр ілесуге жарасам.  
Қол алысар таныстарым қоғадай,  
Алыстадым өткенімнен орасан.

Бәрі түгел сияқты бір марғаумын,  
Барлық сырын ұққан жандай барлаудың,  
Белгісіздің болып бәрі белгілі,  
Ақиқатын ұққандаймын алдаудың.

Бәрі бекер, өтер-кетер... бұл сұмдық,  
Қара жартас тік шаншылып тұрсын нық.  
Құлағыма сыбырлайды бір сайтан;  
Ойнап-күлдік, өмір сүрдік, күрсіндік...

Бұл тірліктің құны солай арзаңдап,  
Қара бақыр болса егер маржан-бак.  
Берері не суық, салқын күндердің,  
Керегі не келешекке жол жалғап...

Құлазыған бұл халімді ұғар кім,  
Мәңгі-бақи тұрмас баста мұнар күн.  
Бұрынғыдай болмас бәрі десем де  
Бір сиқырға баяғыдай құмармын...

\* \* \*

Саяхаттап тауға бардық он бала,  
Сиқыр сезім баурап еді онда да.  
Көгілдір тау көркем еді көлбеген,  
Жүрексіңбей шығып едік жолға да.

Күдіс жондар күнге маңдай төсеген,  
Күбірлейтін көгерсін деп көсеген.

Ойын қуған он баланы ойлантқан,  
Сол сапардың сыры бөлек не себеп?

Таудың ғажап көркін көріп тамсандық,  
Текшеленген тастар бейне қолсандық.  
Түніменен алаулатып от жақтық,  
Отты қоршай отыра қап ән салдық.

Жаңғырықты даусымызға тау, дала,  
Он жүректің лүпілімен лаулаған,  
Сол бір отты сөндіргем жоқ мен әлі,  
Сол бір әнмен қыз жүрегін баурағам.

Онда біздер от жүректі он едік,  
Одан кейін не болады демедік.  
Он тарау жол бөлді бізді, ол рас.  
Оған енді айтсын Уақыт төрелік.

Он баланы шын сағындым, жайымды ұқ,  
Оралмайтын көктемімді уайым ғып,  
Өкінбеймін.  
Он бала да сол жолы  
Оң сапарға жасағанбыз дайындық...

\* \* \*

Ештеңеге зауқым жоқ бүгін менің,  
Иілмегім келіп тұр, бүгілмегім.  
Қара тастай мелшиіп жатайыншы,  
Қозғар екен көрейін түбінде кім...

Елең етпей қарғаның қарқылына,  
Назар бұрмай найзағай жарқылына,  
Құлақ аспай дүние шуылына,  
Ерік бермей сезімнің шарпуына.  
Езу тартпай әдемі әзіліңе,  
Еріп кетпей әуеннің нәзігіне.  
Әуестенбей беймәлім ырғақтарға,  
Әсерленбей қоштасқан қаз үніне.  
Есік ашпай ең жақын адамыма,  
Қарсы шықпай өмірдің талабына.  
Өрге жүзбей тіршілік толқынында,  
Салмақ артпай жүрек пен қаламыма.  
Қара тастай мелшиіп көрмек едім,  
Қажет екен өзімді тергегенім.  
Көп екен ғой еліме бермегенім,  
Құлашымды қалайша сермемедім?!

Осы ойлар санамды сілкіледі,  
Өлең бұлты содан соң сіркіреді,  
Бәсе-бәсе бір жаңбыр керек еді,  
Дәл осылай болуы мүмкін еді!

\* \* \*

Жылы сөз естігім келеді  
жақыннан, жатымнан да,

Күн сайын!  
Сыр айтып аяулы оқырманға,  
Ұйқымның үлесін ұрлатып отырғанда,  
Қиналып, қамығып, торығып жазатын өлеңім –  
Жан сырым әртүрлі ортада оқылғанда.

Жылы сөз естігім келеді  
досымнан, жарымнан да,  
Күн сайын!  
Жүректе жанартау жарылғанда,  
Еріксіз ілеспей бір ескі сарындарға,  
Өзекті өртеген өлеңнің отымен  
Өтпелі өмірдің мұңынан арылғанда!..

\* \* \*

Күздің бір күні көктемдей,  
кешегі жауған қар еріп,  
Кетердей дүние көгеріп,  
Кенеттен желік кіргені несі кеудеме,  
Келмейді мұны табиғат заңы деуге де,  
Жылы жел соғып тұрғаны қалай лекітіп,  
Бұл өзі жұмбақ, беу, неге?!

Кетсем бе кезіп көшені,  
тарылды тыныс тар үйде,  
Бұл көктем емес, әрине.  
Салтанат құрған қоштасып тұр ма сары күз,  
Сары күз деген – кәрі қыз,  
Ал кәрі қыз да көрінер көзге қылықты,  
Кім оның сырын ұғыпты.

Күздің бір күні көктемдей,  
көңілге түрлі ой салды.  
Жалаңаш қалған қайыңдар қандай байсалды,  
Болары болып, бояуы сінді деп үнсіз,  
Шуаққа төсін тосады тіптен көңілсіз,  
Шарасыз халде, сенімсіз.

Жанармен тінтіп көк төсін,  
Іздедім құстар тізбегін.  
Бұтақта тұрған ілініп ең соңғы алма үзгенім,  
Бақтағы бояу санама сездірді салқын күз лебін,  
Бір түрлі жақын бізге мұң,  
«Күз!» дедім көзім жеткендей,  
Күздің бір күні көктемдей...

\* \* \*

Жүрегімде шаншу бар,  
ал, миымда – мың сан ой.  
Құс қанатты жылдарым сәл аялдай тұрса ғой.  
Емін тауып алар ем, бәлкім, ескі дертімнің,  
Ертеңіме қол созып, келеді бір серпілгім,  
Елеусіз бұл өмірден өтер болсам егер де  
Мен кіммін?!

Қуған қызық өтпелі,  
көз алдайды көп елес.  
Қазір мені қинаған қатал сауал бұл емес,  
Қырық ру қазақтың қайтсе басы бірігер,  
Қамын ойлар халықтың қайда кеткен ірілер,  
«Жүзі күйсін, – деп еді Ғабең, – жүзге бөлгеннің»,  
Ех, тірілер!

Жөн сұраудың жүйесі –  
жүзге бөлу емес тек.  
Қырқысудың қырғынын көз алдыға елестет.  
Заман екшеп електен өткізеді халықты,  
Таңырқатып көгімде талай жұлдыз жаныпты,  
Туған елім тегінде берген талай алыпты,  
Тарихымда азабы «ақтандақ» боп қалыпты,  
Танымаса тамырын келер ұрпақ өзінің,  
Бұл – қауіпті!

Аландатты, ал, енді,  
Ана тілім – тағдырым.  
«Ата!» десем Алатау қайталай ма жаңғырып,  
Бүлдіршіндер бақшада түсінбесе тілімді,  
Тоқ санауға хақым жоқ тірлігімді бүгінгі.  
Мәңгүрттікпен бітіспес майдан ашу міндетім,  
Күнбе-күн!

Жүрегімде шаншу бар,  
Ал, миымда – мың сан ой.  
Құс қанатты жылдарым сәл аялдай тұрса ғой!...

\* \* \*

Жанарыңда жасыл әлем жамалы,  
Жүрегінде арман оты жанады.  
«Қол боста...» деп қайықтағы суретші,  
«Демалыс күн эскиздерін» салады.

Майда толқын қытықтайды жағаны,  
Маңғаз таудан самал есті шамалы,  
«Қызыл-жасыл дүние...» деп суретші  
Ақ кенепке майлы бояу жағады.

Зеңгір аспан... құс қанаты талады,  
Көлге күміс күн сәулесі тамады.  
Серуендеп, сейіл құрған адамдар,  
Суретшіге қарап, ойға қалады.

Бос уақыт кімге болсын бағалы,  
Болмай қалған шығар, бәлкім, амалы.  
Бейнет жұмыс... Содан рахат табады,  
Байқайсың ба, Өмір өтіп барады...

\* \* \*

Жыр жазбаймын:  
Ақылымды сезімге жендірмесем,  
Сезіміме сендерді сендірмесем,  
Сенімімді егер де сен білмесең,  
Поэзия, еркіңе көндірмесең,  
Жыр жолыңда бекерге мен жүрмес ем!

Жыр жазбаймын:  
Егілмесе жүрегім, езілмесем,  
Өзім ояу, дүние көз ілмесе,  
Абайменен мұндасқан шүлен шабыт  
Қазір келіп қаларын сезінбесем.

Жыр жазбаймын:  
Көңіліңнен бәріңнің шығамын деп,  
Шырағың боп қолыңда тұрамын деп.  
Сөзсіз менің сендерге ұнарым деп,  
Тарқасыншы бәріңнің құмарың деп.

Қалайсың ба:  
Қым-қиғаш ой айтамын,  
Бәлкім, қайғы-мұңынды молайтамын,  
Бәлкім, көңіл қалауын өтемеймін,  
Бәлкім, сезім өртіне жетелеймін,  
Біреуге, бәлкім, құнсыз ғазалдаймын,  
Бәрібір мұңсыз өлең жаза алмаймын.

Өмірдің өзекжарды мұңды әуені.  
Мұңды әуенді ғасырлар тындап еді,  
Жырлады талай ақын, жырлар енді.  
Мұқағали жырларын оқып тұрмын,  
Нажағай шарт ете қап сынған еді,  
Сынған еді, содан соң тынған еді...  
Жыр жазбаймын!..

\* \* \*

Жапырақ шықты жас талға мынау,  
Жадыра дәурен басталғаның-ау.  
Жар салған құстар аспандағы лау.  
Жанары күннің мұзды еріткенде,  
Жошын қыстың да жасқанғаны-ау.

Жапырақ – дәурен, сөз алдың білем,  
Жап-жасыл бояу көз алдым кілең.  
Жасыра қойды тозаңын кілем.  
Жүз жыл жасаған кәрі еменнің,  
Бұтағына қол созамын, күлем.

Жапырақ – дәурен, құштарыңменен,  
Бақтағы әнші құстарыңменен,  
Қиялға қанат ұштадың дер ем,  
Жасыл күндерің қысқа ғой, әттең,  
Желекті жазды құшқаныңменен.

Жыңды жел келіп жұлады бір күн,



Жылауык күзде тынады күлкің,  
Жұбата қоймас тұманы күн-түн,  
Жырлап қал, деймін, жапырақ-дәурен,  
Жырларың маған ұнауы мүмкін.

Жырлап қал, деймін, жапырақ-дәурен,  
Жаңғырып бір үн жатыр әудемнен,  
Жалықтырасың ғой жарқын-ау деуден.  
Жел жұлып бір күн қалықтайсың ғой,  
Қайран жок, сірә, япыр-ау деуден...

\* \* \*

Қара мұржа. Қара түтін. Қара бұлт,  
Қала осы. Қайран көңіл алабұрт.  
Тарылады тынысың,  
Тек, әйтеуір, тірісің.  
Балықтайсың ысталған,  
Қызығасың қанаты бар құстарға,  
Кетер ұшып түтіні жоқ тұстарға,  
Кең далаға,  
Саумал ауа көк белге,  
Бұл қалаға жоламайды көктем де.  
Қолқа қауып қара түтін, көк түтін,  
Өтті айлар, өтті апта, өтті күн,  
Қайнап жатыр құмырсқаның илеуі,  
Көше кернеп машиналар түйдегі,  
Сіріңкенің қорабындай үйлері,  
Таныс, ұқсас бұрылыстар, аландар,  
Киіп-жарып ентелескен адамдар,  
Автобустан түсе қалып  
түгендейсің түймені.  
Қара бұлттың жыртығынан  
сығалайды Күннің көзі именіп,  
Дегенменен, итжандымыз керемет,  
Бұл тірлікке де алдық әбден үйреніп!..

\* \* \*

Көн етіктің ақжемденіп жұлығы,  
Көше кезіп кетті қанша танысым.  
Кінәлаушы ек саудагердің қылығын,  
Қайрамаққа қалғып кеткен намысын.

Тауық-тірлік тары терген тақырдан,  
Таң мен кештің арасы да тым қысқа.  
Күн көрмесек кептер аулап шатырдан,  
Талғажауды тауыстық қой тұрмыста.

Қалта тесік, тізе жыртық, ышқыр бос,  
Арзан сөздің ақ-қарасын айыршы...  
Көлеңкеңнен басқалары үш күн дос,  
Қолынды жай, бата берем, қайыршы!..

\* \* \*

Сары күзде жел еседі сарнаған,  
Сөзім еді, елім, саған арнаған.  
Самал болып жадыратар жанынды  
Саған деген айту мұрат арман-ән.

Айтар едім алты қырдан асырыш,  
Аңыздақта қурап қалды жас үміт.  
Алып-ұшқан көңіл демде басылып,  
Аттаныптын ауылымнан асығып...

Алдың тұман, артың күмән, болжаусыз,  
Адасудан көз ашпадық, ол даусыз.  
Аспан төрін мекендегің келсе де,  
Ақымақтың айғайындай жан даусың.

Артық кетіп, кем соғатын кездер көп,  
Алып-қашпа сөздерді көр безбеңдеп.  
Алақұйың заман құрық салса да  
Асыл сезім қалай ғана өзгермек.

Көзіме жас, көңліме мұң, шер тұнып,  
Кер заманның күйі тұр ғой шертіліп.  
Елім ертең көтерер деп еңсесін,  
Сенім ертем сергелденде серпіліп...

\* \* \*

Шалғынға шашасының шаңын қағып,  
Шалкүйрық қырға шығып шұрқырады.  
Шалқар көл сияқтанып сағымданып,  
Көк жасыл көкжиекте нұр тұнады.

Маусымның мамыражай күні өтіп,  
Қырық күн шілде түсті аптабымен.  
Бір тамшы су қадірі білінетін,  
Кез осы. Айдын шалқып жатқанымен....

\* \* \*

Жалқы күнде алынбаған жүз есем,  
Қателігім шашымнан көп, түзесем  
деген едім. Шаш азайды басымда,  
Ал қателік көбеюде, расында,  
Қайсыбірін келтірейін мысалға,  
Кездерім көп кібіртіктеп, тұсалған.  
Сезбедім деп айту қиын себебін,  
Соңын ала сан соғумен келемін.  
Сондай-сондай сергелденге түскенде,  
Сен серігім болдың ылғи, өлеңім.  
Сырым айқын жетсе дедім бүкпесіз,  
Ылғи үтір болмас, білем, нүктесіз.  
Соңғы демім қалғанынша толғайын,  
Сеніскен дос сертін бұзды – сол уайым,  
Сүйген жүрек салқын соқты – сол уайым,

Сыйласқан жан сырт айналды – сол уайым.  
Күрмеуі көп тірлік мына қас қағым,  
Қателескен өзім емей, басқа кім,  
Көш-керуен күндерімнің дастанын –  
Көңілімнің көк дәптерін  
жыртып-жыртып тастадым...

\* \*\*

Қылаң үміт басына қырау қонып,  
Құмар күнім батады сұрау болып.  
Айдарынан жел еспей арманымның,  
Өлең-жырға ықылас тұр-ау кеміп.

Жырмен емдер жандар аз жарасын да,  
Қарамайды үйлесім, жарасымға.  
Киік өлең киелі үркіп-безіп,  
Жоғала ма аспан-жер арасында.

Қара түнге телміріп, қауіптенем,  
Қайран өмір өтпейді сауықпенен,  
Қара бұлтқа айналып, енді, міне,  
Қара жаңбыр болып та жауып келем.

Күзде жауып, көгертем көктемеде,  
Рахман нұры жоғалсын текке неге.  
Өзегі өрт адамдар өзі табар,  
Өкпелеме, Өлеңім, Өкпелеме!...

\* \* \*

Алай да дүлей ақтүтек  
Орай да борай соғып тұр.  
Адасқанды, а, Тәңір,  
Ауылыма жолықтыр.  
Ағайыннан безгеңді  
Бауырыма жолықтыр.  
Бас біріксе мал екеу,  
Бұл қазаққа соны ұқтыр!  
Сиырбүйрек болмасын,  
Алты алашқа соны ұқтыр!  
Көңілге шер толып тұр,  
Көзіме жас толып тұр,  
Астан-кестең бір заман –  
Кімге оңай болып тұр,  
Кімге жеңіл болып тұр...

\* \* \*

Үнсіз түн. Үнсіз ғалам. Үнсіз бөлме.  
Көлеңкеңнен қорқасың кімсіз деуге.  
Тіл қататын сияқты бәрі қатар,  
Түн ұйыған түкпірге жарық апар.  
Қараңғыға жан бітіп қозғалады,  
Бір құбыжық жарыққа көз қадады.  
Бір бойжеткен бозартып бозбаланы,  
Бір күрсініс кеудеде қыстығады,

Күндізгі аптап әсері, ыстық әлі...  
Үнсіздікті тырс еткен тамшы бұзды,  
Күткен едім сағынып әнші күзді –  
Әнші қызды!  
Келе жатыр!..

\* \* \*

– Өлең жазып жүрсің бе әлі  
Түн ұйқыңды төрт бөліп,  
Күйіп-жанып өрт болып,  
Өрт махаббат дерт болып,  
Ақ парақты сиялап,  
Аққу арман ұялап  
Жүрегіңе! Мәңгіге!  
Міне, қайда әңгіме –  
Өлең жазып жүрсің бе?!  
– Е-е, Жаратқан жазғызған соң...  
Жазып жүрмін...  
Жетіскеннен емес тек,  
Жырдан басқа сенері жоқ адамның  
Тіршілігін көз алдыға елестет!..

\* \* \*

«Халің нешік?» деуге де жарамадың,  
Жатыр едім жүректен жараланып,  
Су тамызып аузыма періштелер  
Қалықтатып бір жаққа барады алып.

«Тәуірсің бе?» деген сөз керек еді,  
Кеңейтетін еді ғой керегені...  
Бір-біріне адамдар қиналғанда  
Ықыластан асырып не береді?!

«Тірісің бе?» дегің кеп, үндемедің,  
Білместігің, немесе, білмегенің.  
Өкпе артып қайтемін өлшемі жоқ,  
Өмірдің сабақтары бұл дегенің...

\* \* \*

Талабыңның тасқа соғып мандайың,  
Мұратыңның мұртын отқа шарпыдың.  
Шүкір деуге көтермейді жағдайың,  
Шәт-шәлекей болғаныңмен, жарқыным.

Арманыңның ақ боз аты сүрінді,  
Қиялыңның қыраны да қанатсыз.  
Өрт сөндірген жандай мына түрінді  
Көрген кезде дағдарамын санатсыз.

Жігеріңнің жел кермейді желкенін,  
Қайратыңның қылышы тұр қынапта.  
Жауап іздеп жүрмін мен де келте күн  
Көзіндегі дөп-дөңгелек сұраққа....

\* \* \*

Абыр-сабыр, қым-қуыт,  
Күн артынан күн қуып.  
Көрген түстей көп қызық.  
Алыпшыз ғой өткізіп...  
Сауық-сайран тарады,  
Алыстатып араны.  
Анау белден асқандар  
Әттең-әнге салады:  
«Құстар қайтып барады»,  
«Құстар қайтып барады....»

\* \* \*

Бір бөлмеде – үш қабырға,  
төбесі жоқ, сыз еден...  
Уатады төзімді Уақыт дейтін сүзеген,  
Қиял құрғыр – мәстек шобыр –  
құйрық-жалын күзеген.  
Қысыр ойлар – сұқсыр үйрек жүзеген,  
Қара суды кешіп жүріп тізеден.  
Түсінгенім – тумай жатып өліпті-ау,  
Түсініксіз болғаны үшін жүз өлең!..

\* \* \*

Сарын іздеп жанға дауа сарсаңмын,  
Сағыныштан сары таңда ән салдым.  
Сыбырлап тек сырын айтқан самалды  
Сары белге шығып талай қарсы алдым.

Әуен іздеп қайталанбас, әуремін,  
Әттең, шіркін, барады өтіп дәуренім.  
Сыңғыр-сыңғыр күлкісіне ғашықпын  
Су бетінде сырғанаған сәуленің...

Сиқыр әуен құлағыма шалынды,  
Соқыр сарын кеуделейді арынды.  
Қай әуенге, қай сарынға қиярмын  
Қайталанбас қайран жастық шағымды!..

\* \* \*

Сыбдыр-сыбдыр қамыс, құрақ,  
Шилі өзен, таныс тұрақ.  
Сол бір күндер алыс, бірақ,  
Шаншып кетті жүрегім...

Сыңғыр-сыңғыр күлкі бұлақ,  
Қызыл қияқ – түлкі құлақ.  
Ақ суатқа жылқы құлап,  
Келе жатыр бір үйір...

Қарай-қарай көзім талды,  
Бір-ақ уыс төзім қалды.

Кім түсінер сезімталды,  
Сағыныштың уын іші!..

\* \* \*

Бір адам табылмаса тілдесерге,  
Іштегі шер байланып тұз болады.  
Кеудемнен менің керуен жыр көшерде  
Кенеттен қабағыма күз қонады.

Сары күз, саған айтам сыр алуан,  
Сары қыз ұқпай кеткен, қара қыз да.  
Сонда да ұмытылмай бір ару ән,  
Бір аспалы көпір бар арамызда.

Қыркүйек айы мынау – сары шуақ,  
Сағыныш тағы мені салар сынға.  
Өткен күн суреттері бәрі шұбап  
Өтеді көз алдымнан, нанарсың ба!?

\* \* \*

Көзбен көре алмайтының күмәнсіз,  
Қолмен ұстау, тіпті, мүмкін еместей.  
Қапа болып, қайғырмаңыз бұған сіз,  
Меңдік арман басқаларға елестей.

Меңдік арман – бір бейкүнә періште,  
Қиянаты жоқ өзгеге қылдай да.  
Шақырмайды шағып тұрып шемішке,  
Басқа теңеу қажет емес мұндайда.

Желпіп өтсе қанатымен жаз келер,  
Бір жымиса толады ғой гүл қырға.  
Меңдік арман болғаны үшін өзгелер  
Басын иіп тәжім етер бұлбұлға.

Меңдік арман – тылсым әуен күйдегі,  
Үнсіз тындап, тек жүрекпен ұғатын.  
Арманыңды айтшы деуге именіп,  
Бір бойжеткен қарсы алдымда тұратын.

\* \* \*

Түнде жарық іздеймін жолға қарап,  
Медет тұтар алданышым сол менің!  
Қорқытады терезесі жарығы жоқ бөлменің.  
Қарауытқан қалың тоғай қойынында қауіп бар,  
Тарқаған ба көз ілдірмес түнгі серуен, сауықтар.  
Естілмейді «Қайықтаның» қайырмасы сиқырлы,  
Түнгі жарық әкеткен бе ұрлап менің ұйкымды.  
Жарығы жоқ телміремін біздің шолақ көшеге,  
Кеудемдегі үміт оты – ол да бір күн өше ме?!  
Жанарымда жанған шырақ – ол да бір күн өше ме?!  
Жүрегімде жанған жалын – ол да бір күн өше ме?!  
Мүмкін емес тұмшалауы мәңгілікке тас түнек,

Қалай құмға сіңеміз – біз бір асау тасқын ек...  
Жанұшырып іздеймін жалғыз жарық жан-жақтан,  
Қараңғы түн, тым-тырыс, тәтті ұйқыға ел жатқан.  
Ары-бері ағылған көліктер де тоқтаған,  
Жарығы жоқ жаһанда, шынында да, жоқ па мән!  
Жабырқадым, торықтым, жұмбақ жарық қайда бар,  
Келе жатыр жақындап жалғыз көзді айдаһар!..

\* \* \*

Сенің Көлеңкенді көрдім –  
Иілген, бүгілген, мүскін...  
Өзің есіме түстің,  
Нар едің, еңселі ер едің,  
«Адамның ерік күші – күдірет!»  
Дер едің!  
Сен баптаушы едің  
Тіршіліктің терегін.  
Түгенделіп қалған еді керегің...  
Кенет... соғып өтті қара құйын,  
Құйынға түскен тағдыр қиын,  
Көтере алмадың Тәңірдің сыйын.  
Енді Өзің жоқсың –  
Көлеңкенді көрдім  
Иілген, бүгілген, мүскін,  
Алба-жұлба екен үстің,  
Орны тұр үңірейіп  
сынған күрек тістің...  
Есіме Өзің түстің,  
Көлеңкең – Мүскін!..

\* \* \*

Ән айтылып біткендей,  
Күй шертіліп біткендей,  
Бүкіл дүние тым-тырыс  
Бір күрсініс күткендей,  
Бір жарылыс күткендей,  
Не болары белгісіз,  
Үнсіздіктен өлді Ой!  
Жүзін адам көргісіз,  
Жүзіқара дермісіз,  
Сапалақтар сан түрлі  
Самсап шыға келді ғой.  
Солар алды билікті,  
Саудаға да килікті,  
Солар мінді жүйрікті,  
Солар құшты сұлуды,  
Солар ашты есепті,  
Тұлпар деді – есекті,  
Сұңқар деді – торғайды,  
Жар салуда жарнама:  
«Жаңа қоғам орнайды!»  
Жә, жарайды, жарайды,  
Бейшара деп қарайды  
Жыр оқыған ақынға  
Күңірентіп сарайды.

Ақын жыры ауаға  
Оттегі боп тарайды!  
Жә, жарайды, жарайды!..

\* \* \*

Сенделемін,  
Басыма ойлар келіп сұрапыл,  
Адамдарға айтқым кеп  
артығырақ бір ақыл,  
«Сабыр, сабыр, тұра тұр?»  
дейді біреу сыбырлап,  
«Астыңғы ерні жыбырлап,  
Үстіңгі ерні қыбырлап...»  
Содан кейін ойларым  
Шашыраған жұлдыздардай сөнеді,  
Таң алдында біртіндеп...  
Осыған кім сенеді,  
Сенуі де мүмкін деп,  
Сыр бөліскім келеді,  
Ой бөліскім келеді,  
Жылағым кеп,  
Күлкім кеп!..

\* \* \*

Қабаған екен қабағат,  
Қызғаныш дейтін қызыл ит,  
Қан-жоса қылды қарадай.  
Қас пен қабаққа қарамай,  
Ақ пен қараны айырмай,  
Құзғын қанатын қайырмай,  
Түстеп-тануға жарамай,  
Талап тастады тым қатты,  
Ал қызыл болып таң атты,  
Қан қызыл болып күн батты,  
«Қаңғыған қызыл итке  
қайтесің сүйек тастап» деп  
Қараңғыда біреу тіл қатты...

## **ЖЫЛЖАБАР**

1989 жыл 31 желтоқсан

Өтер жылға өкпем жоқ,  
Өкпек желден ықпадым.  
Өмір мына өзгеріске ұшырауда ұққаным.  
Тұтқамын деп дүниеге шіренгендер еңкейіп,  
Тізгін ұстап азаматтар кеңпейіл,  
Ұл ойлауда жұрт қамын.

Тарихымда тұл тарау –  
ел басынан өткен кезең сұрапыл,  
Жүрегімде шаншу болып тұратын.  
Аштық, азап, нахақ жала жалмаған,  
Боздақтардың құнын сұрай алмаған  
Бейшаралық күн өтті.  
Арыстармен біз қайтадан табысып,



Түрдік түнекті.  
Қайталамау үшін қанды сойқанды,  
Қарғын шайып кетпеуі үшін  
қырат пенен ойпанды,  
Еліне сай Ер болсын,  
Елім үшін дер болсын!

Өтер жылға не деймін,  
Өстім, өңдім, көбейдім.  
Өшірсек деп өзек өртін Семейдің  
Халқым дабыл қағуда!  
Аралға су табылмай,  
көздің жасы көк өзен боп ағуда.  
Әрекетсіз әлдекімдер әлі де  
Оң мен солын бағуда.  
Осы менің өкінішім,  
Өтінішім көп еді,  
Өтіп жатыр көп кеңестер келелі...

Тілім еді – тағдырым,  
Тұман еді алғы күн,  
Тәрк етуге тіптен жақын қалған едім барлығын,  
Уақыт айтты жарлығын.  
Өтер жылға рахмет, өріс ашты тіліме!  
Әділетке жүгінем!

Өтер жылға «Қош!» дедім,  
Өмір дейтін көштемін.  
Ұмытылмас барлық бастан кешкенім,  
Келер ұрпақ тұтсын мұны жадына,  
Ұқсын ұзақ жол үстінде екенін,  
Жер үстінде – мекенін,  
Ұлтын, Тілін қорғап, сақтау арқылы  
Ұлы мақсат-мұратына жетерін!..

## **ЗАТАЕВИЧ**

Ол шарлапты қазақтың даласын кең,  
Әнін тыңдап мұң сіңген, нала сіңген.  
Үндескенін аңғарып, таңғалыпты,  
Үйлесіммен, ғажайып жарасыммен.

Ән мен күйден таныпты тағдырын да,  
Қарлы боран, ақ нөсер жаңбырын да.  
Түсіріпті нотаға талмай іздеп,  
Тапқан қазақ әнінің барлығын да.

Дос болыпты қазақтың ұлдарымен,  
Тілдесіпті далада кіл дарынмен.  
Қуат алып қазақтың әндерінен,  
Сусындапты халықтың жырларымен.

«Әу» дегенді тоқтатып, ән сұрапты,  
«Әнің қалай?» деп жұрттан хал сұрапты.  
Әміренің әніне қайран қалып,  
Естай әні көзден жас тамшылатты.

Ақан, Біржан, Ыбырай мұрасы бар,  
Бір асылды теңемей бір асылға,  
Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей,  
Ән-дария, күй-теңіз... ырасында...

Төбеден Күн қаншама аунамасын,  
Малшы қауым қарсы алды қаумаласып.  
Орынбордан басталған осы сапар,  
Өзен кешті, қар басты, таудан асты.

Ахмет, Сәкен, Бейімбет, Әлібиден,  
Әріп үйрен, дейді бұл, әнін үйрен.  
Сөзге қонақ беріпті әнмен өрген,  
Күйге кезек беріпті нар идірген.

Әлкей, Қаныш, Сәбиттен, Жүсіпбектен,  
Ән сұрайды тұрғандай түсіп көктен.  
Халық әні дегенде елеңдеген,  
Қаршығасы қайтқандай ұшып кеткен.

Жинап-терген қазақтың ән мұрасын,  
Ән мұрасы деген ғой мәңгі қалсын.  
Затаевич ұғыпты зар-мұңымды,  
Қасиеттеп қазақтың домбырасын.

Ән-күйімді қосқанмын сан дүбірге,  
Ән-жырыммен барамын алғы күнге.  
Затың поляк болса да, Затаевич,  
Қазақпенен жасайсың мәңгі бірге!

## **ТҮНГІ ОТТАР**

Түнгі оттар... үнсіз ғана ымдасқан,  
Жолаушының жол әуенін тындасқан.  
Беймәлім бір сыр айтады байқасаң,  
Осы шығар оқылмаған тың дастан.

Түнгі оттар... алып-ұшып жетер ек,  
Құштар көңіл, саған тағы не керек?  
Жүре бергің, жүре бергің келеді,  
Шырақ-үміт шақырғанда, жетелеп.

Түнгі оттар... жарық яки көмескі,  
Қарсы жақтан қоныр салқын жел есті.  
Жарығы мол Аймен, Күнмен сендерді  
салыстыру – мақсатым бұл емес-ті.

Түнгі оттар... бір өшіп, бір жанатын,  
Қараңғы түн жайған кезде қанатын.  
Күпиянды ұққым келді мен сенің  
Жәудіреген жұмбақ болып қалатын.

Түнгі оттар... аспандағы, жердегі,  
Болмақ емес көздің құмар ермегі.  
Өрттен өзге жарықтарға ұмтылу –  
Өлең болып маған тыным бермеді.

## СЕН ӘН САЛШЫ

Сен ән салшы,  
Мен тындайын түк үнсіз,  
Жан дауасы тіршілікте тынымсыз,  
Осы әннің ырғағында жатқандай,  
Жаймашуақ жаз күндері шыбынсыз.

Сен ән салшы,  
Мен тындайын тамсанып,  
Қу тірлікте жан жұмбағын аңсадық.  
Өзгеше бұл ән әсері шығар-ау  
Өшіп бара жатқан кезде жанса үміт.

Сен ән салшы,  
Мен тындайын елжіреп,  
Жұпарымен аймаласын жел жібек.  
Осы әнмен ұқтырасың бір сырды:  
Кел сағынып, кел сарғайып, кел жүдеп.

Сен ән салшы,  
Мен тындайын қамығып,  
Тағы да күз келер сырға тағынып.  
Қаңбақ-сезім жарға жыға жаздасын,  
Қаңғалақтап, құтырынып, қағынып.

\* \* \*

Жүректі дір еткізіп,  
Бүйректі бүлк еткізіп,  
Жүресің қыздырмамен күн өткізіп.  
Ештеңе өзгерместей,  
Бір есеп айырысар кез келместей.

Талғам, таным, түсінік құбылмалы,  
Құлшынасың сырына ұғынғалы.  
Қайшылыққа тұнып тұр тіршілігің,  
Жұмбақ әлем құрайды мұның бәрі.

Жартас тағдыр, жарымес толқын адам,  
Арылуы қиын-ау ол күнәдан.  
Ажалына жақындап жарты қадам,  
Тартып алам! – ұраны – артық алам!

Торығасың, содан ба, түңілесің,  
Тектен текке береді кім үлесін.  
Жүгіресің, жетпейсің, сүрінесің,  
Жүрегіңнің түбіне үңілесің...

Содан соң кірер есің,  
Көзіңнен қар ұшқындап түнересің.  
Екінді енді таяу, міне, бесін...  
Ештеңе өзгерместей,  
Бір есеп айырысар кез келместей!..

\* \* \*

Іздедім ізін қуып ізгі үмітті,  
Сықылықтап сары қыз – күз күліпті.  
Жаз дәуренді өткіздім бағаламай  
Басып-жаншып жүректе жүз бүлікті.

Көңілдің жайлауы да жабырқаулы,  
Көп нәрсеге қойыпшын таңырқауды.  
Жыр жазбай кетем бе деп қорқам кейде,  
Көрем де шөгіп кеткен жауыр тауды.

Періштені көргенмін, сайтанды да,  
Періні де көргенмін, сойқанды да...  
Бұлдырайды көк сағым арасынан  
Бөртостаған туралы айтам мына...

Бөртостаған маңайы сары жазық,  
Бұл аңсауды емдемес дәрі жазып.  
Бармағалы біраз жыл барады өтіп,  
Сағынғанда салатын сарын азық.

\* \* \*

Табиғатта таныдым бояу көбін,  
Жасыл жапырақ алады баяу демін.  
Құшағы ыстық ғажайып кең дүние,  
Не деген сұлу едің, аяулы едің!

Ауасын қанша жұтсам тойған емен,  
Тіршілік тәтті деген ойға келем.  
Топырағына табаным тиген кезде  
Жылу, қуат аламын бойға кенен.

Ұзаруын тілеймін жол шегінің,  
Аясында Уақыт өлшемінің.  
Туған жердің мен де бір бұлағымын,  
Табиғаттың мен де бір бөлшегімін.

\* \* \*

Бүйеннің жағасында алмалы бақ,  
Алқызыл алмасымен қалған ұнап.  
Сол бақтың түбіне кеп дамылдайды  
Балбұлақ іргедегі таудан құлап.

Алмалы бақ иісі мұрын жарған,  
Арманым көп еді ғой бүрін жарған.  
Ақ алма, қызыл алма... деп жүргенде  
Жазылмай алмадай көп жырым қалған.

Алдынан арманданың тосар бағы,  
Ұқсастықтар өрбиді қосарланып.  
Оянып кетем ылғи таң алдында  
Уыстап жатамын да қос алманы...

\* \* \*

Майдақоңыр ән еді, бұзылыпты ырғағы,  
Мақамына ұқсату қиын болып тұрғаны...

Әуелетер әуеннің тарылыпты тынысы,  
Әспеттеуге татымас сөз, ұйқасы, дыбысы...

Құлақ жарған айғайға қосылады ысқырық  
Қара терге түседі орындаушы қыстығып...

Осы болса, жас ұрпақ, саған тиген сыбаға,  
Рухани дүниең қандай күйде?  
Сұраман!...

\* \* \*

Бір тостаған ауа жұттым дем алмай,  
Тағы жұтқым келіп, тұрмын, сене алмай.  
Бұл Қапалдың ауасы ғой, ауасы –  
Түгін қапқан қолқамыздың дауасы!  
Мөлдір ауа, тұнық ауа, тазасы.  
Бір шелегін жұтсаң – басты жазасың.  
Бір бөшкесін жұтсаң – дерттен айығып,  
Көк теңізге шығар сенің қайығың.  
Арасанның ыстық суы – мың бір ем,  
Бір шомылып шыққаннан соң кірді рең.  
Аз-ақ күнде ақсақ тастап таяғын,  
Би билеуге икемдейді аяғын...  
Көк теректің көлеңкесін айтам ба,  
Жұпары мол жел еркесін айтам ба,  
Бикелердің наз үндерін айтам ба,  
Құрдастардың әзілдерін айтам ба...  
Қызық күндер қас қағым ғой, қарасаң,  
Қалдың кейін, қайран, «Қапал-Арасан».

\* \* \*

Алматының алабұлтты аспаны,  
Алатаудың алабажақ асқары.  
Ағаштардың етегін жел түреді,  
Алма бақтың сұрқай тартты реңі.  
Бұлақтардың бұрымдары қиылып,  
Бұлбұлдардың мың сайрамы тиылып,  
Көктөбенің кеудесі пәс, тұр төмен,  
Көшелерді көкшіл тұман бүркеген.  
Қаңғыр-күңгір шіркеулері кәпірдің,  
Қара қарға үстінде жүр шатырдың.  
Трамвайлар тырсияды ызадан,  
Тротуар толып кеткен мұз-адам,  
Жолдың бойы арақ-шарап дүкені,  
Қалтарыста қарақшылар күтеді.  
Қайыршылар қолын жайып құнысқан,  
Заман зарын ұқтырады зымыстан.  
Қату қабақ қайтқан жандар жұмыстан,  
Хал-ахуал сұраспайды дұрыстап.

Қара базар күндіз-түні қызады,  
Қыл сағақта тапшылықтың тұзағы,  
Нарық заңын ұғынбадық біз әлі. .  
Жаз қызығы, күз қызығы ұзады,  
Желтоқсанның жауратады ызғары,  
Қаңтардың да қалтыратар мұз-қары.  
Алатауды арқа тұтсам деп едім,  
Қамсау болмай шыршасы мен емені,  
Адамдары көкіректен тебеді,  
Алматыдан кетіп қалғым келеді,  
Кеткенде қайда барып оңалам дейсің?!  
1993 ж.

## ҚАҢБАҚТАР

Қоңырқай белде  
Қаңбақтар қашып барады:  
Тағдырдан қатал қаймығып,  
Жараспайтұғын жайды ұғып,  
Селеулер қалды қайғырып,  
Жынды жел жылап, күледі,  
Тағынан жұлып, тайдырып.

Қаңбақтар қашып барады:  
Асыққандай ма, япыр-ай,  
Тәттісін өмір татырмай,  
Опасыз екен жалған деп,  
Алдайды екен арман деп,  
Алданып қалай қалғам деп.

Қаңбақтар қашып барады:  
Құлазып қалды қоңыр бел,  
Қаңбақтың мұңын сол ұқты,  
Қамығатын да болыпты,  
Қаншама ғұмыр кешсе бұл,  
Қаншама ғұмыр солыпты.

Қаңбақтар қашып барады:  
Жоғалтып тірек-таянышты,  
Көзінен тірлік баян ұшты,  
Кезінде – тірі,  
ал қазір – өлі,  
Қозғалғаны қандай аянышты?!

\* \* \*

Құланиек таң атты,  
Қылаң үміт сиқырымен арбады.  
Орындалмай жүрген көп қой арманым.  
Дәмеленген көңіл шіркін тойымсыз,  
Дәлелдей ме боламын деп уайымсыз.  
Біле тұра, бұл бекер!  
Күндер өтер, айлар өтер, жыл да өтер,  
Ошақтағы сөнген шоқты үрлетер.  
Маздаған шоқ орынында күл қалар,  
Қурап-семіп құмырада гүл қалар,  
Құмға сіңіп сызашықтар, жылғалар,

Қайталанбас қайран ғұмыр ұрланар.  
Бәрі бекер екендігін толғаған,  
Болашаққа базынасын жолдаған,  
Баяны жоқ болса-дағы бәрінің,  
Жыр қалар!

Ал Өлеңнің өлмейтінін қызғанба,  
Жасқанбайды ол оттан да, мұздан да,  
Ұрынбайды ызғарға!  
Мүжілмейді Уақыттың желіне,  
Құласа да қарқаралы қорғандар,  
Өргенсе де ормандар,  
Жоқ болып – бар болғандар,  
Өзгерсе де бұл Өмір,  
Өлең өмір сүреді,  
Баяғыдай!

Жырдан жырақ жүргенді аядым-ай!  
Мені де аяп тұрғаныңды білемін,  
Алау жырға көзсіз ғашық ақыңдардың бірі едім.  
Ақиқатқа қараңдар!  
Өлмес өлең туралы сыр шертеді Замана,  
Қол қусырып, тұр үнсіз  
Ғасыр қария жағада!..

\* \* \*

Дәлелі жоқ дәрменсіздік тұсады,  
Дүниауи мұң шертеді құс әні,  
«Аттылардан жаяу жүріп өш алған»,  
Ардақ тұтсақ екен Жаяу Мұсаны.

Бұған дейін талай рет шегіндім,  
Бұзылмауын тілеп едім шебімнің.  
Тас-талқан боп жарылмасам өмірде  
Тарқамайтын сыңайы бар шерімнің.

Тірлік үшін тірнектеп жүр танысым,  
«Досыңа да, жауыңа да нан ұсын»,  
Дейді-дағы ымыраны құптайды,  
Қалай ғана мұқалмасын намысың.

Бағынышты бас шұлғиды бәріне,  
Ұшырамау үшін бастық кәріне.  
Жағымпаздық түгендейді ұпайын,  
Әттең, шіркін, барсақ дейміз әріге.

Алаяқтан алданып қап отырмын,  
Кереңмін мен, мылқаумын мен, соқырмын.  
Көп айтты деп көңілшектік жасаймыз,  
Көпке қандай қатысы бар топырдың.

Жаңаруды іздеу керек санадан,  
Санасыздық құрбаны ғой сан адам.  
Біз айналып өтпейтұғын өткел бар  
Өткел іздеп қажеті жоқ жаңадан.

\* \* \*

Қасқа жол апарады Қарауылға,  
Тірліктің тоқсан тоғыз тарауында.  
Қарайсың көз талдырып Шыңғыстауға,  
Таба алмай жүрсең көңіл қалауын да.

Қайда деп ұлы ақынның ел-мекені,  
Аңсайсың толса жүрек шерге, тегі,  
Қара бұлт үйіріліп Дегелеңге,  
Халықтың көз жасы боп селдетеді.

Қам көңіл қарасына қарайлаған,  
Қым-қуыт ой жүктеді талай маған.  
Қара жел болып кейде зар шегеді  
«Қазағым... қазағым!» деп Абай бабам.

Қасқа жол жеткізеді Қарауылға,  
Қазақ та ұмтылады-ай жаңаруға...  
Қара орман, ақ орда орнатсақ-ау,  
Қарауылды ұқсатпай әр ауылға!

\* \* \*

Кейбір кезде жұрт күлгенде күлмедім,  
Неге күлу керектігін білмедім.  
Немқұрайды езу тартсам еріксіз,  
Кекесінім сияқтанды бұл менің.

Кейбіреулер мұң шағады қамығып,  
Тұнжырайды қостаушылар табылып.  
Сондайда мен жын қаққандай күлемін,  
Бір сайтаным қытықтайды қағынып.

Бұл қайшылық бойымдағы мінім бе,  
Күле салсам кетпес еді түгім де,  
Жылай салсам кетпес еді түгім де,  
Бір кереғар сезім баурап алғанда,  
Әрі-сәрі күй кешемін бүгін де.

\* \* \*

Жылдар керуені,  
Жылдар керуені.  
Қош айтыса ма жастық серуені,  
Қош айтыса ма қимас күндерім,  
Базарлы шағым, дулы дүрмегім,  
Іздеумен жүрдім ылғи жыр кенін.  
Содан ба мынау қысқа ғұмырдың,  
Қас қағым сәттей қысқалылығын  
Білмедім.

Білемін, біраз жылдар өтті,  
Балалығым да бірге кетті.  
Шалалығым да бірге кетті,  
Бұзуым керек бір бөгетті,



Буыны жоқ қызыл тілді ешкім  
Күрмеменгі.

\* \* \*

Жүрегің жылап, көзінде тұрды тосын мұң,  
Шарасыз халін байқадың, бәлкім, досыңның.  
Безбүйрек өмір жасайды кейде қиянат,  
Сүріндің, бірақ, қатарға келіп қосылғын.

Мұңыңды шақпа, қолыңнан келсе тіс жарма,  
Сырыңды сенің білуге әркім құштар ма?!  
Жайрандап келіп, өзінді асқақ ұстауың  
Жарасар саған бойыңда қайрат-күш барда.

Ақтала көрме, алдымда менің төмендеп,  
Сұраған жоқпын солғындау жүзің неден деп.  
Кінәңді жуып-шаюдың жолын іздеме,  
Көлеңке болып қажеті қанша көлеңдеп.

Бір ғана сот бар – Ар соты оның шын аты,  
Арызың болса, айтарсың соған ұғатын...  
Керемет әуен кетпеген шығар келмеске  
Кеуденде сенің күмбірлеп ылғи тұратын!

\* \* \*

Қошамет пен сый-құрмет дәметпедім,  
Қажет емес қандай бір көмектерің,  
Тымырайған біреу деп сөггерсіндер,  
Тіс жармауым сонда да керек менің.

Жөн санадым тек үнсіз тыңдағанды,  
Жапырағы жанымның жұлмаланды.  
Жәреукелер жиыны жыр ұқпайды,  
Жанарыма кенеттен мұң қамалды.

Болмасын деп бекерге сөзім шығын,  
Тілсіз қалдым, демеймін төзім-шырын.  
Жақтырмаған жайымды жасырып ем,  
Айтып тұрған екен-ау көзім шынын.

Ала қарға десендер мейілдерің,  
Адамдардың танымын пейілдерін.  
Қара түнді жамылып жалғыз өзім,  
Жалғыз өзім келіп тұр сейілдегім...

\* \* \*

Қайран ауыл.....

бұрын талай көз көрген,  
Бірақ, мендей толқымайды кез-келген.  
Өзен өрлеп келем, өртеп өзекті,  
Қандай белгі қалды бала кездерден?!

Бұрын асқақ көрінген тау шөккендей,  
Белгісіз бір кеш-кереуен өткендей...

Қоңыр күздің қоңыр салқын кешінде  
Қырға шықтым әңгімемен шектелмей.

Жалғыз ағаш... ескі көпір... жарқабақ,  
Келдім... көрдім... сағынышым тарқамақ..  
Тарқамады сол сағыныш бәрібір,  
Кейін қайттым мол өкініш арқалап...

\* \* \*

Шымырлап, қайнап, бұрқылдап,  
Қиыр да шиыр жол салып,  
Сылқылдап күліп, бұлтылдап,  
Еркелеп еркін соншалық,  
Бұлақ бір дәурен кешеді!

Таулардан шыққан тас бұлақ,  
Тентексің, тұнық, тазасың.  
Жағанда жасыл жас құрақ,  
Жыр толқын-шумақ жазасың.

Тарам да тарам жылғамен  
Тараласың да жан-жаққа.  
Талғаусыз сейіл құрған ең,  
Тоғыстың арна-аумақта,  
Танымай қалдым сол уақта.

Өзіндік мінез өзгеріп,  
Өзенге кеттің айналып.  
Самарқау күйге тез көніп,  
Ағасың енді жайланып,  
Ағасың енді ойланып...

Тереңдеп кеттің тұңғиық,  
Тұнықтық қайда мөп-мөлдір...  
Кәусарға топан, құм құйып,  
Селдетіп нөсер төккен бір  
Кездерді бастан өткердің.

Өзендер, шулы өзендер,  
Ақ көбік толқын, арпалыс,  
Ақжағал иірім, жалтарыс,  
Бұрқанып бойда барша күш  
Өкіріп, жылап ағасың,  
Асығып қайда барасың?  
Тірлікте мынау қалтарыс,  
Балбұлақ кезің қалды алыс,  
Жас құрақ жауып жағасын...

\* \* \*

Мен қорқамын,  
Әр кеудеде үңірейген қуыс бар,  
Қарын қамын ойлап түгел туыстар,  
Ағайындар, бауырлар,  
Бүйте берсе, халіміз тым ауырлар,  
Батыр қалмай ту ұстар.

Бір-ер күндік билік қуған боз басқа,  
Шығындайтын сөз басқа.  
Шылауында кетпей мансап құрғырдың,  
Шындық үшін шырылдап,  
Айға қолын созбас па!

Мен сескенемін,  
Тиын сауған саудагердің сесінен,  
Қайда менің сатылмайтын несібем,  
Сеніміме сүйеніп тек өсіп ем,  
Осы сенің осалдығың демек пе,  
Қолын созған көмекке  
Қара құлы құлқынның.

Қан-жоса ғып мұрынын бұзайын деп,  
Ұмтылдым.  
Мұрттай ұштым,  
Темір шеңгел уысында бұлқыңдым.  
Жаға болып жыртылдым,  
Шеке болып жарылдым.  
Қайран қайсы қаһарына Қарынның,  
Қамын сонда кім ойламақ Ұлтымның?!  
Қайшылығын қараңызшы бұл күннің:  
Қалталыға ашылады бар қақпа,  
«Қалтам тесік еді» деп құр зар қақпа.  
Айғайласаң Теңіз ашуланады.  
Алтын балық ілінбейді қармаққа...  
Айтшы, сонда, жарқыным,  
Асыл арман түбі тесік қайықтай  
Жағалауда қалмақ па?!.

## ӘЖЕМНІҢ КЕБЕЖЕСІ

Әжемнің кебежесі керім еді,  
Қазір де көзіме ыстық көрінеді.  
Келіңдері шоланға шығарыпты,  
Шаңын сүртіп қоюға ерінеді...

Қозғады ғой мұңымды мүлік мына,  
Өткен шақты өзгелер ұмытты ма.  
Есіме алдым сол көне кебежені,  
Аузындағы сиқырлы құлыпты да.

Кейін тартып тұратын кегежені,  
Қиқар кылық,  
ашпаса кебежені,  
Әлде, әлде, мәмпәси қат болды ма,  
Құмарлығым соншалық неге жеңді?!

Әжем өтті, кебеже, құлып қалды,  
Бір бұрышта елеусіз ұмыт қалды.  
Көзден кетсе – көңілден кетеді шын,  
Мен өмірден осындай сыр ұққанмын.

Сол кебеже әлі тұр қаусамаған,

Айтамын сөз кезегі ауса маған.  
Кіп-кішкентай құлпы да бұзылыпты,  
Кезінде кәдімгідей дәу санағам.

Табылмапты жоғалған кілті әлі,  
Бұған, бірақ, белгісіз кім кінәлі.  
Әлди-әлди әжемнің шөбересі,  
Қолын созып құлыпқа ұмтылады.

Ойыншық деп ойлайды, білем, бала,  
Осы ойға бас иер кілең дана.  
Құлып емес, кілт емес, жүрегіме,  
Бар болғаны, керегі бір ем ғана:  
Әже, сені сағындым!

\* \* \*

Әйтеуір, тегін емес,  
Небір елес көшеді көз алдымнан,  
Бұрқырайды бейдауа тозаң құмнан,  
Маза бермей көшеде мазаң бір ән,  
Шындар шөгіп кешегі назар бұрған,  
Түк те шықпай, қайранмын, тазарудан,  
Бес уақыт намазын қаза қылған  
Иман кетіп барады қазағымнан!..

\* \* \*

Ақ дала аппақ бір өлеңдей,  
Аяздан табиғат именді.  
Жылырақ болсыншы дегендей,  
Қар басып қалыпты үйлерді.

Қиын бір кезінде тұрмыстың,  
Аяққа оралғы орасан.  
Қаһарын ұғасың бұл қыстың  
Қар басқан үйлерге қарасаң.

Бұйығы шықпасын ел үні,  
Берілме бірақ та уайымға.  
Ауылдың сенімді көлігі,  
Ағайын, ат-шанаң дайын ба?!

\* \* \*

Өткел іздеп өзен бойын құлдадық,  
Өрекпиді қара бура жыңданып...  
Буырқанып, кеміреді жағаны,  
Жолдағыны жалмап-жұтып ағады,  
Жайын көмей қайтсе тоят табады,  
Өңмең қағып жарды сүзіп барады.  
Қойтастарды қақпақыл ғып ойнады,  
Обырланып орғанына тоймады.  
Жайпап өтер жолбарыстай жаралы,  
Айдаһардай ашылыпты араны...  
Алдымызды қараңғылық қамады,  
Арғы бетте самсаған от жанады...

Күн кешкірді...  
Табылар бір амалы,  
Таң атқанша күтелік –  
Шамалы!..

\* \* \*

Ұқпадым...  
Бұл өмір түс нағыз.  
Түс көру жөнінен,  
Түс жору жөнінен ұстамыз.  
Өлген соң айналып кетеміз құсқа біз,  
Шөп болып шығамыз,  
Тал болып көктейміз,  
Ешқайда жоғалып кетпейміз.  
Бұрын да бір өмір сүргенбіз.  
Бұл өмір тәтті түс екенін  
соңда да білгенбіз.  
Қазір де білеміз!  
Білген соң бейғамбыз:  
ойнаймыз-күлеміз,  
Өңіміз – Өтірік,  
Тек қана Түс көріп жүреміз,  
Ұйқылы-ояумыз, міне, біз..

\* \* \*

«Өлең қалай?» деп сұрауды ұмыттың,  
Өлмей, тірі жүргенінді тәуба ғып.  
Өңмендеуден айтшы, сонда, кім ұтты,  
Өз кінәнді өзгелерге аударып...

«Өлең қалай?» дейтін досым жоқ бүгін,  
Өрге жүзген кемесімен ол кетті.  
Өзек өртер өкінішпен өтті күн,  
Жетім жүрек ешкімге де сенбепті.

«Өлең қалай?» дейтін сұлу қыз қайда,  
Өректіген сезім сонда лаулайтын.  
Кеуде тұсым шаншиды ма, сыздай ма,  
Бір алданыш бар ма көңіл аулайтын?!

\* \* \*

Бұлар – кәдімгі бәйтеректер,  
Ғасырмен құрдас бәрі,  
Ғаламат қайсарлығы.  
Өмірдің жыр-дастаны,  
Өнеге жайсаңдығы.

Бұлар – кәдімгі бәйтеректер,  
Шертеді сыр алуан.  
Шежіре әжімдері.  
Тағдырдың сынағына

Төтеген төзімдері...

\* \* \*

Сызашықтар дарияға айналуға жақын деп,  
Сендірумен келесің-ау сен мені.  
Күпі киген үш қазақтың үшеуі де ақын деп,  
Кемсітуге тым шеберміз өңгені!  
Құптар едім қалбалақтап, қолыңды алып, мақұл деп,  
Егескеннің – тек сенікі – жеңгені!  
Тәмам жұртқа жар салар ем: О, мұнысы ақыл деп,  
Өзге болса – Өлең болмай – Ермегің!

\* \* \*

Сыздағанында жетім жүректің,  
Мұздағанында қиянаттардан,  
Ұялап қалған көктемде кеп  
Өкпелеме деп қарлығашыма,  
Жардың басына қос тіктім қалай,  
Достықтың талай өтіп тезінен,  
Жетік сезінем сыр сақтағанды.  
Құрсақта қалды мен күткен арман!

\* \* \*

Өзің жоқсың, естимін дауысыңды,  
Елесіңе есеңгіреп ергенмін.  
Жар жағалап жүргенде бақ ұсыңдың,  
Ұстайын деп қолым соза бергенмін...  
Аспан аунап түсті де, жар құлады,  
Тағдырымның тар өткелі тайғанақ...  
Кісінейді арманның арғымағы,  
Сен қайдасың арман болған, Айқабақ?!

\* \* \*

Қара да отыр қасымда,  
Бара ма шашым ағарып.  
Қартайып қалам, расында,  
Қабакты түйсем қабарып.

Самайға түскен қырауға,  
Шарасыз күйде көнгенмін.  
Батпайсың сен де сұрауға,  
Байқатпай мен де келгенмін.

Еркелеп, асыл мойныма,  
Ертегім саған қызық па...  
Бір уыс қар сап қойныма,  
Жақындап қызыл сызыққа...

Бір сәттік көңіл күй деген,  
Түбіне тартып шыңырау.  
Тағдырға басын имеген  
Бұл да бір жұмбақ ғұмыр-ау!

\* \* \*

Таңғы шықтай шөптегі  
Күн көзіне құрғайтын.  
Менің қайғы шеккенім –  
Қарсаңым ғой жырлайтын.

Басын таудың бұлт алса,  
Жаңбыр болып жауар-дүр.  
Бақыт менен бұлтарса,  
Саған қарай ауар-дүр.

Бердім саған мол бақыт,  
Өзім титтей мұң алдым.  
Ұмытылмас сол уақыт,  
Өтер бастан мұнар күн.

Таңғы шықтай шөптегі  
Күн көзіне құрғайтын.  
Мен – мұңлық шеттегі,  
Тек өзінді жырлайтын...

\* \* \*

Болмағандай кешегі базарлы шақ,  
Орнағандай тыныштық тылсым үні.  
Жан қалқа жоқ жанымда жазар құшақ,  
Жазығы жоқ жүректі күрсіндіріп...  
Күреңқабак күн кешу бұйырғаны,  
Бұдан өткен жоқ шығар азап аса.  
Сағынышпен еске алып жиырманы,  
Ұйқы қашар түнде ой мазаласа...

\* \* \*

Адам – жұмбақ жаратылыс әуелден,  
Құпиясын ашу мүмкін еместей.  
«Сән-ау» дейтін күй тартып ем Кәуеннен,  
Мына ғұмыр өң мен түстей, елестей...

Сонда деймін, ойлансаңшы, жарқыным,  
Көк тіреген күдіретің не сенің?!  
Домбыраға құлақ түру арқылы  
Емделеді жүрек дертің, кеселің.

Сезімді тұсаулама бір ауық,  
Жарға соғып асау толқын жығылсын.  
Сырым осы сары күзде жылауық,  
Құлағы бар жүрек тыңдап ұғынсын...

\* \* \*

Қыл көпірден өттім талай құламай,  
Күндер көшті үдеріп,

Алағай да бұлағай.  
Жастық желік жарға жыға жаздаған,  
Ащы-тұщы дәмін таттым аздаған.  
Көз жіберсем көк сағым өткеніме,  
Қайран жылдар – қанатты тұлпарларым,  
Жүген-құрық көрмей-ақ кеткені ме,  
Бас асауды жуасытпақ бұғалық,  
Бұғалықты бұғау демей ұғалық...  
Өткел іздеп бір оңай,  
Көк өзенді кесіп өтпей,  
Жүрексініп тұрам-ай...  
Көзсіз батыр едім ғой кеше ғана,  
Бұ қалай?!.

\* \* \*

Жігері құм, төзімі тары, жасыған,  
Заманасы сөз асырған басынан,  
Күннен қорқып көлеңкесі қашып кеткен  
Қасынан,  
Көп бейбақтың мен де, міне, бірімін,  
Тек әйтеуір тірімін...  
«Шықпа жаным шықпаның» мәнісі не,  
Шідер үзіп, шығандар шаққа жеттім,  
Күресіп ем не үшін, алысып ем...  
Жөңкіледі төбемде шуда-шуда бұлттарым,  
Шығи шындық құйылған бөшкедегі  
Ащыдан бір ұрттадым... Ал онда –  
Тіл үйірер Өтіріктің дәмі бар...  
Ұқпадым!..

\* \* \*

Қызыл жалқын күн батты,  
Ымырт басты еңсені,  
Қымтап қара көрпесін.  
Күте-күте мен сені,  
Терек болдым теңселіп,  
Терезеңнің алдында.  
Әлде ұйықтап қалдың ба,  
Үкі байғұс үн қатты,  
Қырда бөрі ұлыды,  
Түн ортасы ауған ба,  
Тым-тырыс қой аулаңда.  
Төзіп, талып өзегім,  
Қой күзету кезегін  
Құдай маған қиғандай,  
Шыным осы имаңдай,  
Ұзақ түнді өткердім.  
Жем шашатын кептердің  
Бағы менен басым ба,  
Күліп-ойнап қасында  
Сырласуға жазбапты,  
Жұлдыздар да сөніп қала жаздапты,  
Білем, енді таң жақын,  
Ұйқың қандай қатты еді,  
Ұйқың қандай тәтті еді,



Кірпік ілмей күзеттім.  
Тоқтап қалған сағатымды түзеттім,  
Бұл бақытты шақ па еді?  
Бар ғой, бірақ, әттеңі...

\* \* \*

Құлақ жарар тыныштық түнектегі...  
Жүрек тоқтап қалғандай, дір етпеді...  
Әсірелеп тұрғам жоқ. Бұл – ақиқат,  
Басымыздан мұндай хал бір өтпегі...

Бәлкім, соны сезіндім тірлігімде,  
Бір ғасырдың жүгі бар бір күнімде!  
Бейкүнәнің жем шашып кептеріне  
Жалаң аяқ қар кешіп жүрмін, міне!

\* \* \*

Сырқатпын ба, саумын ба,  
Әлде, самарқаумын ба,  
Бұра тартып тұрамын бір бүйірге,  
Тапқан жоқпын содан пайда түйір де.  
От басында олақпын,  
Өз үйімде қонақпын,  
Түзде түзеп көйлегімнің жағасын,  
Түсіндірдім тіршіліктің бағасын.  
Өлең жаздым өрекіп,  
Қара сөзді қорек қып,  
Кімге қажет менің сырым, بازیнам,  
Сиқыр әуен – желге ұшқан қазынам!  
Жындымын ба, саумын ба,  
Өзіме өзім жаумын ба,  
Жұрт секілді неге тірлік кешпедім,  
Кімге керек менің теңіз кешкенім?!

\* \* \*

Тіршілік – түлкібұлаң,  
Тәлкекке түсіреді күлкі, күмән.  
Тұншығады көмейде ілкі бір ән.  
Ілінесің өкініш қармағына,  
Алданасың бал жағып бармағыңа,  
Қайталанған көрініс таныс бәрі,  
Қиюы қашқан ниет қабыспады,  
Жұмбақ арал жеткізбей, алыстады,  
Халі мүшкіл, жаралы, мертігулі  
Арқыраған Арманның арыстаны...

### **САРЫ МАСА – САРЫУАЙЫМ**

Сары маса – сарыуайым,  
Сен шығарсың сорым менің.  
Қараңғыда көрінбедің,  
Сордың тәтті қанымды.  
Сары таңға, бір Құдайға  
Жалбарыңдым, жалындым.

Мүшкілдігін халімнің  
Кім түсінер,  
                  қиындығын,  
Сұққылады миымды мың  
Қарғыс атқыр ызыңың.  
Ұйқың қанып күн-ұзын,,  
Ұштың қанға құнығып,  
Қатты шаршап, құлаған ем,  
Табыла ма мынаған ем,  
Алсам деп ем тынығып.  
Сорым болған, сары маса,  
Көрінші бір көзіме.  
Қанға көнің жарымаса  
Өз обалың – өзіңе.  
Менде қандай алатұғын  
                  ақың бар?  
Сенсіз-дағы сұм тіршілік  
Теспей сорып тамшы қанын  
Кетіп жатыр ақындар.  
Кетіп жатыр жүрегіме жақындар.  
Кетем менде бір күні,  
Өлеңімді оқымаңдар, оқындар!  
Сары маса, сірә, сенен  
болар менің Ажалым.  
Маза бермей, ыңылдаған  
Ажал үні – ғажап үн!  
Сары маса, жарымасаң –  
Қаным тегін, қанып іш.  
Қалса болды  
                  Сары таңға,  
                  Сары қызға,  
                  Сары өлең –  
Сағыныш!!!

\* \* \*

Қызыл көйлек киген қызбен қоштастым,  
Қызыл күндер ішінде.  
Қызыл түске қарыздармын  
Қызыл жалын махаббатым үшін де!  
Қызыл сөзге балама,  
Қызғалдаққа қызықпауға бола ма?  
Қызыл арай. Қызыл іңір. Күн батты.  
Тіпті қайран қаламын.  
Қызыл кітап парағын  
Аударамын, жабамын...  
Қызық өмір!

Кездестім де көк көйлекті аруға,  
Қол ұстасып болашаққа баруға  
Сөз байластық, жұптасып.  
Мейлі, бізді басқалар құптамасын-құптасын.  
Ағарып таң атыпты,  
Аялдатар амал қайсы  
Өтіп жатқан Уақытты...  
Қызыл көйлек киген қызбен қоштастым,  
Көк көйлекті ару менен сұрайды:

«Боламыз ба Бақытты?!»

\* \* \*

Күндер көшті күйбеңмен,  
Күйбеңдеуге кәдімгідей үйренгем,  
Терідеймін иленген иі жұмсақ.  
Қамаудағы тұтқын халін кешемін  
Қашып кеткім келіп тұрып үйден мен.

Қалмады ма амалым,  
Тар үйшікке арманымды қамадым,  
Таудай еді талабым.  
Қыран мінез қиялымның құстары  
Тұншықты ма түтініне қаланың...

Шошытады ғазауаты ғасырдың,  
Көңілімде алаң барын жасырдым.  
Қалай ғана басымнан сөз асырдым,  
Шарт сынуға шамам жетпей, иілдім,  
Содан шығар, ағарғаны шашымның.

Қорлық өмір осы да,  
Өкпе артқан ренжімен досыма.  
Бұл өтпелі кезең деймін күбірлеп,  
Бүлік ойлар үйіріліп басыма,  
Бұзу керек бұл шеңберді, расында!

\* \* \*

Көк түтінге көміліп,  
Көңілсіз ойға беріліп,  
Күйкі тірліктен жерініп,  
Отырамын кей шақта  
Он сан қайғы өріліп.

Өмірге неге келдім деп,  
Шынында осы мен кім деп,  
Әділетке сенгім кеп,  
Әлсізге теңдік бергім кеп,  
Ерлері қайда елдің деп,  
Ойларға кетем, өмірде  
Өте ме өстіп кем күн деп.

Керемет дейтін күн алыс,  
Көкжиектерім тым алыс,  
Болған соң бойда бұла күш,  
Қиындықтарға мойымай,  
Толарсақтан саз кешіп,  
Топ қызықтан баз кешіп,  
Өрге тартып өгіздей,  
Жүгі ауды дегізбей,  
Жүргенім бе жұбаныш?!.

\* \* \*

Жарық пен түнек,

Қарғыс пен тілек,  
Қарын мен жүрек,  
Қылыш пен күрек,  
Ақыл мен айла,  
Шығын мен пайда,  
Кесек пен майда,  
Жақын мен жырақ,  
Жауап пен сұрақ,  
Ызғар мен шуақ,  
Тозақ пен жұмақ,  
Кеңсе мен түрме,  
Туыс пен кірме,  
Жаза мен жүлде,  
Шығыс пен табыс,  
Ездік пен намыс,  
Көйлек пен кебін,  
Қымбат пен тегін,  
Үрей мен сенім,  
Бір сөзбен – Күрес:  
Өмір не өлім!

### **ХАТТАР СЫРЫ**

Тірлігінді қуаттар ма, қостар ма,  
Туыстарға, таныстарға, достарға,  
Хат жолдағың келеді екен кейде бір,  
Қыруар іс тұрса-дағы жоспарда.

Ауыл, аймақ амандығын сұрайсың,  
Халдің жақсы-жамандығын сұрайсың.  
Өзіңменен бірге оқыған парталас  
Достарыңның мамандығын сұрайсың.

Туған-туыс тұрмыс-халін сұрайсың,  
Көктемдегі жыл құстарын сұрайсың,  
Туған жердің топырағын сағынып,  
Бір уысын, бір мысқалын сұрайсың.

Кімнің тойы өткендігін сұрайсың.  
Кімнің шалғай кеткендігін сұрайсың.  
Кімнің үлкен арман қуып, ақыры,  
Кімнің соған жеткендігін сұрайсың.

Хат болған соң сыр ашасың, әрине:  
Әке-шешен қартайғанын жазасың,  
Немересі марқайғанын жазасың,  
Өз көңілің баяғыдай болғанмен,  
Бір толып, бір ортайғанын жазасың.

Тіршіліктің күйбеңдерін жазасың,  
Ой-санаңның түйгендерін жазасың.  
Қара бала таңырқаудан басқа да  
Бір нәрселер үйренгенін жазасың.

Аспаныңның ашықтығын жазасың,  
Мақсатыңның қашықтығын жазасың.  
Құмар жүрек сол он сегіз жасында

Қыз бен гүлге ғашықтығын жазасың.

Бәрін сұрап, бәрін жазу мүмкін бе,  
Хат жолдады екен тағы кім кімге?  
Хатқа сыймай қалған сезім тамшысы  
Өлеңімде жәудіреді бұл күнде...

\* \* \*

Өзіме өкпелімін.  
Жегі құрттай кемірген кетпеді мұң.  
Жарға жақпай қылығым, досқа жақпай,  
Отқа майды құямын босқа жатпай.  
Білем жұрттың сезетін-сезбейтінін,  
Бәрін көре бермейді көз дейтінін.

Өзіме өкпелімін,  
Өмірдің болса-дағы өткелі мың,  
Өтіп жатыр күйбеңмен текке күнім.  
Өгеймін, өзгелерден шеткерімін.  
Шатырды паналаймын деп жүргенде  
Қанаты сынған үміт кептерімін...

### **СОЛ БАЯҒЫ БІР ЫРҒАҚ**

Өзгермейтін сол баяғы бір ырғақ,  
Бір ырғақпен өтетіндей ғұмыр нақ.  
Жылдар ұрлап, апта ұрлап, күн ұрлап,  
Соның бәрін бір ырғақпен жұмырлап,  
Жүргеніңе кейде қаның қайнайды  
Шымыр-шымыр, шымыр-шымыр, шымырлап...

Содан бірде саласың кеп ойбайды,  
Оған ешкім назар бұра қоймайды,  
Жүйкесі тым жұқарған деп ойлайды,  
Селт еткендер сені сөзге таңады  
Сыбыр-сыбыр, сыбыр-сыбыр, сыбырлап...

Жон арқанда құмырсқа жүр жыбырлап,  
Өзіңменен өзің ойнап тығылмақ,  
Сол қайтадан бір ырғаққа түсесің  
Қыбыр-қыбыр, қыбыр-қыбыр, қыбырлап...  
... Сөйтіп жүріп тапсам дейсің мың ырғақ!

### **НАМЫС НАЙЗАҒАЙЫ**

*Нұртай САБИЛЬЯНОВҚА*

Ерліктерді зерделеген жұрт ойға,  
Перде бола алмайды ғой бұлт Айға.  
Жас пен кәрі қайран қалып қараған,  
Желтоқсанда жалындаған Нұртайға.

Алмасса да бір қуаныш, бір қайғы,  
Жеткіншектер Ерлік жырын шырқайды .

Өр Намыстың найзағайы деп білем,  
Желтоқсанда жарқылдаған Нұртайды.

Топ ішінде тұлпар болар бір тайың,  
Тілектес боп ұланыңа жүр дәйім .  
Желбіреткен намысыңның жалауын –  
Желтоқсанның қаһарманы Нұртайың!

\* \* \*

Бұлақ бүгін мені ойға қалдырды,  
Өуеніне қосты бөтен мұңды ырғақ.  
Бір сағыныш жүрегімде жаңғырды,  
Құлағымда күміс күлкі сыңғырлап.

Тым тәкаппар ұстап өзін көк терек,  
Мен секілді күйін кешті сыңардың.  
Жүрсің бе сен әлде маған өкпелеп,  
Сағынсын деп жырақ кеткен шығармын...

\* \* \*

Ертеңімнің дидарынан нұр көрем,  
Айлар өтіп, жылдар өтіп дүрбелең,  
Ата қазақ көшін түзеп алған соң  
Жетеді деп сенем сондай күнге де.

Қолымызға ұстайтұғын Құран бар,  
Ана тілін ардақ тұтар ұландар.  
Әдет-ғұрып, салт-дәстүрім жаңғырып,  
Шығып келе жатырмыз біз тұманнан.

Ертең... Ертең... Емексіткен ертегім  
Ертеңімнің жырын бүгін шертемін.  
Қазақ елін бүкіл әлем таниды,  
Жел кернейді үмітімнің желкенін.

Еліктіріп ертең алар асулар,  
Елдікті ойла, кәрің де бар, жасың бар.  
«Мына қазақ қайтеді-ей!» деп қарасын,  
Миығынан күліп, келер ғасырлар.

\* \* \*

Теректің төге жаздап теңгелерін,  
Ұйтқып-ұйтқып соғады жел дегенің,  
Терек тірі адамдай бұлқынады,  
Тулағанын дәл бұлай көрмегенмін.  
Әрі сермеп бұтағын, бері сермеп,  
Теректің ыңғайы жоқ келісерге.  
Ақырын басу айтып көріп едім,  
Тынды жел, жұрт тентекке телісе де...

\* \* \*

Белгісіз күн өткені, түн өткені,

Баурайды бір тылсым күй түнектегі.  
Тірліктен болмашы бір хабар берер,  
Жүректің әлсіз ғана дір еткені.

Ұнайды кейде маған осы бір күй,  
Жалғыздық болушы еді досым ылғи.  
Бір сайтан сыбырлайды құлағыма:  
«Ей, пенде, елегізбе, есінді жый».

Түк емес мына асу, мына белес,  
Баянсыз бұл да сағым, бұл да елес.  
Бір сайтан сыбырлайды құлағыма:  
«Ей, пенде, өлең жазу күнә емес!..»

\* \* \*

Өрік гүлдеп тұрған кезде жауған қар,  
Табиғаттың тәлкегі.  
Өкініші өзегімді өртеді.  
Ызғар ұрып жас өскенді, бүршікті,  
Тұла бойым түршікті.

Ерте гүлдеп еді менің арманым,  
Енді бүгін ертегі.  
Қарлы жаңбыр тереземді шертеді.  
Қатал кезең уысында ұстады,  
Кешікті жыл құстары...

\* \* \*

Бірде жарық, енді бірде көлеңке,  
Бірде шуақ, енді бірде ызғарлы,  
Бәрімізге ортақ мынау кең өлке  
Жамылып ап жатыр, міне, мұз-қарды.

Бірде күлкі, енді бірде жылау-зар,  
Бірде шаттық, енді бірде мол қайғы.  
Табаныңның астында жер мың аунар,  
Тіршілікте көңіл бүтін болмайды...

\* \* \*

Кеше ғана жалын еді жанымыз,  
Күшті едік, сұлу едік бәріміз.  
Кеше ғана таулар биік, зор еді,  
Қол созымда тұрушы еді керегім.  
Кеше ғана дос іздеуші ем сабылып,  
Жасыл бақтар жырдан алқа тағынып.  
Кеше ғана сүйіп едім бір қызды,  
Керімім деп жанған жарық жұлдызды.  
Кеше ғана арман құдым алқынып,  
Жыр жазушы ем қанат бітіп, шарқ ұрып.  
Кеше ғана жаңбыр еді ақ тілек,  
Мойынға өзі оратылып ақ білек.  
Кеше ғана тау бұзардай екпінім,  
Қызық қуып өтуші еді көп күнім.  
Кеше ғана дүние кең көрінген,

Кең әлемді шарлап шығам дедім мен.  
Бүгін неге жалғыз қалдым, күрсіндім,  
Болғаны ма бір сырдың!?.

\* \* \*

Хат келмеді,  
Үргедек ой жайлады от кеудені,  
Үкідейін елендеп жүргенімде,  
Үміттендірдің бе әлде текке мені?!

Хат келмеді,  
Қос парақ қымбат па еді дәптердегі.  
Хат жәшіктің түбінде қалды ма әлде,  
Бөтен хаттар бүгінгі әпкелгені.

Хат келмеді,  
Хабаршыны күткендей көктемдегі,  
Жұбатқан боп қоямын өзім-өзім  
Жолаушыдай бір қиын өткелдегі.  
Хат келмеді...

\* \* \*

Неге сенің қабағыңда бұлт тұр,  
Неге сенің жүзің жаңбыр жуғандай.  
Есік қағып, келген кезде қырық бір,  
Елеусіздеу, қиылып бір туғанда Ай.

Неге сенің көңілінде сары күз,  
Неге сенің ашық емес аспаның.  
Қастық ойлап жүргендей бір кәрі қыз,  
Қызғаныштың өрті қамап қас қағым.

Неге сенің жүрегінде секем көп,  
Неге сенің салған әнің нала-мұң.  
Ал мен неге тым алаңсыз екем деп,  
Саған қарап, ойға батып қаламын...

\* \* \*

Естігім келіп күнде дауысыңды.  
Телефонның құлағын бұраймын кеп.  
Қалай сен қызыл тілмен бал ұсындың,  
Ұмытып кетем ылғи сұраймын деп.

Естігім келіп күнде өз үніңді.  
Телефонға бермедім маза-тыным.  
Жеткізе алмадым да сезімімді,  
Еселене түсіпті жазатыным.

Естігім келіп күнде наз-өкпенді.  
Телефонды тыңдадым табындым да.  
Сұрайтын енді сенен кезек келді:  
Сен мені сағындың ба? Сағындың ба?!

\* \* \*



...дегім келді,  
...дей жаздадым,  
...демедім.  
...деп айтуға дәті жетпес демегін.  
...дегенімде, дір-дір етіп ерінің,  
...дерің анық: «дәлелдегін себебін!»  
...демедің?!

\* \* \*

Сондай әсем тігуші едің сен кесте,  
Сонау күндер кетті білем келмеске.  
Келіншек боп күлімдейсің, япыр-ай,  
Шарасызбын өз көзіме сенбеске.

Дәурен екен алар болсам енді еске,  
Сен қайтадан келмейсің ғой он беске,  
Мен қайтадан келмеймін ғой он беске,  
Өкінудің жөні қайсы өнбеске.

Сабағыңды оқушы едің сен «беске»,  
Сабағымды оқитынмын мен «беске».  
Енді бүгін екеумізде дәрмен жоқ  
Махаббаттан «Екі» алғанға сенбеске!

\* \* \*

Түнде мені тұрғызған төсегімнен  
Мазасыздық алауы лапылдады...  
Тамызық сап сол отты көседім де  
Ұйқыдағы бейбақтар қапы қалды.

Мазасыздық алауын өшірмедім,  
Махаббатты баяғы табамын ба?  
Мені сүйген қара қыз, кешір мені,  
Қайта барып қақпанды қағамын ба!

Мазасыздық алауы жүрегімде,  
Махаббатқа деседі ғой нүкте жоқ.  
Түнде ғажап мен өмір сүремін де,  
Күндіз әлгі кереметтен түк те жоқ.

\* \* \*

Қапияда қалған екен қансырап,  
Үмітімнің таңып бердім жарасын.  
Қайыршыдай қол жаяды нан сұрап,  
Қайран заман, қайда маңып барасың?!

Жаралы Үміт іздеді ме жан сауға,  
Қабағыңда өкпе менен нала бар.  
Бой алдырмай сағынуға, аңсауға,  
Базар кезіп кетті, тіпті, балалар.

Қаңға бөгіп жатты Үмітім үндемей,  
Қарақшының қанжарына ұрынып.

Қасыма бұл келген адам кім демей,  
Қарауға да қауқары жоқ бұрылып.

Жаралы Үміт жазыла ма, осыдан,  
Жанарында тірлік оты жана ма...  
Қан жоқ, сөл жоқ әлпетінен шошынам,  
Әлде, мәңгі мүгедек боп қала ма?!

\* \* \*

Бұл дәурен өте шығар қас қағымда,  
Жұлдыздар ағып жатыр аспанымда.  
Бітірмей кетем бе деп қорқам кейде  
Бір дастанды ғажайып бастадым да.

Шұбырған көш-керуен жылдарым-ай,  
Жамауға жыртық көңіл жүр жарымай.  
Жарым-жарты, өң мен түс жалғанда бұл  
Жартаспын таудай толқын ұрған ұдай.

Жартас құлап, жағадан құм көшеді,  
Болжапты болашағын кім кешегі.  
Төбеге айналары тағы да хақ,  
Асқар тау аласарып, мүлде шөгіп...

Баянды не бар дейсің тірлікте бұл,  
Дүдәмал дедек қағып, дүрліккенің.  
Ғұмырың ұзақ болсын, қысқа болсын –  
Қосқандай бір нүктеге бір нүктені!

## **ҚОС ҚҰЛЫНЫМ**

Қобызға домбыраның қостым үнін,  
Ержетіп келесіңдер, қос құлыным.  
Сендерге тек қамқоршы әке емес,  
Сырласар да сыйласар доспын бүгін.

Сендер аман болыңдар, қос қанатым,  
Бәйгеден келер деймін қосқан атым.  
Қара қылыш секілді қақ жарыңдар,  
Кездерінді көрмейін жасқанатын.

Бір біріңе жүріңдер жігер беріп,  
Тұсалып та қалмаңдар, шідерленіп.  
Қос қолтықтан екеуің сүйегенде,  
Төрт құбылам тұрады түгелденіп.

\* \* \*

Алыс кеттім, әдейі көпке кеттім,  
Жаныңда жүргенде көп өкпелеттің.  
Мен саған сағат сайын еркелеппін,  
Сезімімді ешқашан шектемеппін.

Менсіз де күн көруге көндіге бер,  
Білмеймін қанша жаз, күз енді келер.  
Бір сапарым – болады соңғы сапар,

Жүректің тоқтар күні белгіленер.

Осыны жазбағаным жөн бе еді,  
Өшкен жанып, бұзылған жөнделеді.  
Сенген едім сергимін, серпілем деп,  
Арасанның ауасы емедемеді...

\* \* \*

Көзіндегі мұң ба, әлде қайғы ма,  
Жаныңа жай таптырмайды қай күнәң.  
Жадыратар, бәлкім, күнде тыңдасаң,  
Бабамыздан қалған мұра, байлық ән...

Көзіндегі өкініш пе, ыза ма,  
Көбіне-көп мән бермейміз біз оған.  
Қабағыңа бұлт үйіріп кетті ме,  
Қайран жастық бірте-бірте ұзаған.

Көзіндегі сағынш па, уайым ба,  
Айтқың келіп, айтпадың не жайында.  
Жылап алып, жеңілдесең болмай ма,  
Кеудең шерге толып тұр ғой, мойында...

\* \* \*

Әбден мүмкін от болып жануларың,  
Әбден мүмкін ғашық боп қалуларың,  
Аймалаңдар, құшыңдар, ей, жігіттер,  
Аялаңдар даланың аруларың.

Болса-дағы жорықта олжаң қалың,  
Боямасыз шындық боп болжамдарың.  
Көзін ілмей күтуде, ей, жігіттер,  
Баян сұлу, Қыз Жібек, Тоғжандарың.

Махаббаттан табасың жан азығың,  
Махаббатты шертеді әр аңызың.  
Қолдарыңнан келгенше, ей, жігіттар,  
Қадірлеңдер қазақтың қара қызың.

## **ҮШІНШІ БӨЛІМ**

### **ТӨЛЕГЕТАЙ ҰРПАҚТАРЫ**

Ұлы Дала төсінде құм  
Басылады бұрқап барып...  
Ұлы тарих көшінде бұл  
Төлегетай ұрпақтары.

Шығыстағы, Батыстағы  
Қорғап қырық тұр қақпаны,  
Найман шалдың атұстары –  
Төлегетай ұрпақтары.

Қарындасты жылатпаған,

Кеудесіне гүл таққаны,  
Намыс туын құлатпаған,  
Төлегетай ұрпақтары.

Қорғап жаудан тау-даласын,  
Қанмен жуған қыр қапталын.  
Қалдырмаған дауға басын,  
Төлегетай ұрпақтары.

Жолын түзеп азат күнге,  
Алаш жырын шырқап бәрі.  
Аты аңыз, қазақ, міне,  
Төлегетай ұрпақтары.

Күтетіндей Айдан қонақ,  
Шыңға қонар шырқап барып.  
Төрт тарапқа жайған қанат,  
Төлегетай ұрпақтары.

Уақыттан да ұтасындар,  
Ұйыстырсын ұрпақ қамы!  
Ұласындар, тұтасындар,  
Төлегетай ұрпақтары!

### **ЫРҒЫЗБАЙ АТА (1787 – 1850)**

Шапағатың тиді дүйім халыққа,  
Ем-дом жасап сырқаттарға жалықпай.  
Әулием деп өз тұтады ұрпағың,  
Әуелетіп атақ-даңқың танытқан.

Тарбағатай тасын-шөбін таныған,  
Қымбат санап қасқалдақың қанынан.  
Дертке дәру дәрі шөпті тапқанша,  
Маза-тыным бермегенсің жаныңа.

Қара бастың қамы емес мұратың,  
Даңқың асып, дәуірлеп-ақ тұратын.  
Құнанбайын емдемесең қазақтың –  
Қайдан туар Абай сынды ұлы ақын!

Тәу етеді басыңа кеп мың ғаріп,  
Бір Алланың құлақкесті құлдары.  
Өйткені өзін мұңын ұқтың зарлының,  
Өткіншіге мойыныңды бұрмадың.

Жас та кәрі басыңа кеп түнеген,  
Жазылады не бір сырқат үдеген.  
Жыл бойына үзілмейді жолаушы  
Жапа шеккен, жабырқаған, жүдеген...

Қасиеттім, айналдың да аңызға,  
Қаншама жан болды саған қарыздар.  
Жырға орап жеткіземін дұғамды –  
Жалғыз тамшы көк теңізге тамызған.

## ТАРАЗ

Тасқа жазған тарихымның бір тарауы – Таразда,  
Аңырақай жел жеткізген тебіrentіп жыр-аңыз.  
Рухымды тірілттім де таңбаладым қағазға,  
Артық бір сөз қосқаным жоқ, Тарих шалдан сұраңыз,  
Зуылдаған Уақыт та басын иген сабазға...

Талас-Ассы қойнауынан қыш-құмыра табылған,  
Анау Қытай, Үндістанның, Византия, Парсының,  
Ресейдің көпестері ары-бері ағылған,  
Ат байлар тұс. Дауысына құлақ түріп жаршының,  
Замананың өкпек желі ұйтқи соғып, қағынған.

“Та-Ло-Се” деп қытай жазып қалдырыпты бір дерек,  
Арғы бабам Сақ пен Үйсін мекендеген бұл қала.  
Рәуішті сарай салып, шахристан гүлдемек,  
Айбынымен қорған болып патшаға да, құлға да.  
Запыраны, зар-мұңы да тасты жарып жүлгелеп...

Түріктердің түмендері түйістіріп төстерін,  
Айша-Бибі ай сырғасын лақтырыпты аспанға.  
Рабат бақ жұпар исі бұлт болып көшкенін,  
Айтып-айтпай неге керек, мейманасы тасқанға,  
Зырылдаған ұршықтың да үн-ырғағы өшкенін...

Тұйықталған Жібек жолы Таразға кеп қыр асқан,  
Арғы-бергі шежіреге қызықпайтын жастар аз.  
Рух пен Тіл, Діл менен Нұр ұласқан,  
Асқақтасын даңқың сенің, көне Тараз – жас Тараз,  
Зарықтырып, сағындырып, сүйіндіріп сыр ашқан!

## БЕС ЖЫЛ ӨТТІ

Бес жыл өтті дегенге кім сенеді,  
Бірге қатар бәріміз жүрсек еді...  
Қоштасайық дейсіңдер күліп тұрып,  
Болғаны ғой мұның да бір себебі.

Бес жыл өтіп кетті ме шыныменен,  
Қызықты күн, қылықты түніменен.  
Құм сияқты сусыған уақыт-ай,  
Қарашықта кетті ғой тұнып өлең.

Бес жыл өтті, қайтеміз, өткені ғой,  
Құба тал да бес рет көктеді ғой.  
Бес жыл деген қас қағым сәт екен ғой,  
Романның бес-алты беттері ғой.

Бес жыл өтті, білемін, түспенен тең,  
Уақыт – мықты, уақыт – үстем екен.  
Жыр жазған күн мен үшін бақыт еді,  
Басқа күнге бармақты тістеп өтем.

Қабыл алсын бұл ойды қоштаса кім,  
Жасамаймыз уақытқа босқа шағым.

Жастық шақтың жазира жайлауында,  
Студенттік жылдармен қоштасамын...  
29.06.1978.

## **ОЙ СОҚПАСЫ**

Кұлы болмай ортаның,  
Өз ойыммен өскен ем.  
Пасықтардан қорқамын,  
Пысықтардан сескенем.

Қандай жаман ерініп,  
Мақсатына жетпеген.  
Жандайшаптан жерініп,  
Жағымпазды жек көрем.

Өмір – өзен үңілдім,  
Алтын балық аулаттың.  
Тасбауырдан түңілдім,  
Тоғышардан аулақпын.

Не ұтамын, ұтпаймын.  
Өзімді өзім қажадым.  
Оспадарды ұқпаймын,  
Опасыздан ажалым!

## **ЖЕСІРДІҢ СЫРЫ**

Жүремін мен де жайрандап,  
Кеудемді шалқақ ұстаймын.  
Қарайды сырт көз қайран ғап,  
Таранған тоты құстаймын.

Көңілім кеште алаңдар,  
Жылаймын сонда бейуақ.  
Ес біліп қалған балам бар,  
Түсінер бәрін кейін-ақ.

Мүсіркеп кейде қарайды,  
Мүләйім мүскін сырласым.  
Ақыл да айтар, жарайды,  
Айтқысы келіп тұрғасын...

Ойнақтап жүріп от бастым,  
Опасыз болды сенгенім.  
Перзентім үшін соттастым,  
Неге де болса көнгемін.

Десем де арақ кінәлі,  
Аздырған жалғыз арақ па?  
Жууға болмас күнәні  
Сиядай сіңген паракқа.

Жүзімде тұрған мұң табын,  
Жасанды түрде жоямын.

Еркектен етек қымтадым,  
Емексітпей-ақ қоямын...

Сақылдап тұрып күлемін,  
Сызылтып әнге саламын.  
Қайғымды өзім білемін,  
Қаймығып содан қаламын.

Жоғалтқан байын мәңгіге,  
Жап-жаспын, бірақ, жесірмін.  
Біреуге бұл да әңгіме  
Білмейді барын не сырдың.

Емеспін мұқтаж сүйеуге,  
Қолыңнан келсе жығып кет.  
Шықпаймын енді күйеуге,  
Осыны айқын ұғып кет...

Жылдарым мойын бұрмады,  
Жаралы ғұмыр өткерем.  
Көз жасым мүлде құрғады,  
Өмірді өте жек көрем!..

Жалынды жастық алдады,  
Мен неге бекер күйемін?!.  
Көз жасым мүлде қалмады,  
Өмірді, бірақ, сүйемін!..

\* \* \*

Жел ұрып кейде іргеме,  
Жетеге ұғым жетпейді.  
Дәруіш болып жүр деме,  
Дәлдүріш азап шекпейді.

Жоғалттым нені білмеймін,  
Жабырқау күзге ұрындым.  
Қозасын ойдың үрлеймін,  
Бүгіннен ыстық бұрынғым.

Көктемде көңіл лепірген,  
Кешпеймін күйді баяғы.  
Өтерде ылғи көпірден,  
Кетердей тайып аяғым...

Ұмтыламын да жан салып,  
Ұшсам ғой дедім қалықтап.  
Қарасын қауым тамсанып,  
Құштарлық сырын анықтап.

Осындай халге бейілмін,  
Оранып ойға бұлыңғыр.  
Құлыбын ашып зейіннің,  
Құлын-жыр, соны ұғындыр.

Жел ұрып кейде іргеме,

Жетеге ұғым жетпейді.  
Дәруіш болып жүр деме,  
Дәлдүріш азап шекпейді...

\* \* \*

Біреулердің дұрыс шығып есебі,  
Біреулердің жолын біреу кеседі,  
Біреулердің миын ақша теседі,  
Біреулердің қайтқан емес меселі,  
Бір қарасаң, бейкүнәға өмірде,  
Бірқаншама қиынырақ деседі.

Бір танысым табыс тауып көлденең,  
Танымады барғанымда елге мен,  
Оған мен де сонша көңіл бөлмегем,  
Қарттарыма сәлем бере келген ем!  
Жан жүдеген кезде ылғи ойладым,  
Ауылыма барсам болды емделем!

Таланттарды танитындар аз мүлде,  
Тоғышарлық қорқытады бәзбірде,  
Ұнамасын жаймашуақ жаз кімге,  
Маңдай терді мадақтайсың, жазасың,  
Біреулерге жазбадың не, жаздың не!

Ерен еңбек сүйенерім, сенгенім,  
Жыртық жамап, бұзылғанды жөндедім.  
Біреулерге жұмыр басты пендемін,  
Ертегілер елін кезіп келгенмін,  
Тер төгумен жетсем дедім мұратқа.  
Қуат беріп қиындықты жеңгенім.  
Өз күшіме сенгемін!

1986 ж.

\* \* \*

Тоқсан тарау жол қашыпты жан-жаққа,  
Болашақты қиялдаушы ек болжап та...  
Жазылмайды жұбымыз деп жүрдік қой,  
Біздер мәңгі бірге жүрер жол жоқ па?!.

Құрдастарым, құрбыларым, достарым,  
Бақытты шақ болды қалай қас қағым...  
Қайда, қайран, уайымсыз, камсыз шақ,  
Қайда, қайран, зілсіз әзіл-оспағың?!.

Мәңгі бірге боламыз деп жар салдық,  
Қызыл сөз боп шыққаны ғой қарсандық,  
Қырық құлып ашылады бір кілтпен  
Қырық кілтпен ашылмайтын бар сандық...

**СӨЗ МӘНІ**



Есіме түссе ескі күн,  
Еріксіз езу тартамын.  
Толағай таудың кескінін,  
Бетіне сыздық партаның.

Тарихтан берген бір ағай,  
Бұларың қате дегенде.  
Бір күйді кешіп бұлағай,  
Телміріп тұрдық еденге.

Мәнісін сезбей бұл неге,  
Мұғалім сонда тосылған.  
«Алысқа қарау, кімге де,  
Керек қой!» деді тосыннан.

«Алысқа қарау керек!» – деп,  
Қайталай бердім байқамай.  
Айтуға мұны себеп көп,  
Өтті ғой содан ай талай.

Қарадым заңғар тауларға,  
Қарадым зеңгір аспанға.  
Қол бұлғап тұрды, дау бар ма,  
Дегендей: «Бала жасқанба!»

Қарадым қайтқан құстарға,  
Қарадым қашқан киікке.  
Қарадым қиян тұстарға,  
Қарадым ылғи биікке.

Жанарым кейде жасаурап,  
Қызықтан жүрдім құр қалып.  
Ұзатқан қыздай жасаулап,  
Төңірек тұрды нұрланып.

Кейіннен ұқтым сөз мәнін,  
Кенеттен аштым жаңалық.  
Қолымды Айға созғаным –  
Керемет екен сол анық!

«Алысқа қарау керек!» деп,  
Айтылған екен астармен.  
Асығып келем дедектеп:  
«Аялдай тұршы, жас дәурен!».

Кемеңгер екен мұғалім,  
Кейіттік сонда бекер біз.  
Тірліктің түріп тұманын,  
Алысқа қарап өтерміз!

\* \* \*

Ұқпадың ғой сен мендегі  
Адал жүрек лүпілін.  
Аз ба өмір сергелдеңі  
Айтар қатал үкімін.

Дәтке қуат іздегенде  
Табылмадың қасымнан  
Үмітімді үзбегенде  
Қайтер едім тосыннан.

Айтшы сонда ұттың неден,  
Мүмкін емес мүсіндеу.  
Артық еді түк білмеген,  
Азап болды түсінбеу!..

\* \* \*

Қауқылдасып, хал-ахуал сұрасқан,  
Қонақ күтіп, қойын сойып, сұр асқан,  
Ауылдағы адамдардың пейілі-ай,  
Төбесінде бұлтсыз, ашық тұр аспан.

Үзеңгілес болған менің әкеммен,  
Жылдар жүгін иықтасып әкелген,  
Қара шалдың сақалына қараймын,  
Аман қалған талай қауіп-қатерден.

Артық көрген ауыл – мекен-тұрағын,  
Аңыз болып шертілетін жыр ағын.  
Әкем жайлы айтса, әрбір сөздерін,  
Қағыс естіп қалмасам деп тұрамын.

Мамыражай тірлік кешкен елдегі,  
Сағыныпшын ағаларды, жеңгені.  
Жазылар ем жан жүдеткен дертімнен  
Жалғыз апта болып қайтсам, ең кемі...

\* \* \*

Жүрегің жылап,  
                    көзіңде тұрды тосын мұң,  
Шарасыз халін  
                    байқадың бәлкім досыңның.  
Безбүйрек өмір  
                    жасайды кейде қиянат,  
Сүріндің, бірақ,  
                    қатарға келіп қосылғын.

Мұңыңды шақпа,  
                    қолыңнан келсе тіс жарма,  
Сырыңды сенің  
                    білуге бәрі құштар ма?!  
Жайраңдап келіп,  
                    өзінді асқақ ұстауың  
Жарасар саған,  
                    бойында қайрат, күш барда.

Ақтала көрме,  
                    алдымда менің төмендеп,

Сұраған жоқпын  
                            солғындау жүзің неден деп.  
Кінәнді жуып- шаюдың  
                            жолын іздеме,  
Көлеңке болып,  
                            қажеті қанша көлеңдеп.

Бір ғана сот бар,  
                            Ар соты – оның шын аты.  
Арызың болса,  
                            айтарсың соған ұғатын.  
Керемет әуен  
                            кетпеген шығар келмеске,  
Кеудеңде сенің  
                            күмбірлеп ылғи тұратын.  
1986 ж.

## **ТӨРТ ТОҚСАН**

### **I.**

Қар ұшқындап, құбылып күн райы,  
Қарт шопан тұр мұны білген едім деп.  
Қыстауларға шөп тасылып ұдайы,  
Қыр беткейде жылқылар жүр тебіндеп.

Қыстың қысқа күндерінде көп қызық,  
Қаңтар қанша болса-дағы қаһарлы.  
Қасат қарда қойды шаңғы тепкізіп,  
Қол шанамен сырғанаққа апарды...

### **II.**

Көкше мұздың сөкті-дағы көбесін,  
Көк трактор ауыл маңын шарлады.  
«Көктем келіп қалыпты ғой!» дегесін,  
Көк шыбықтың бүршік жарды арманы.

Көп шаруа қол-аяқты тұсады,  
Көк өзенді кешіп өткің келеді.  
Көктемгі егіс, төл төгіні, құс әні,  
Күндіз күлкі, түнде ұйқы бөледі...

### **III.**

Жаңбыр бұлты жөңкілер жасын орап,  
Жазғы бақтан төгілер жыр бұлағы.  
Жігіттердің жұмысы – жасыл орақ,  
Жасыл мая тұрғызар құрбылары.

Жайлау төсі думанға жол ашады,  
Жазирада көшеді сағым-сынап.  
Жарқырайды жаз бойы қала шамы,  
Жастар келіп оқуға бағын сынап...

## IV.

Қоңыр күзде қоңыр әуен баурайды,  
Қарбаласпен қаусырылды жыл тағы.  
Қырау түсіп, қайың-терек жаурайды,  
Шаруа-күз етек-жеңін қымтады.

Қамба толып, көш-керуен қыр асты,  
Құстар әнін күбірлейсің қайталап.  
Қараша мен желтоқсан жөн сұрасты  
Қамдандың ба, қауқарыңды байқамақ!

\* \* \*

«Фотограф қайда жүр, шақыр, мұнда!  
Бір суретке түсейік, болсын белгі!»  
Қасқайып тұр шоң жартас тақыр құмда,  
Тақыр құмды кім көрген жерсінгенді...

Дабыр-дұбыр бір сәтке тына қалған,  
Қара жартас бауырын паналадық.  
Үнсіз ғана мөлдіреп мына жалған,  
Үнімізді жөнелді самал алып...

Өткен шығар бұл жерден көш-керуен,  
Тасқа түскен таңбалар сыр бүгеді.  
Сына жазу бедері өшкенімен,  
Санамызда сан ойлар дүрлігеді.

Қара жартас қасында қас қағымда,  
Қалың ойдың қарашы қаумалауын.  
Тарих жатыр туған жер тастарында,  
Тарихыңды мүмкін бе саудалауың...

Жартастағы жазулар қызықтырып,  
Сол суретті мен кейде қолға аламын.  
Ақ қағазға сұлбасын сызып тұрып,  
Сақтар салты туралы толғанамын!

\* \* \*

Мезі болып бір ырғақты жұмыстан,  
Мезі болып күйбеңі көп тұрмыстан.  
Жол-сапарға шығуды шын аңсайсың,  
Сергіп қайтсам дейсің содан бір мысқал.

Тез қамданып, аттанасың сапарлап,  
Көңіліңді жымындасқан от арбап.  
Бейтаныспен тілдесесің танысып,  
Ал таныстық талай жерге апармақ...

Ел көресің, жер көресің жаңадан,  
Жолығысар жол үстінде сан адам.  
Қош келдің деп қол алысар жандар көп,  
Ауыл артық көрінердей қаладан!

Қарттар шерткен сырға құлақ түресің,  
Мәз боласың көңіл күйің бір өсіп.  
Көз алдыңнан көкжиекті ысырып,  
Ғұмыр ұзақ жол екенін білесің...

Ұшырасып жаны жомарт жайсаңмен,  
Ұшқары емес құшағыңды жайсаң кең.  
Бұла мінез оралады бойыңа,  
Кеше ғана салқынқанды, байсалды ең...

Орталанған көңіліңді демдейсің,  
Отан қандай ғажап дейсің, кең дейсің.  
Сапар шегу қиямет деп біреулер,  
Сынықсынып мұңын шақса, сенбейсің.

Содан бір күн жол-сапардан қайтарсың,  
Көрген-білген әңгімеңді айтарсың.  
Жүрегіңде сапар сазын ұқтырып,  
Бір сағыныш оянғанын байқарсың...

### **МАДЬЯР ЕЛІНДЕГІ СОЛДАТ ІНІМ СЕРІКҚАЗЫҒА ХАТ**

Секенай, қалай, жүрсің бе есен жырақта,  
Таптың ба жауап күрделі талай сұраққа,  
Әскери тәртіп тезіне әбден түстің бе,  
Біз болсақ сені сағынып жүрміз бұ жақта.

Өсті ме бойың, толысқан шығар ойың да,  
Көбірек жазып тұрсаңшы өзің жайыңда.  
Сәрсенбі сайын хат жолдап тұршы Мамама,  
Сарғайып күтіп, қалады ғой деп уайымдап.

Қар жауды бүгін қараша болмай Қапалда,  
Қайтамын үйге мен-дағы енді тақауда...  
Мадьяр елі бауырмал шығар, туыс қой,  
Табиғаты ше, жұмсақ па әлде қатал ма?

Танкіге әбден үйреніп алған шығарсың,  
Қиындық болса қайыспай, төзіп, шыдарсың.  
Тапсырма шұғыл тұрғызса ұйқы қандырмай,  
Тынысы бөлек тіршілік күйін ұғарсың.

«Жаттығу жасап, жорыққа жедел қамданып,  
Жүйткіген кезде соңында шуда шаң қалып,  
Танкист боп жүр!» – деп Мағашқа сені мақтасам,  
«Танкіге мініп келе ме?!» – дейді таңданып.

Қалт етсе қолың, уақыт тапсаң азырақ,  
Туған ел жайлы, туған жер жайлы саз ұнап.  
Ән салып жүрген шығар-ау деп те ойлаймын,  
Қанатың болса жетер ең ұшып қазір-ақ.

Қуантқан шақта ауылдан аңсау хат барып,  
Қыз бала сәлем жолдаса сырын ақтарып,

Сағыныш-арман маздайтын болар кеуденде,  
Оралшы тездеп, борышыңды адал атқарып.

Сен келген кезде ашылар қақпа қаншама  
Шыңдалып шық та шалдықпа және шаршама.  
Отанын қорғар Азамат болдың – сүйінем,  
Тыныштық болсын, Бейбіт күн қымбат баршаға.

Сағыныш тұнған хатқа ораған бұл сәлемім,  
Берер ме медет кей сәтте осы өлеңім.  
Солдаттық сапта өткерген Өмір сынағын,  
Соқталдай жігіт болады деп те сенемін.

Секенай, қалай, жүрсің бе есен шалғайда,  
Қиялың кейде қиянды кезіп, шарлай ма.  
Өзгесін қойшы, «Ағатай, өлең қалай?» – деп,  
Хатында кейде бір сұрап қойсаң болмай ма?!

26.10.1987 ж.

#### «САУ КЕЗДЕ ҒАНА КЕРЕКСІҢ...»

Сырқаты меңдеп, тағдырға әбден налыған,  
Жұқарған болар жүйкесі талай жаныған,  
«Сау кезде ғана керексің...» деді сол бір жан,  
Табылмай қалып жанашыр адам жанынан.

Жалғыздық уын татқанын білдім көбірек,  
Омалып үнсіз, отырды іштей еңіреп.  
Сұп-сұрғылт болып көрінді оған көктемде,  
Көк жасыл әлем, көз жауын алған төңірек.

Неше күн өткен, келмеген жары, баласы,  
Ауыртса тәнін жанына батқан жарасы,  
Жегідей жейді екен-ау мына жалғыздық,  
Бір салқын ызғар кетіпті кеулеп санасын.

«...Ауыра көрме, ауырсаң кімге керексің,  
Тамыры шірік, құлайтын ертең терексің.  
Анаңнан басқа аңырап іздер жан бар ма,  
Өмірден мына өткенің үшін сен өксіп.

Ауыра көрме, қолыңнан келсе, бауырым,  
Айтамын мұны көргеннен кейін ауырып.  
Тіршілік мәнін бағамдар едім басқаша,  
Дертімнен осы кетсем мен егер сауығып!..»

Достары қайда, інісі қайда, ағасы..  
Ішіңнен оның өзіне кінә тағасың,  
«Өлген соң іздеп келеді соның бәрі де!» –  
Дей жаздап барып, тіліңді тістеп қаласың.

Мүсіркеу емес, зәру боп жатыр медетке,  
Жоғалса сенім – дәріден болмас көмек те.  
Жалғыздық жайлы ойына тіпті алмапты,  
Жейдешең жүрген кезінде сонау желөкпе.

Тіршілік сыры шешуі қиын түйіндей,  
Адамдар сирек өтетін бұқпай, иілмей.  
Ғұмыры қысқа болғандар, тіпті, қаншама,  
Жанып бір өшкен сіріңкенің шиіндей...

1987 ж.

## ҚАЙЫРЛАҒАН КЕМЕЛЕР

Тілеуханға.

Көрейін деп барып едім теңізді  
Менің шалқар ойларыммен егізді.  
Қадау-қадау қайырлаған кемелер,  
Қайта-қайта «япыр-ай!» дегізді.

Қала мынау өз орнында қалыпты,  
Қаншалықты жұбатсақ та халықты,  
Арал атты ақ толқынды сыңарын  
Іргесінен алыстатып алыпты.

Көз ұшында көтеріліп тозаңы,  
Көшер құйын, өмір өстіп озады.  
Қайырлаған кемелерді кеуделеп,  
Теңіз жаққа үйлер мойнын созады...

Білмеді ғой таңдайға тұз татырын,  
Құм кешіпті, қисайыпты ақырын,  
Кеме қалған,  
ал теңізді сұрасаң,  
Аралдықтар дейді: «пәлен шақырым!»

Қаланың дәл іргесінде кемелер,  
Өрге жүзбей не қызыққа кенелер...  
Тірі музей деп қарайды осыған  
Тірлік мәнін түсінбейтін немелер.

Өтер уақыт апта ұрлап, ай ұрлап,  
Өміріңе лайықты қай ырғақ...  
Сенің кемен,  
менің кедем

ешқашан

Қалмаса екен дәл осылай қайырлап!

Жолаушымыз көп ойлайтын жол қамын,  
Аралда мен алғаш рет болғамын...  
Күтетіндей қайырылған кемелер,  
Шалқар айдын шарасына толғанын!..

18.05.1989 ж.

## АУЫЛҒА ОРАЛҒАНДА

Жүйрік жылдар зымырап жол тастаған,  
Селт етердей сезінем селқос далам.  
Ауылыма сағынып мен келемін,





Кездесер деп ойламағам.  
Қол созым жер енді, міне,  
Жұмбақ жанар тәңіріне,  
Жеткізбей-ақ қойды-ау маған!

Жазирада күй ақтарған,  
Жанұшыра зымырадың.  
Кіп-кішкентай тұяқтардан,  
Тыңдадым мен ғұмыр әнін.  
Аңғарсам да түсінбедім,  
Сол бір сәтте мұның мәнін!

Күйреп қайттым көп егіліп,  
Күле алмадым кәдімгідей.  
Жүрдім үнсіз жаным жүдей,  
Қатал болдың қайран, тағдыр,  
Құштарлықтың мәнін білмей!

Сұлулық тұнған дүние мынау,  
Тәуелді емес ешкімге.  
Құштарлық бар ғой қағынған, дүлей,  
Құлаған таудан көшкінде.  
Қайрылмай кеткен, құралайым-ай,  
Қылығымды сол бір кештің бе.  
Ұққандаймын мен жазира құмар,  
Жаныңды сенің кеш мүлде!

\* \* \*

Кейде, көңіл қалайды оңашаны,  
Оңашада ойларың бал ашады.  
Біреді шумақ өлең де жазылады,  
Белгісіздеу болғанмен болашағы.

Кейде көңіл қалайды оңашаны,  
Оңашадан табардай тамашаны.  
Басқаларды білмеймін,  
Шайырлардың  
Оңашада ойлары жол ашады.

\* \* \*

Көктем желі...  
Аймалап көктем желі,  
Алабұрқақ сезімдей өпкен лебі.  
Бұзып аққан арнасын сеңіменен,  
Көк өзенге келемін көктемдегі.  
Жағалауды көрмеп ем көптен бері.

Сең көшеді...  
Өзенде ығы-жығы сең көшеді.  
Күндерімді ойлаймын мен кешегі.  
Көктем – дәурен қайтадан келмес енді,  
Жасарады табиғат жылда, міне,

Өзенде ығы-жығы сең көшеді.

Көктем желі,  
Көшкен сең,  
Күндер легі...  
Көз ілдірмес көп ойлар түндердегі,  
Кешегідей ғажайып жұмбақсың сен,  
Білмеймін, ұғады екен кімдер нені?!  
Көктем желі,  
Көшкен сең,  
Күндер легі...

\* \* \*

Ақпан келді ақ бұрқақ бораны бар,  
Аулама кеп тығылып толады қар.  
Ауылда да аяз жүр алшаң басып,  
Алшаң басып тондылар. жағалылар.

Ақпан келді ақ кірпік, қыраулы жүз,  
Ажарланып аязбен тұр аулымыз.  
Анда-санда тыңдаймыз аңтарылып,  
Алай-дүлей, ақжарма жырауды біз.

Ақпан келді ақ сүнгі мұздарымен,  
Ақтанкері – борасын, ызғарымен.  
Ақпаннан да жылылық іздедім мен,  
Ақ бораны көңілді бұзғанымен.

.

\* \* \*

Бақыт та қас қағым сәтте,  
Басыңа қонып ұшады.  
Басқамен жолығысады,  
Көктем де өте шығады,  
Гүлдерге толы құшағы.

Ап-ащы аққан терінде,  
Жеңілген, жеңген жерінде,  
Бақыттың дәмі болады,  
Түнгі ерінде!..

\* \* \*

Бейтаныстың алдында үндемедім,  
Сырым қажет қаншалық кімге менің.  
Біреулердің қалайсың шын ұққанын,  
Біреулердің қалайсың білмегенін.  
Бұғып қалу емес қой бұл дегенің.

Ақымақтың алдында үндемедім,  
Бақыттымын дегенде – күндемедім.  
Ақылдымын дегенде – аяп тұрдым,  
Бақытсызсың дегенде – күлген едім,  
Білмеп едім, мұндайда, кім не дерін.

Өлең, сенің алдыңда тілге келдім,

Сырымды жайып салдым, жүлгеледім,  
Бәрін айттым мен саған, ақтарылдым,  
Бірақ, бірақ... сен кейде үндемедің!

\* \* \*

Баурап алып жүректі мұң, торығып,  
Енді бірде, өмір сырын мол ұғып.  
Білгің келсе, әр түрлі күй кешемін,  
Әр күні мен әркімдерге жолығып.

Тамыршыдай танып тірлік тынысын,  
Тар өткелде іздейтінің ұғысым.  
Білгің келсе, бір түрлі боп жүремін,  
Біреулердің түсінбегендігі үшін.

Адал, аппақ жүректердің сыры шын,  
Ақ сезімсіз айтар сөзің құрысын.  
Білгің келсе, жақсы көрем өмірді,  
Бір жылатып, бір күлдірер жыр үшін.

Баурап алып жүректі мұң, торығып,  
Енді бірде, өмір сырын мол ұғып.  
Білгің келсе, әр түрлі күй кешемін,  
Әр күні мен әркімдерге жолығып.

### **АҚЫЛ АЙТЫП...**

Ақыл айтып отырып қарсы алдымда,  
Арманыма ақ даңғыл жол салдың ба.  
Анашым-ау, боларын аңғарттың ба,  
Шаттанудың, шалдығу, шаршаудың да.

«Тағдыр деген тұрады тайталастан,  
Тұйықталды талайлар байқамастан.  
Балам, өмір жолында күрес керек,  
Арман керек құшағын айқара ашқан.

Жігер керек жеткізер мұратыңа,  
Құмар болдың жасыңнан жыр отына.  
Сезім керек, от керек, ақыл керек,  
Құлар болма, әйтсе де, құр ақылға.

Адамдардан аға мен бауыр керек,  
Өмір жүгі мейлінше ауыр келед.  
Достар керек айнымас адал жаны,  
Қиынға да қиналмай бару керек.

Бәрі керек өмірде ұғын мұны,  
Ертеңім деп бағала бүгінгіні.  
Адалдықтың сөндіріме ақ жалынын,  
Ұмытпа – деген едің – ұлым, мұны!»

Ақыл айтып отырып қарсы алдымда,  
Арманыма ақ даңғыл жол салдың ба.

Анашым-ау, боларын аңғарттың ба,  
Шаттанудың, шалдығу, шаршаудың да.

### **ТОРКӨЗДЕРДЕГІ ТАМШЫЛАР**

Тереземнің алдында темір шарбақ тұратын,  
Темір сымды тор шарбақ әр нәрсеге құратын.  
Тор шарбақтың ішінде менің үйім- баспанам,  
Тыпыршиды кеудемде арман, мақсат, мұратым.

Күн жексенбі. Үйдемін.

Мазасызбын неге мен!!

Темір шарбақ жайында жыр жазамын демеп ем.  
Танертеңнен басталған сылбыраған ақ жауын,  
Толастамай жауып тұр, көңілсіздік не деген!

Тереземнен қарап ем, көзім түсті, тоқтай қал,  
Керемет қой бұл өзі: соқ, жүрегім, соқпай қал!  
Торкөздердің бойымен жүгіреді тамшылар,  
Тілмен айтып жеткізер сұлулықты жоқ қой хал!

Тістеп тұрып қалыпшын жазығы жоқ ерінді,  
Бұл күйімді, білмеймін, достым, сен не дерінді.  
Торкөздердің бойымен құлдыраған ақ тамшы,  
Табиғаттың бір тентек перзенті боп көрінді!..

### **СЫНҒАН БҰТАҚ СЫР АЙТТЫ**

Қаһарын да көріп ем ұғып қыстың,  
Қыс келгенде нәрімді сығып, қыстым.  
Ұлпа қарды көтере алмадым-ау,  
Аязды бір ақ түнде сынып түстім.

Сынып түстім, кеткендей аспан құлап,  
Жылап аққан секілді тастан бұлақ.  
Айта алмаймын, апыр-ай, арманымды,  
Адамдарға аяқпен басқан, бірақ...

Ақ ұлпа қар ажалым неге менің?!  
Ақын келіп оқитын көп өлеңін,  
Көрсем деп ем көктемді тағы да бір,  
Тағы да бір бүр жарсам деген едім.

Бұл күйді де басынан кешкен ұғар,  
Өнгені бар, Өмір-ай, Өшкені бар.  
Ақша қардың қойнында қалғып барам,  
Аппақ дүние, армандар, қош болыңдар!

Неге үнсіз, білмеймін, ізгі бақтар,  
Құшағына алғанда бізді ақ қар.  
Өкінбеймін, әйтсе де әр теректе  
Жапырақ жаяр көктемде жүз бұтақ бар!

## КҮЗЕТШІ ШАЛ

Күзетші шал отырады көз ілмей,  
Тылсым түннің рахаты сезілмей.  
Осы жасқа шейін ұқпай келіпті-ау,  
Күзеттегі тұрғандарды өзіндей.

Күзетші шал отырады елеңдеп.  
Көрінбейтін көлеңкелер көлеңдеп.  
Қайла болып тіл қатады бұрыштан,  
Қауқарсыз боп қалдың ба деп төл еңбек.

Күзетші шал отырады көп ойлап,  
Көп ойлауға күзетшілік қолайлы-ақ.  
Еске түссе езу тартып қояды  
Ерке жастық, бұла дәурен, оңай бақ...

\* \* \*

Досым, сені көңілсіз жолықтырдым,  
Бір нәрсеге беймаза болып тұрдың.  
Дос жүрегін де ұқпаймыз кей кездерде,  
Сен бүгін соны ұқтырдың.

Тірлік мынау, түсінем, алмағайып,  
Жыр жазайық, ойланып, толғанайық.  
Қату қабақ танытса тағдыр, шіркін,  
Дос жүрегін паналап, қорғалайық.

Досым, неге қабағың қату бүгін,  
Тәрк еттің бе жүректер татулығын.  
Досыңа да айтпаған бір сырларды,  
Мен сенің жанарыңнан оқулымын.

Досым, сені көңілсіз жолықтырдым,  
Бір нәрсеге беймаза болып тұрдың.  
Дос жүрегін де ұқпаймыз кей кездері,  
Сен бүгін соны ұқтырдың!

\* \* \*

Алсұр сәуле... сәулесі ме түнгі айдың,  
Бозаң бөлме. Ақ түннен сыр ұрлаймын,  
Тым мазасыз жүрегімді тыңдаймын,  
Өзің жоқсың осы қазір қасымда,  
Өзіңді ойлап мұңданамын, жырлаймын.

Сезген бар ма сағыныштың азабын,  
Толқын өмір – тарқамаған базарым,  
Баурап алды мені қазір наза, мұң,  
Жанарыма, оқысын деп барлық жан,  
«Сағындым» деп жазамын!

Арпалыспен, азаппен түн өтер,

Өзің жайлы ойлар мені жүдетер,  
Бұла сезім бұрқануын үдетер,  
Сені сүйген кіп-кішкентай бұл жүрек,  
Сендік мәңгі махаббатын жыр етер.

\* \* \*

Сезбедің-ау, сезімнің өртін мендегі,  
Саған деген сағыныш-дертім мендеді.  
Қысқа ғұмырдың қызығын бөлісу, бөліспеу,  
Бәрі сенің өзіңнің еркінде еді...

Арманды күндер барады алыстап мүлде,  
Өтпедік неге өмірден қол ұстап бірге...  
Жоғалтып қазір жүрсек те бір-бірімізді,  
Біздің тағдырымыз, әйтеуір, тоғыспақ бірде...

\* \* \*

Өмір сынақ. Алдыға қойылар сын,  
Келер ұрпақ осыны ойына алсын.  
Махаббатты қорғасаң – періштесің,  
Махаббатты қорласаң – айуансың.

Тағдыр сыйы қай кезде бөлінген тең,  
Аспан асты аядай – көрінген кең.  
Махаббатта алдансаң – бұл да бақыт,  
Махаббатыңды алдасаң – өліммен тең.

\* \* \*

Махаббатым өзімді жаралап еді,  
Мендегі тұма сезімге қарамап еді.  
Жазира қайда, жаз қайда – бәрі де өткен,  
Сұрқай бақтарды келемін аралап енді.

Тек сезіммен жеңуге талпындық бәрін,  
Сен сонда да бейкүнә қалпымды ұқпадың...  
Өзгерген сенің кешегі тыныс деміндей,  
Түнгі самалда сеземін салқындық барын.

\* \* \*

Ертістен ерке толқын құлап ағып,  
Жабырқап, жағалауда тұра қалып,  
Жүрсің бе мені ойлап мұңға батып,  
Жүрсің бе мені ойлап жылап алып...

Ертіс сол баяғыдай ағады ма,  
Ақ шағала қанатын қағады ма,  
Толқынды толқын қуған көрінгенмен,  
Торыққанын аңдатып алады ма?!.

Ертіс сол баяғыдай тылсым ба әлі,  
Тылсым болып тұңғыық тұрсын-дағы.

Жел сыбырлап жеткізсін сәлемімді,  
Келсін ұрлап өзіңнен бір сырларды...

Ертістен қоңыр салқын жел есе ме,  
Сағындырды жағалау не десе де.  
Жалқы жүріп өткізген керуен күн,  
Жаныңда өткен бір сәтке теңесе ме?!

Еркімнен тыс ертеңге бас ұрамын,  
Жыр жолына сағыныш жасырамын.  
Ақ Ертіс пен Аяулым, мен сендерге –  
Екеуіңе жеткенше асығамын!

\* \* \*

Вокзалда жүрміз,  
Ағылған жұрт, асыққан, андыздаған.  
Ағын өмір тынысы, таңбыз ба оған...  
Көңілсіздік келді ме жалғыз маған...  
Жасыл вагон жалт беріп жоғалады-ау,  
Жабырқап мен перронда жалғыз қалам.

Жалғыз қалам көңілім бұзылады,  
Сен келіп ең Алматы күзі ұнады.  
Сен кеткен соң Алатау сыр ашпайды,  
Қабак түйіп қарайды құзы мәңгі.

Сен кеткен соң күндер де мағынасыз,  
Жылжып өтіп жатады тағы да әнсіз.  
Сенсіз өткен апталар – алабұрқақ,  
Сенсіз өткен айларым – бәрі мәнсіз.

## **ҚИЫН САУАЛ**

Өзің сүйген қызға ма,  
Өзіңді сүйген қызға ма?!  
Бас қатырып жүрміз бе,  
Бұл сұрақпен біз ғана?!

I. Үйленген досым айтады:  
Сүю жайлы көп оқыған дастандар мен роман,  
Мен шығармын дүниеде ең қияли бір адам.  
Бірақ, менің көзім жетті мынаған:  
Сүйгеніме қосылдым,  
Жолықтырды сонда тағы тосын мұң,  
Алданыпшын,  
Оның маған сезімінің салқындығын  
Байқадым да, тосылдым.  
Жұбатады сосын кім?!  
Жанарына жәутең-жәутең қараймын,  
Бақыттысың дейтін маған досымның.  
Ешкімнен де, еш нәрседен медет жоқ,  
Мен осыдан шошындым.

II. Бойдақ досым айтады:  
Арманшыл ем, ғашық едім, асқақ ем,  
Бақытқа жол бала кезден бастап ем.

Мені ғана сүйеді деп жүргенде,  
Мен сүйген қыз тұрмыс құрды басқамен.  
Өтіп жатыр жылыстап күн, сырғып ай,  
Ой-санамда сол жалғыз жан жүрді ұдай.  
Жанарымен мені ылғи өбеді,  
Бір қаракөз – пәк махаббат, құрғыр-ай.  
Сонда, қайтем жүректегі жараны,  
Әркімнің бір айтылмаған бар әні.  
Жазылмайтын осы дерттің уыты,  
Өн бойымды жайлап алып барады.

Бір-ақ рет ғашық болған бейбақпын,  
Түсінеді дейсің мұны ойлап кім.  
Мені сүйген бір қаракөз болса да,  
Бақытсыздау бозжігітпін, бойдақпын.

Үйленермін, үйленбеспін... өтем ғой,  
Осы жырмен, осы күймен кетем ғой.  
Махаббат – бір жалғыз ұшқан сорлы аққу,  
Махаббаттың сыңары жоқ екен ғой...

III. Басқа біреу айтады:  
Махаббат бар,  
Таласпаймын, сірә да,  
Махаббатың баянды боп тұра ма,  
Ғашықтар да нақ отбасы құра ма,  
Бұл жайында сұрама.  
Отаулар бар, шаңырақ бар осыған,  
Адал болса ақ жүрекпен қосылам.  
Шыдай алса ащы, тұщы, кермекке,  
Қиындыққа кездесетін тосыннан.  
Махаббатың жоғалса да ала құйын дүрмекте,  
Сен өмірге босқа келіп, құр кетпе,  
Жарың сенің жылап өмір сүрмек пе,  
Сондықтан да, түсінісіп,  
Қас-қабақтан ұғысып,  
Бір-біріңді құрметте.

Махаббаттың заңы жалғыз, дара емес,  
Жастық шақта бәрі оңай, бәрі елес.  
Сені сыйлап, ұғынбаса алғаның,  
Ол бәрібір саған адал жар емес...

Өзің сүйген қызға ма,  
Өзіңді сүйген қызға ма?!  
Бас қатырып жүрміз бе,  
Бұл сұрақпен біз ғана?!.

### **ЕМЕС – ЕКЕН – ДЕЙМІН**

Жаным-ау, аурухана үйің емес,  
Ой-санаңды қамайды дүйім елес.  
Тірлік мәні денсаулық деп ойлайсың.  
Жинаған жасау, жиһаз, бұйым емес.  
Мұны маған түсіну қиын емес.

Ауырғаның мен үшін ауыр екен.



Тәуір екен деген сөз – тәуір екен.  
«Денсаулықтың қадірі – ауырғанда»,  
Халінді сұрағандар бауыр екен.

Бөлмем мына өзіңсіз бөтен деймін,  
Саған ұшып қазір-ақ жетем деймін,  
Ренжітпей мен сені өтем деймін,  
Өзін-өзі қолға алып бекем деймін,  
Жазылсашы тезірек екен деймін!

\* \* \*

«Қыздарменен дос болуға бола ма?» –  
деп сұрады бауырым.  
Күтті, әрине, жауаптың да тәуірін.  
Қызық екен, жол таба алмай жанама,  
«Болмайды!» – деп, қойып қалғым кеп тұрды,  
Жасыра алмай пікірімді ұялаған санама.

...Мен бір қызбен дос болғанмын...  
Ақтарыла сыр айтатын наздана,  
Ол бойжеткен, мен ол кезде бозбала,  
Бірге жүрдік көктемде де, жазда да,  
Айтылмаған сыр біздерде аз ғана,  
Әңгіме айтсам өзім сүйген қыз жайлы,  
Демеуші еді: ол жайынан қозғама.  
Бірге жүрдік ол екеуіміз көп күліп,  
Достық деген осы екен ғой деп біліп.  
Аңқаулықтың өзі едім мына мен,  
Ал, ол қызда байқалушы ед ептілік...

Сүйген қызым ауылда еді жырақта,  
Мен күтуден жалыққам жоқ бірақ та.  
Өліп кете жаздайтынмын тұп-тура,  
Хат келмесе бір апта...  
Дос қызым да табынатын мендегі үлкен мұратқа.  
Дейтін еді: Тұрақтасаң – махаббатқа тұрақта!  
Құмар едік мөлдір, таза бұлаққа.  
Деуші едік тағырға біз:  
«Бізді ешқашан жылатпа!»

...Көз алдымда тойдан қайтқан күн әлі,  
Барлығына өзім бе, әлде, кінәлі,  
Бірақ, неге ол құшағыма құлады,  
Құшағымда тұрып неге жылады,  
Құлап түсті достықтың ақ шынары.  
Таң Шолпанды шығарып сап тұрдық біз,  
Белгісіз боп соңы немен тынары...»

Мұның бәрін іштей қайталадым мен,  
Осылай деп қалай айта аламын мен,  
Бауырым, саған бәрін өмір үйретер,  
Не деп саған жауап қайтарамын мен...

«Дос болуға болады қыздармен де!» –  
Дедім күліп ініме шын айтамын...  
Қайтіп қана көңілін мұңайтамын,

Сенде көктем, ал, қазір күз бар менде.  
Бауыртайым, әйтеуір, байқағайсың,  
Дос болуға болады қыздармен де!..

\* \* \*

Көңілінде әлдене болғаны анық,  
Бұрынғыдай жүректен толғамадық.  
Жеңіл әзіл, жел сөздер көп айтылды,  
Көп айтылды бәрі де жолда қалып.

Сен өзінді қинадың, мен өзімді,  
Күткен едім сезімді сенен ізгі..  
Көктем болып күлуші ең, кеткенің ғой,  
Салқын лебін сеземін келер күздің.

Жүдетпе дер едім мен тұрақты арман,  
Жүректер бар арманнан жырақ қонған.  
Мен өзінді – сүйгенде,  
мені – сүйген,  
Бұрымды қыз – бір арман жылап қалған!

\* \* \*

Бақыттан ғой... жүруші ек күліп-ойнап,  
Білініп өткен уақыт, білінбей қап.  
Күн бе, түн бе бәрібір еді бізге,  
Қайғырмаушы ек ол кезде бүгінді ойлап.

Ақ түтекте адасып қалдық па біз,  
Жол ортада қалайша шалдыққанбыз?  
Арман алыс деп жүріп адасатын,  
Алаңғасар адамдар болдық нағыз.

Көз алдымда дәл қазір толған елес,  
Өз алдына жүректе болған егес.  
Екеуара ұғыса алмадық біз,  
Біреуімізде махаббат болған емес.

## ЖАР СӨЗІ

Бұл көңілім сан рет сабыр түйді,  
Тыңдамадым көп болды тәуір күйді.  
Шын сөзіңді ұғамын қалжыңыңнан,  
Шалыс айтқан сөздерің ауыр тиді!..

Ауыр тиіп әзілің, оспағың да,  
Жараланып қаламын қас қағымда.  
Қадірлемей мендегі сезім, арды,  
Қайдағы бір арзанға қосқанына...

Өз ойым ғой, бәлкім, бұл асылық та,  
Ойланбай да айтарсың, асығып та.  
Менің мынау күнәсіз пәк жанарым,  
Қылаудай сыр өзіңнен жасырып па?!

Айғайлайды кеудемде бір айқын үн,  
Анық саған сенерім, құлайтыным.  
Түсін мені, тек қана, түсін мені,  
Осы менің өзіңнен сұрайтыным.

## **НАУРЫЗ**

Қасат қар еріп кенеттен көл-жайсаң болды бар маңай,  
Қылықты көктем келгенін қалыппыз тіптен аңдамай.  
Қызыл су басты біртіндеп мұз айдын үстін түгелдей,  
Ызғар да қайтып барады, қарсылық жасап, түк өнбей.  
Хабаршы болып алғашқы жетсе де ұзақ-қарғалар,  
Құсқанаты боп тұтқиыл теріскей тұстан қар борар.  
Наурыздың буы балқытып бусанар сосын қырат-қыр,  
Көктемгі егіс жақын деп гүрілдейді алып трактор...  
Кеудемді кернеп барады бір сазды әуен менің де,  
Ойланып қалдым сол сәтте: «Көктемім менің!» дедім де.  
Жасарған жылда, табиғат, тек қана саған табынам,  
Білмеймін кімді екенін – біреуді қатты сағынам!  
Естіліп күннің күркірі, төгіп бір өтті нәсер де,  
Аңсайтын болар жылымық жас өркен көктеп өсерде.  
Таңдағы жұпар ауаны құмарым қанбай жұтамын,  
Тазару, түлеу, жаңару – баршасын мұрат тұтамын.  
Тағы бір көктем оралды, құлаққа таныс ырғағы,  
Төбемде ұшқан құстарға қосылғым келіп тұрғаны...

## **ЕКЕУІ ДЕ ҚЫМБАТ**

Адалдығы ғана емес жарыңның,  
Тазалығы ғана емес арыңның –  
Екеуі де қымбат мына өмірде.

Құламауы ғана емес қосыңның,  
Жыламауы ғана емес досыңның –  
Екеуі де қымбат мына өмірде.

Тыныштығы ғана емес әлемнің,  
Түзулігі ғана емес сәлемнің –  
Екеуі де қымбат мына өмірде.

## **БӘРІ ДЕ КЕРЕК**

Бәрі де керек, бәрі де керек, бәрі де,  
Баруың үшін алысқа, тіптен, әріге.  
Шаршаған кезде, жүрекке қысым түскенде  
Боласың зәру бір түйір ғана дәріге.

Ащы да керек, тұщы да керек, тәтті де,  
Бәрінің дәмін татқандар әлде әккі ме?!  
Әйтсе де соның мөлшері барын ұмытпау –  
Ең керек нәрсе шығар-ау осы дәп, міне.

Шыдау да керек тірлікте ыстық-суыққа,  
Жұлдызың жанар, оңыңнан Айың туып та.

Өмірдің мәні өту ғой алға ұмтылып,  
Бойыңа бірақ бойкүйездікті жуытпа.

Дауыл да керек, жауын да керек, сағым да,  
Аяқты нық бас, арыңа ғана табын да.  
Қателік жасап қоямын-ау деп қорықпа,  
Тәуекел ет те, қарсы жүз асау ағынға.

Ойын да керек, күлкі де керек, жұмыс та,  
Оңаша тірлік кешсем ғой деуің дұрыс па?!  
Өлеңге өзек әр түрлі оймен алданып,  
Өзіммен-өзім отырсам, маған ұрыспа.

Шыдам да керек, төзім де керек, жігер де,  
Шадыман болса тіршілік көңіл жүдер ме?!  
Қолыңнан келсе, бәйгеде озған жүйрікті  
Жабыға қосып, жетекке ертіп жіберме.

Мақсат та керек, қиял да керек, арман да,  
Тұғыр да керек қонатын қанат талғанда.  
Өмірдің құны бес тиын екен, байқасаң,  
Осының бәрі керегі болмай қалғанда!

### **КЕШІРІМ СҰРАДЫМ**

Кінәлі сезіндім, кешірім сұрадым,  
Қателік жасамай тұрады, сірә, кім?  
Кешірім дейтұғын керемет шығар-ақ, —  
Деймін де ілгері басамын бір адым.

Көңіл-күй тұнығын жүрмейсің шайқамай,  
Аспайсың, таспайсың, айтшы өзің, әй, қалай?  
Кешірім сұрадым, көшеде кездейсоқ  
Қозғалыс тәртібін бұзғанда байқамай...

Қонаққа жетелеп қоймады жан еркем,  
Ондайда көңілді ән-жырға кенелтем.  
Кешірім сұрадым кеңседе күмілжіп,  
Кешігіп келгенде жұмысқа таңертең...

Білемін жолдарым даңғыл ма, тайғақ па,  
Жалғандық атаулы жүгінбес айғаққа.  
Кешірім сұрадым кей кезде сеніп қап  
Кешегі арыстар туралы ғайбатқа...

Тамылжып атса ғой әрдайым таң өстіп,  
Ізгілік, мейірім, шуақ, нұр деп өстік.  
Кешірім сұрадым кең пейіл көршімнен:  
Кешегі қылығым болды деп әбестік...

Сұмдықты қаралап, шындықты даралап,  
Сезімнің бояуын үйрендік саралап.  
Кешірім сұрадым ақ көңіл досымнан  
Жүрегін андаусыз алдым да жаралап...

Су шықпас сораңды әуре боп қазбағай,  
Сезімнен от алып, тұтанып, маздағай.

Өмірде мүмкін ғой...  
Ал енді өнерде  
Ешқашан кешірім сұрауға жазбағай!

## **МІНЕЗ**

Үндемеспін. Біртоғамын. Момынмын.  
Толқынымын жұмсақ мінез Тобылдың.  
Толқыдым да жағалауға соғылдым.  
Содан шығар жұмбақтауымын көбіне,  
Содан шығар ауырлығы жолымның.

Ұшқалақпын. Мазасызбын. Қызбамын.  
Талай рет көңіл шырқын бұзғамын,  
Татып жүрмін өкініштің тұз-дәмін,  
Жалғыз сөзге бола жібіп, мұздадым,  
Неменеге сырт айналдың, сыздадың?!

Ақ көңілмін. Ақ жүрекпін. Ашықпын.  
Аңқылдап бір теңіздейін тасып тым,  
Қолда барды оңды-солды шашыппын.  
Алаңғасар атанудан қашықпын,  
Жаны жақсы адамдарға ғашықпын.

Қамқоршымын. Кеңпейілмін. Кененмін.  
Өзге біреу таппайтындай менен мін,  
Жылы сөздің шуағына бөлендім,  
Жұрттың бәрі мендей шығар дегенмін,  
Деген кейбір кездерімде бөгелдім.

Қыңырлауымын. Қырсықтауымын. Кесірімін.  
Көрсетпейтін көз жасымын жесірдің,  
Босқа-бекер қолпаштадың, өсірдің,  
Реті жоқ жерде кейде төс ұрдым,  
Білмейсің ғой барын менде не сырдың.

Мінезім-ай, құрып кеткір, қандаймын?..  
Қырық түрлі құбылатын жандаймын,  
Біреу сондай десе егер нанбаймын,  
Сөніп жүрем көбінесе сырт көзге,  
Сезім оты тұтатпаса – жанбаймын!

## **АЙ СӘУЛЕСІ**

Екеуміз де болдық көзсіз көбелек,  
Қанатымыз күйді талай, не керек.  
Есіңде ме сұрағаның сен бірде:  
«Ай сәулесі жылытпайды неге?!» – деп.

Ай сәулесі жылытпайды!.. аңғардым,  
Аңғардым да мен керемет таң қалдым.  
Алатаудан сұрап едік, ол үнсіз,  
Ақ шыңдарын бұлт бүркеген заңғардың.

Сүттей жарық. Ай сәулесі. Жол... Дала...

Толған Ай деп тамсанушы ек толғана,  
Мұның бәрі сурет еді керемет,  
Бір нәрсеге мән бермеппіз сонда да...

Алыс кеттік...

Аздап бедел, атақ ап,  
Жүруші едік аңсап, шөлдеп, қаталап.  
Ай сәулесі... ұғымымда қазіргі:  
Жарығы мол, жылуы жоқ махаббат!..

## **КЕШҚҰРЫМ**

Кешқұрым. Арай ақырғы  
Көмкеріп бұлттың кемерін,  
Құрды да қызыл шатырды,  
Шұғыла шашты не керім.

Бұп-бұйра бұлттар толқынын  
Бояды сәуле түр-түрлеп.  
Жақты да соңғы жалқынын,  
Жоғалды сонсоң біртіндеп.

Жаңағы сурет қымбат-ты,  
Шығыстан салқын леп есті.  
Батысқа барып Күн батты,  
Жарығы тартып көмескі!..

## **ТҮЙЕ, ТҮЙЕ, ТҮЙЕЛЕР**

Маң даланың маңғазы маң-маң басқан,  
Таңқаламын толқытып арман-дастан.  
Тау тұлғанды танымын көз ұшынан,  
Жел өтінде жүресің қорғанбастан.

Өркеш-өркеш төбелер шөккеніндей,  
Қоңыр-қоңыр бұйраттар шекпеніндей.  
Бұлым-бұлым бұлдырар болашағың,  
Тәру-тәру атам күй шерткеніндей...

Құм қойнауға барасың дендеп еніп,  
Енді бізге табылып өңге көлік,  
Керуенге керек деп көз сүзбейміз,  
Нардың күшін саудалап, теңге бөліп.

Енді бүгін боздайсың боз далада,  
Боздағанда өз мұның қозғала ма?  
Егінжайда жүзеді комбайндар,  
Көрінеді олар да көзге дара...

Төрт түліктің төресі – түйесің ғой,  
Құм-шағылға басыңды иесің ғой.  
Далаң сені ешқашан жатырқамас,  
Өйткені сен далаңды сүйесің ғой.

Пойыздарға қарайсың мойын бұрып...

Тіршіліктің қызығы тойындырып:  
«Түйе, түйе, түйелер...» демейді ме  
Жүгіріскен балалар ойын қуып?!.

## **КӨНЕ МЕКТЕП**

Көненің көзіндей көрінді бұл мектеп,  
Кәрі емен жанында сәмбі тал тұр көктеп.  
Қызылтас өңірін жайлаған жарлылар  
Қауышқан үй осы хат танып-білмек боп.

Тарихтың куәсі екен-ау бұл мектеп,  
Кәрі емен жанында сәмбі тал тұр көктеп.  
Дүрбелең жылдарда атамыз, әжеміз  
Осында оқыған, жүрсе да дірдектеп.

Бүгінге жетіпті бұзылмай бұл мектеп,  
Жүректен жыр арнап, келеміз құрметтеп.  
Кеше мен бүгіннің бейнесі секілді  
Кәрі емен жанында сәмбі тал тұр көктеп...

## **БЕЙІМДЕЛУ**

Ерте келдік өмірге, кейін келдік,  
Бір нәрсеге біз бүгін зейін бөлдік:  
Еш нәрседен бейхабар болып туып,  
Пенделікке қалайша бейімделдік?!

Туыс дедік, жат дедік, бөтен дедік,  
Тіршілік деп тынымсыз тепеңдедік.  
Ақиқаттың өзіне айғақ іздеп,  
Ағайынға қарайсың секемденіп...

Өзің ғана қожасың өміріңе,  
Қызығасың тұрмыстың жеңіліне.  
Қарсылығын біреудің ұнатпайсың,  
Қолпаштауы жағады көңіліңе.

Жүгіресің, шаршайсың, алқынасың,  
Атақ, мансап қуып та шарқ ұрасың.  
Төмендегі орынды місе тұтпай,  
Жоғарыда тұруға талпынасың.

Мұның бәрі адамдық арыңа сын,  
Қалай ғана жүректі қарымасын?!  
Ауыр ойдан қайткенде жеңілдейсің,  
Қайтсең ғана күнәдан арыласың?

Кісілік қой адалға зейін бөлсек,  
Шын қуанып, шын сүйіп, мейірленсек,  
Пендешілік пердесін сырып тастап,  
Періштедей болуға бейімделсек!

## **ҚАРА ШАҢЫРАҚ**

Қалада жүрміз қазір біз ду менен шуға мээ болып,

Қабат та қабат үйлерде бары да рас аз көрік.  
Қатар да қатар тігілген қазақтың киіз үйлерін  
Кейінгі ұрпақ, әрине, өсетін болды аз көріп.

Ақ шаңқан үйлі ауылдан шығын едік қой кеше біз,  
Шаңыраққа уық шаныштық – кереге жайса шешеміз.  
Көші-қон дейтін өзінше мереке болған далада  
Өтіпті солай зымырап неше бір көктем, неше күз.

Жайлаудың сәні кірген бе киіз үй тікпей шалғынға,  
Азырақ ойға шомдым мен арғы-бергіні шолдым да.  
Көшпелі халық өмірде өшпейтін дәстүр қалдырған:  
Шаңырақ артқан түйеге жүретін көштің алдында.

Қаумалап сұрақ жан-жақтан қойылса егер жамырап,  
Жауабың тұрсын дап-дайын тарихтан терең тамыр ап.  
Әулие болып кетсең де шаңырақтан үлкен емессің,  
Әулеттің биік тұтары қашаннан қара шаңырақ!

Биік те биік үйлер көп бой түзеп сенің бағыңа,  
Сәулетті сарай алдыңнан ашады есік тағы да.  
Қалада жүрсең қайтейін, қастерлі сөзді ұмытпа,  
Қазір де қара шаңырақ береді үлкен мағына!

## **БАЛ АРАСЫ**

Қонғанына қарасаң гүлден гүлге,  
Тұрақсыз деп ойлайсың бірден мүлде.  
Нәр жинайды дегенде тосыласың,  
Жиналады езуі күлгеннің де.

Ертелі-кеш дамылсыз тырбанады,  
Қарсылықсыз қабылдар гүл қонағын.  
Нәзік гүл де білмейтін шығар, бәлкім,  
Тірлігінде араның сыр боларын.

Бал арасы – бейнетқор қауымынан,  
Еңбек күйін шерткендер ауылынан.  
Алабөтен айырма бар осында  
Көбелектің серілік сауығынан.

Тіл үйірер балының шырын дәмі,  
Бал берші деп балақан шырылдады.  
Білмейміз ғой бал ара осы үшін  
Қаншалықты қызығын шығындады.

Ғажап ғұмыр – таңырқап көретінім,  
Тіршілікте табамыз неге тыным!  
Өзі жиған балының дәмін татпай,  
Білемісің,

Бал ара өлетінін?!

## **ҰЙҚЫ ҚАШҚАН**

Қызыл іңірмен қосылып кетіп ұзақ таң,  
Түндерім қанша ұйқымен ғана ұзатқан.  
Тынығып алып тындырсам дедім талай іс,



Кұтылсам дедім Уақыт құрған тұзақтан.

Бастасам деп ем тіршілік жайлы бір дастан,  
Тазартсам деп ем көңілдің көгін кір басқан.  
Өзгеріс жасап, жаңалық ашсам деп едім,  
Тым ұқсас мынау күндерге бөлек түр қосқан.

Оқысам деп ем оқығанымды қайтадан,  
Үлгерсем деп ем, үлгермей қайтіп жай табам.  
Мен үшін қазір әр сағат қымбат, сәт қымбат,  
Басқалар мұны менен де бұрын байқаған.

Қуантсам деп ем бір бақыт тауып жарымды,  
Арнасам деп ем еліме бойда барымды.  
Ауызым толып айтатын ерлік істемей,  
Барады өтіп жастық шақ асау арынды.

Бәріне соның болғандай ұйқы кедергі,  
Ақ мамық төсек, алаңсыз тірлік не берді?  
Түсінем-ұғам: бәтеңке емес, бас керек  
Өмірде мынау із тастау үшін бедерлі.

Бей-жайы тірлік баураса ұйқы қанбайды,  
Бұрқаса боран шатырдан тамшы тамбайды.  
Өмірі түгел ұйқымен өтіп кеткенін  
Біреулер, бәлкім, кешірек ,тіптен, андайды.

Қараймын үнсіз ұйықтап жатқан ұлыма,  
Мазасыз түндер тосатын болар мұны да.  
Ұйқысын әбден қандырып алып оянсын,  
Айналмау үшін өскенде соның құлына!

## **САРШАТАМЫЗ**

Ақ сағым көшеді алыста,  
Тау жақтан қоңыржай леп есті.  
Сыбызғы жасадым қамыстан,  
Сызылтып әуенді көмескі.

Жағажай... Тіршілік қайнаған,  
Көкала толқындар көл үсті.  
Көкпенбек көрініс айналам,  
Көргендер әсерін бөлісті.

Ақ желкен көзімді арбайды,  
Ақырын-ақырын алыстап.  
Қиялым қиянды шарлайды,  
Оқимын бір өлең дауыстап.

Жарқын жаз өтерін білер ме,  
Ұшады шаңқылдап шағала.  
Үнінде шаттық та, жігер де,  
Мен тұрдым күбірлеп жағада.

## **ЖҮРЕГІМДЕ ЖОҚ ІЛГЕК**

Қауіптеніп ылғи ілгек ілетін

Көршімізге көп адамдар күлетін.  
«Ауылдағы есіктерде ілгек жоқ», –  
Дедім бірде тауып сөздің ретін.

«Қазір барлық есіктерде ілгек бар», –  
Деді көршім бұрып бетін бір «гектар».  
«Сен де түнде ілгек салып қоясын», –  
Деді сонсоң деміменен үрлеп қар.

Шынында да есікте тұр ілгегім,  
Кейде ілдім, кей кездері ілмедім.  
Бұл үшін де кінәлауға болады,  
Жазғырардай кінәм болса бұл менің.

Құлып, күршек, сырма, ілгек – барлығы,  
Әлде сақтық, әлде көңіл тарлығы?..  
Қамсауланып тұрғанымен,  
Ешқашан  
Қымбаттайды деп ұқпаймын ар құны.

Қиналмаймын бай қазынам кемір деп,  
Осы ойдан қалдым тіпті жеңілдеп.  
Қан жоса-ғып кетсе-дағы қиянат,  
Жүрегімде... Жүрегімде жоқ ілгек!

## ҚЫСЫР СӨЗ

Жайдары едің, көңілдің хошы-жарасым,  
Шамаладым шаттық пен мұңның арасын.  
Бір ауыз сөзім, байқаймын, сені өзгертіп,  
Біртүрлі менен алыстап, суып барасың.

Әлгінде ғана, әйтеуір сөзге сыралғы,  
Өртүрлі жайдан әңгіме басы құралды.  
Бүгінгі күні жұмыста, үйде, көшеде  
Не көрдік айтық, не білдік бәрі сұралды.

Андаусыз тіптен айтылар сөзге шеберміз,  
Шәлкем де шалыс ойлардан азап шегерміз.  
Шегіне жетіп, шыдамның жібі үзіліп  
Кетсе егер кенет, осалдық шығар, не дерміз.

Кінәладым ба, ағайынды айтып көмексіз,  
Жүректе жатыр соларға өкпе, демек, сыз:  
«Неліктен, неге бар кезде ғана танымақ,  
Тарыққан тұста, дәл қазір неге бөлекпіз?!»

«Түсінсең мені, түк емес жиған-тергенің,  
Алдыңнан шығар – алғаның емес, бергенің»,  
Көзіңнен ұқтым осы бір ойды, әйтсе де,  
Меңдеді мені пиғылы бір сәт пенденің.

Содан соң, іштей, өзімді-өзім тергедім,  
Шатасқан әуен кінәсі емес перненің.  
Шаттықты кейде шаяды екен, қарашы,  
Өмірдің мынау көлеңке тұсын көргенің.

Серпілдім-дағы ойлардан осы қинаған,  
Жұтайын дедім көзіңнің жасын тыймаған.  
Көңілің сенің құлазып кетсе – сол қайғы,  
Жылату оңай, жұбату қиын – иланам.

Тұрмыста түрлі қиындық болмай тұрмас та,  
Дәрменсіз болсақ – тек соның жөні бір басқа.  
«Тұтқасы мынау тірліктің – байлық» деп ұғып,  
Төсінде жердің тоқмейіл талай жүр қасқа.

Тәйір-ай, не ол, кемшілік болмай тұра ма,  
Кемелдік деген – бүтіндік емес сірә да.  
Сөзіңді сатпа, сезімді сатпа, ар сатпа,  
Көзіңді сатып мейірім, жылу сұрама.

Соңында соқпақ, яки айдау жол қалар,  
Қияға қарап ұяда қыран қомданар.  
Орынсыз кейде айтылатұғын қысыр сөз  
Көңілге қаяу түсірмегені жөн болар...

### **КЕЙ-КЕЙДЕ**

Қамығасың кейде, тіптен, кенеттен,  
Құлазисың болмашы бір себептен,  
Торығасың тірлігіңнен татымсыз,  
Жалығасың жақауратқан көмектен...

Айырмайсың әзіл сөздің астарын,  
Аңғармайсың тіл қатқанда жас дарын,  
Естімейсің біреулердің күңкілін,  
Ескермейсің сынағанда достарың...

Ашылмайсың жарыңа сыр ақтарып,  
Алқынбайсың қыруар іс атқарып,  
Шашылмайсың емен-жарқын лепіріп,  
Шаттанбайсың уайымсыз бақ дарып...

Қиналасың жайын ойлап басқаның,  
Күйінесің күңгірттеніп аспаның,  
Тарыласың түкке тұрмас нәрсеге,  
Жарыласың быт-шыт болып қас-қағым...

Ұнатпайсың қыз-қырқынның күлкісін,  
Ұстамайсың қиялыңның түлкісін,  
Аңдамайсың сұлу сазды әуенді,  
Айырмайсың бояулардың түр-түсін...

Кешірмейсің тентек ұлдың қылығын,  
Іздемейсің өлең-жырдың тұнығын,  
Өшірмейсің көңілдегі дақтарды,  
Елемейсің әйнектердің сынығын...

Түнересің іштей өзің түйіліп,  
Сескенесің түсетіндей қиылып,  
Дірілдейсің ашу кернеп тұрғандай,  
Қалшылдайсың әрбір сөзің сұйылып...

Қарамайсың қабағына таныстың,  
Жарамайсың беделіне намыстың,  
Санамайсың мықтымын деп өзіңді,  
Қаламайсың күш-қуатын барыстың...

Кемшілігің осындайда танылып,  
Жұқарасың қайта-қайта жанылып,  
Ең қызығы – содан кейін Өмірге  
Қайта ғашық болу екен сағынып!..

## **КЕШІГУ**

Үлгерсем деп ем, үлгерсем деп ем, үлгерсем,  
Бәріне түгел үлгерген кезде бір көрсең.  
Тұрар ем лаулап, жарығым кетіп жыраққа,  
Өкінбес едім содан соң ғана түр берсем.

О, қанша рет, қапыда қалдым, кешіктім,  
Уақыттан қымбат ештеңе жоғын кеш ұқтым.  
Соғады дауыл тып-тымық күнде кенеттен,  
Кетемін сонда қызыл асықтан кешіп құм.

«Шығарып салам!» дедім мен бірде досыма,  
Сапарын құптап, тілекке тілек қосыла.  
Вокзалға жетсем... бұлаңдап пойыз ұзады,  
Қол бұлғап тұрдым, шығарып салу осы ма?!.

«Беремін көмек!» дедім мен бірде бауырға,  
Бауырың болса теңізді қотар, тау ырға.  
Басқа бір мақсат қуалап кетті ол бүгін,  
Жолыңның бірге болмауы, сірә, ауыр да.

«Арманға жетем!» дедім мен бірде танысқа,  
Қазірде оның ұзады көші алысқа.  
Қолбайлау болды маған не, анық білмеймін,  
Өртеніп келем өзімдік өршіл намысқа...

## **КЕЛЕР ШАҚ**

Орындалар көкейдегі көп тілек,  
Оған дейін бәріне де шыдармын.  
Көп қиындық басымыздан өтті деп,  
Сөз сабақтап отыратын шығармын.

Болар бәлкім шыққан тауым биік тым,  
Місе тұтпай жүрермін-ау соны да.  
Қадырлемеу емес бірақ, сүйіктім,  
Құмармын ғой тек жаңаға, соныға.

Тұрар бәлкім төбемізде Ай күліп,  
Қайта туар қайран ғашық көктемім.  
Ажалға да қарамаспын қаймығып,  
Жігерімді жасытпас-ау өктем үн.

Қарар сонда талай көздер қызығып,  
Нағыз Бақыт деген, міне, осы дер.

Жапырағы түссе-дағы үзіліп,  
Бір құштарлық бәйтеректі өсірер.

«Келдің бе?» деп қол ұсынар Келешек,  
«Көрдң бе!» деп тұрсам сонда күлімдеп.  
Қарызымды өтеп түгел берешек,  
Қолын алсам: «Қалай менің мұным!» деп.

Айту оңай, білемін ғой, білемін,  
Арман қазір көбейді ғой он есе,  
Кейінгі ұрпақ , жалғыз ғана тілегім,  
Бекер өмір сүріпті ғой демесе!..

\* \* \*

Ұзақ күткен кезім мынау,  
Күтейін деп күтпегем.  
Армансыздай сезіндім-ау,  
Аңсарым көп діттеген.

Жапалақтап қар жауады,  
Жаумағанда қайтер ек.  
Әр сауалдың бар жауабы,  
Жауапсыз тұр бәйтерек.

Қар қызы бір ән салады,  
Қайтасың ғой үйіңе.  
Ән салдырып, тамсанады,  
Мынау ғажап дүние!

\* \* \*

Сезімді  
аяла, кірлетпе, қорлама,  
Қолыңнан келгенше қадірле, қорға да!  
Жетелер сол сені баққа да, сорға да,  
Ұшпаққа шығарып, жығады орға да.  
Бәрібір, тек содан айрылып сорлама.

Сезімде –  
мөлдірлік, тазалық, пәктігің,  
Жоғалтып алмасаң, соларды тап бүгін.  
Дәмі бар тілінде алғашқы тәттінің,  
Ұғынар сезімтал жүрекпен гәпті кім?!

Сезімге  
алдамшы, өтпелі, шынайы,  
Ақылың төрелік жасасын ұдайы.  
Арыңа үлкен сын бұл өзі, сыңайы.  
Аңдасаң ақырын,  
Арқалы ақынның  
Алапат сезімі – өлеңнің шырайы.

\* \* \*

Халқымның әні ұнады, сазы ұнады,  
Қайта тауып алғандай қазынамды,  
Өмірге емес, өзіңе еркелеймін,  
Көтере аласың ба базынамды...

Біреулердің сөзіне ересің бе,  
Қазына жоқ дегенге сенесің бе,  
Қалайсың ба мен саған жыр оқиян,  
Бәрінен бір баз кешіп көресің бе?!

Ұмытайық тірліктің күйбендерін,  
Біреуге сый, біреуге үй бергенін.  
«Жалыныңа жылыну керек екен!» –  
Тіршіліктен пікірім түйген менің.

Шаршаулысың, білемін, бала бақтың,  
Түндеріңді ұйқысыз санамапшын.  
Бәлкім, ана болған соң қос ұлыма,  
Сен сөзіңді басқаша бағалаттың.

Айыбы жоқ бақыттың кештігінде,  
Өмір өте жаздады пеш түбінде.  
Қай кезде де қасымда өзің барсың,  
Қайтер едім болмаса ешкімім де...

Табиғатты тыңдашы құлақ түріп,  
Сағынышты оятар бұлақ күліп.  
Таң қаламын Өмірдің бар қызығы –  
Төрт-ақ шумақ екенін бір-ақ біліп...

Өткен шығар өртеніп небір өрен,  
Өлең жазар кезімде тебіренем.  
Таңырқаймын, толқимын, тұтанамын,  
Өлең – Өмір екен ғой, Өмір – Өлең.

## **БҰРЫЛЫСТАР**

Өзің айтшы, түзу сызық түзу ме,  
Көл бетінде ирек толқын жүзуде.  
Бұрмасы көп бір ұзақ жол бұл өмір,  
Болмас, бірақ, күдеріңді үзуге.

Бұрыласың өткеніңе, кешеге,  
Бұрыласың бір танысқа көшеде,  
Шыр айналып бір айналып соғасың  
Бір нүктеге. Уақыт мұны кеше ме?!

Бұрыласың түкпірдегі ауылға,  
Бұрыласың, ұрынасың дауылға.  
Паналайсың ықтасында теректі,  
Жолдан жырақ тұрса-дағы, жауында.

Бұрыласың алдың терең жар болса,  
Бұрыласың бойда қуат бар болса,  
Бағдарыңды жоғалтпауың керек-ақ,  
Бәрі бекер кең дүние тар болса!

Бұрыласың, бұрылмайын десең де,  
Бұрыласың, қариялар есен бе...  
Той-думанмен атырасың кей таңды,  
Мөлт-мөлт етіп мөлдір тамшы кесеңде.

Бұрыласың кедергіге келіспей,  
Қиындыққа мойынсұнбай, беріспей.  
Бұрыласың: мақсат – жақын, жол – ұзақ,  
Шегінумен жақындайтын Жеңістей.

Бұрыласың, бірде оңға, солға да,  
Бұрыласың, қос иықты қомдана.  
Бұрылыссыз екен дейтін төте жол  
Өкінбегін тұйықталған соң ғана!

### ҮЗІЛМЕЙТІН ҮМІТІМНІҢ ӨТКЕЛІ

Бір үміт бар кеудесінде әр жанның,  
Мың құбылған жарқылындай маржанның.  
Соған ғана, соған ғана тәуелді  
Жеткізуі, жеткізбеуі арманның.

Жетемін бе, жетпеймін бе – күмәнді,  
Өмір бойы айтып өтем бұл әнді.  
Арзан күлкі, арзан қызық бөгесе,  
Жуып-шайып қажеті жоқ кінәмді.

Гүлден нәзік екенсің ғой, үмітім,  
Қыз екенсің күткен ғашық жігітім.  
Шиыр-шиыр жолдан өттім жетсем деп,  
Шаршадым да, шалдықтым да күні-түн.

Қардан аппақ екенсің ғой, қарағым,  
Аппақ нұрға айналып мен барамын.  
Ессіз-түссіз елігумен күй кештім,  
Ой-қиялдың кезіп он сан сорабын.

Оттан ыстық екенсің ғой, табындым,  
Баламасы бармақтай-ақ бағымның.  
Барлық құны сен екенсің байқасам,  
Базары мол бүкіл жастық шағымның.

Өмір деген өтпелі ғой, өтпелі,  
Біреулер бар өзіне-өзі өкпелі.  
Ғұмыр мәнін мен өзіңмен өлшеймін,  
Үзілмейтін үмітімнің өткелі!

\* \* \*

Әрсізденіп көз қысықан сөздерден,  
Әзілдің де әлпет-сұры өзгерген.  
Әжуалап өзге жұртты өзінше,  
Әлек болды бір танысым көз көрген.

Сан лебізден сыр андаған жүзбенен,  
Сансыратып сауал тастап жүздеген.

Отыр өзін мінсіз адам сезініп,  
Одағайдан оспадар мән іздеген.

Татымы аз астарменен тұспалдап,  
Тілдің уын төгіп отыр мысқалдап.  
Миығында мысқыл күлкі тебісіп,  
Машығына масаттанып түс барлып.

Түсінген соң түлкі бұлаң айласын,  
Түйткіл сауал көңілімді жайласын...  
Әжуә да екі жүзді ұстара,  
Әуестенген байқап-байқап ойнасын!

\* \* \*

### *Әкем Жақсылыққа*

Атқа мінген кезінде құла қасқа,  
Ешбір қауіп жоқ еді мына баста.  
Айбаттанып кетуші ең, әке, сонда,  
Біреулерге, бәлкім, бұл ұнамас та.

Жуас еді бұрынға торы құнан,  
Қашан-дағы болатын серігің ән.  
Жайпап тастап жауларын жалғыз өзі  
Қайтқан батыр сияқты ең жорығынан.

Үрікті ме жануар арда күрең,  
Алып ұшқан көңілге бар ма бір ем...  
Аттанарда ауылдан маған өзің  
«Машинадан сақ бол!» – деп зар қағып ең.

Үшінші рет жығылдың арғымақтан,  
Бұлақ тоқтап қалғандай қарғып аққан...  
«Аман қалды, әйтеуір...» – деген сыбыр  
Құлағыма жеткен-ді тал-кұрақтан.

Үрей маған үйірсек болыпты кіл,  
Жүрек шіркін тағы да қорықты бір.  
«Аттан құлап қалды ма, абайламай?!» –  
Алаңдаймын, айнала толып дүбір...

Қысты қуып көктемгі желдің лебі,  
Сағындырған шағы бұл елдің мені.  
Ауылдастан өзіңді сұрап едім:  
«Атын ерттеп жатқанын көрдім», – деді.

\* \* \*

Таң қалмайсың бес саусақ тең дегенге,  
Тағдыр шіркін қоймай ма көнбегенге?  
Жұлдыз санап шығушы ең түні бойы,  
Мыңға жетіп жығылып кем дегенде.



Таң қалмайтын болыпсың ештеңеге,  
Қамықпайсың ымыртта, кеште неге?  
Мен өкпемді айтайын ақтарылып,  
Төзімменен тыңдағын еш бөгеме...

Таң қалмайсың махаббат жоқ десе де,  
Өткір дейсің пышақты, өтпесе де...  
Шындық ылғи жеңіске жете алмайды,  
Өтіріктің өрісін шектесе де...

Таң қалмайтын болыпсың алдануға,  
Біржолата бойсұнып жан бағуға.  
Сезім оты тұтанып, өртенбейсің,  
Жең ұшынан тіршілік жалғануда.

Таң қалмайсың сөзіме осы менің,  
Түк айтпадың, бір жауап тосып едім.  
«Есіл күнді сағынам ескірмейтін,  
Есінде ме?!», – деп едім. Есінедің...

Өз еншінде не барын таңбаладың,  
Қас қағым сәт құнын да аңдамадың.  
Таң қалмайсың сен қара өлеңге де,  
Таң қалмауың ғаламат! Таң қаламын!

\* \* \*

Билеп сезім еркінді,  
Бас тартпасаң олжадан.  
Біле тұрып, сертінді  
Бұза салсаң – сол жаман.

Бәрі болар тілесен,  
Болса-дағы жол ауыр.  
Жалғыз қалып жүдесен,  
Жанашырсыз – сол ауыр.

Тыңда Өмір дастанын,  
Тыңдап мен де толқиын.  
Сеніп жүрген достарың  
Сатып кетсе – сол қиын.

## **ЕРІК КҮШІ ЖӘНЕ МАХАББАТ**

Қажет болса, нәр татпауға төземін,  
Бір-ер тәулік талар бәлкім өзегім.  
Өзімді-өзім қинаймын да, содан соң,  
Нан қадірін, су қадірін сеземін.

Қажет болса, ұйқыға да шыдармын,  
Бір-ер тәулік көз ілмейтін шығармын.  
Қалай менің табылмасын бойымнан,  
Қайыспайтын қайсарлығы шынардың.

Қажет болса..., қажет болды шынында,  
Бұра көрме пайда менен шығынға,  
Гемобизин іздемей-ақ сабылып,  
Бір-ақ күнде қол сілтедім шылымға.

Тежей білдім құмарлықтың қандайын,  
Ыстық ұрттап, талай күйген таңдайым.  
Мен – бекіре балық едім бір кезде,  
Өрге жүзіп, тасқа соққан маңдайын.

Рас, қазір ерік күшім бар менің,  
Шек-шамасын аңғарамын әренің,  
Ерік күші болған дейді ерекше,  
Екі жүзден асқан Томас Карненің.

Қажет болса, ерік күші табылар,  
Бірақ, менің «осалдығым» тағы бар.  
Махаббаттың шыдамаймын өртіне,  
Ал, махаббат нендей күшке бағынар?!  
Қандай күшке бағынар?!

\* \* \*

Хатыңды оқып отырдым.  
Қар жауып тұрды қылаулап,  
Қалады ойлар бұлаңдап.  
Құмартам әппақ әлемге,  
Тұңғыық, тылсым сыр аңдап.

Қар жауып тұрды қылаулап,  
Сұлулық тұнып тұр аумақ.  
Хатыңа, қарға қараймын,  
Барады аппақ нұр аунап.

Ақ нұрға тұнып айналам,  
Ақ арман жайлы ойланым.  
Алдандырамын жүректі  
Аңсауын сені қоймаған...

\* \* \*

Ұқпадың ғой сен мендегі  
Адал жүрек лүпілін.  
Аз ба өмір сергелдеңі  
Айтар қатал үкімін?!

Дәтке қуат іздегенде  
Табылмадың қасымнан.  
Қайтер едім  
Үзбегенде  
Үмітімді тосыннан?!

Арманым-ды, тегі, менің  
Сені жырмен мүсіндеу.  
Түк білмеген жеңіл еді,

Азап болды түсінбеу...

\* \* \*

Қыраулы қыс келді тағы жылдағы,  
Ақ шөмеле – қар үйілді аулаға.  
Жұрт көзінен жасырыпты жылғаны,  
Өзін маңғаз ұстап тұрған тау ғана.

Ақ боранның алқынғаны естіліп,  
Аяз келді бет қаратпай сұсына.  
Көк сүңгісін іліп қойды сес қылып,  
Менің үлкен тереземнің тұсына.

Қар ұшқындап, бұзылып күн райы,  
Қарт шопан тұр мұны білген едім деп.  
Қыстауларға шөп тасылып ұдайы,  
Қыр-беткейде жылқылар жүр тебіндеп.

Көз ұшында көрінеді шаналы,  
Жанарыңды қарықтырып қар дала.  
Жан-жағыңа назар салшы шамалы,  
Қансонарға жазылыпты жарнама.

Жаңа Жылды қарсы алуға қамданып,  
Жасыл шырша таудан төмен сырғанап,  
«Қыс қызығы қандай көп?!» деп таң қалып,  
Менің бейқам балалығым тұр қарап.

\* \* \*

Сүрлеу соқпақ...

шилi өзендi құлдаған.  
Бiртүрлi ыстық көрiнедi бұл маған.  
Ескi жұртта еске аламын өткендi,  
Сыр iздеймiн сағым жұтқан сұлбадан.

Қоныс маңын көп шимайлап тастаған,  
Соқпақтар бар құба жоннан аспаған.  
Сығалайтын қалың қаудың астынан  
Соның бiрi ұзақ жолға бастаған.

Көз ашқаннан соқпақ та көп, iз де көп,  
Көкжиектен үмiтiңдi үзбе тек.  
Есейген соң жас өскенге айтамыз:  
«Шиырламай, өз жолыңды iзде!» – деп.

Тұрмын тағы бiр қыраттың үстiнде,  
Талмау кезi тақалғандай түстiң де.  
Талып жеткен дауысқа бiр селт еттiм:  
«Ал сен, өзiң даңғыл жолға түстiң бе?!»

\* \* \*

Қиын шығар дау-дамайдан қашуың,  
Қызық кейде өзің төгіп-шашуың,  
Қарамайсың көңіліне ешкімнің,  
Бұрқан-тарқан ақтарылса ашуың.

Салмақ артып жүрекке күн ұзаған,  
Соншалықты мән бермеппіз біз оған.  
Жалғыз қалған жақсы екен, шынында,  
Жарылардай болған кезде ызадан.

Аяқ асты көтере ме тағы бой,  
Жеңілдесе екен мына ауыр ой.  
Аянышты, сығалап тұр есіктен,  
Ашу-ыза қуып шыққан абырой.

\* \* \*

Бұл да тосын жүрекке жаза екен,  
Бұл үн-түнсіз жатқаның ғажап екен.  
Хат жазуға көбіне мән бермейміз,  
Хат күтудің өзі бір азап екен!

Алаңдатты хат-хабар келмегені,  
Сыртылдайды жарсағат бөлмедегі.  
Хат жазуға уақыт табылмай ма,  
Сағынбай ма жүрегің әлде мені?!.

Сақтап жүрмін бұрынғы хаттарыңды,  
Хаттарыңнан сырларың ақтарылды.  
Хат кешіксе өзің де өкпелейсің,  
Түсінбеймін тым-тырыс жатқаныңды.

Уақыт жанды улайды төзім алып,  
Ұмытты екен деп қоям сөзін нағып.  
Хат күтгіріп сынағың келеді ме,  
Төзеріме жете ме көзің анық?!.

Нала-мұңға осылай қойдың бөлеп,  
Татып жүрмін тұз-дәмін ойдың ерек.  
Хаттарыңда бұрынғы сыр тұнғанмен,  
Жазылмаған жайттардың орны бөлек.

Жан сырыңды жасырмай ақтар дер ем,  
Өзекжарды сыр толы хаттарменен.  
Бұлыңғыр күн, беймаза көңіл мынау,  
Баяны жоқ баяғы баққа келем...

Бұл да тосын жүрекке жаза екен,  
Бұл үн-түнсіз жатқаның ғажап екен.  
Хат жазуға көбіне мән бермейміз,  
Хат күтудің өзі бір азап екен!..

\* \* \*

«Шаруа тығыз. Ғұмыр қысқа. Жол ұзақ».  
Қарсы алдыңнан соғар кейде аңызак.  
Бұрынғыдай көрінбейді таң ұзақ,  
Үлгермейді көмекейден ән ұзап,  
Асығасың, асығасың, әйтеуір,  
Жоспар құрып, міндет жүктеп, маңыз ап.

«Қол тимейді. Уақыт жоқ. Сөкпеңіз».  
Сылтау іздеп сырғақтаймыз текке біз.  
Өзгелерден осы сөзді естісек,  
Өзір тұрар реніш пен өкпеміз.  
Тірлік деген арпалысқан көк теңіз,  
Толқындардың бодауында кетпеңіз.

«Кейінірек. Тағы бірде. Бәрі алда».  
Мезгілімен үзіледі әр алма.  
Өмір сүріп жүрген жоқпыз аралда,  
Мына шулы дүниеде кез келген  
Өзін бұлай алдарқата алар ма?!  
Бәрі өткенде, бәрі бүгін, бәрі алда!

### **ЖЕТІСУ ЖЕЛЕКТЕРІ**

Жетісу – жер жаннаты, құлпырады,  
Көгінде қысы-жазы нұр тұнады.  
Қаншама жырласаң да мың түрленіп,  
Қанбайды өмір-бақи бір құмарың.

Табындық су алдында, от алдында,  
Танылар тарих болып Отан мұнда.  
Шарлаған ізі жатыр шың мен құзда  
Шығыстың шамшырағы Шоқанның да.

Оятар найза шыңды таң нұрлана,  
Жатады құлақ түріп даңғыл дала.  
Жырымен Жетісуды әлдилеген,  
Сүйінбай, Бақтыбай мен Жамбыл баба.

Әспеттеп жер – жаннат деп жәмиғатым,  
Әлемде жерұйық деп таниды ақын.  
Қастеев қылқаламмен өрнектеген,  
Ғажайып Жетісудың табиғатын.

Көрсең ғой топырақтан май шыққанын,  
Тендессіз теңеулерді қайшы ұқпағын.  
Жетісу суреттерін Жансүгіров  
Шабытпен жырларында айшықтады.

Қайдан да туған жерге оралам де,  
Сағыныш тамыр иіп қонар емге.  
Күләштің Жетісуда салған әні  
Кеткен ғой тау, көл асып, бір әлемге.

Ақ шыңдар айлы түнде қас қақпапты,  
Ал, енді, сілкінгенде тас қапталты.

Арнаған Алатауға әнімен-ақ,  
Заңғарды Тілендиев асқақтатты.

Білдік пе жер қадірін біздер әлі,  
Шын перзент түйір тасын қызғанады.  
Көзімен Жетісуды көктей шолған,  
Мұқағали – өлеңнің мұзбалағы.

Төсінде сұлу сағым бұлаңдайды,  
Рухы батырлардың ұрандайды.  
Мәңгілік махаббатын Жетісуға,  
Арнаған көрем ақын Тұманбайды.

Үзілмей кешегі ән жетсін таңға,  
Көргенде көшпенділер көп сұқтанған.  
Жеті өзен өрнектеген бұл өлкенің,  
Жазды ғой шежіресін Бексұлтан да.

Күлгенде иығына күн қонатын,  
Беделі баһадүрмен бір болатын.  
Көктемге Жетісудан хат жолдаған,  
Кешегі Кенежирен мінген ақын.

Жетісу–жер жаннаты, құлпырады,  
Көгінде қысы-жазы нұр тұнады.  
Қаншама жырласаң да мың түрленіп,  
Қанбайды өмір-бақи бір құмарың!..

## АЗАТТЫҚ, ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРЛАРЫ

... Тәуелсіздік тақырыбына арналған лирикалық өлеңдерде ел тарихының ежелгі батырлық, ерлік, елдік шежіресін жаңғырта жырлау ерекше байқалады. Мысалы, талантты ақын Әділғазы Қайырбековтің «Азаттық алауы» өлеңінде ата-бабадан келе жатқан ұлы мұрат – Азаттық жолындағы күрестің үздіксіз болған белестерін еске алады. Қазақ тарихындағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманы Алаштың, Абылайдың атын ұран етіп аттанған қарға тамырлы қазақ халқының Тәуелсіздік, Азаттық жеңістерін мәңгілік сақтайтынын жырлайды:

Жетсек біз тәуелсіз бұл күнге,  
Жадыдан шығару мүмкін бе?!  
Желтоқсан жастары жамылып мұз-қарды,  
«Азаттық! Азаттық! Азаттық үшін!» деп,  
Жаһанға жар салып тұрғанын.  
Жоқтаймыз Желтоқсан құрбанын,  
Жазамыз Азаттық жырларын! («Қазақ елі», №50, желтоқсанның 13-і, 1996, тышқан жылы).

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,  
«Алматы ақшамы»,  
15.12.1998 ж.

## КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

\* \* \*

Соңғы жылдарда санаттастары қатарынан суырылып шығып, қалам өнерінде халықты қарататын қадамдар жасап, жаңа жарасымдар жаратып жүрген бір топ ақындар бар. Солардың ортасынан, бәлкім, ең алдыңғы легінен адамдық жүріс-тұрысы момақан, сыпайы да сабырлы, ал бірақ ақындық мінезі адуын Әділғазы Қайырбековті көремін.

Көне сарын, шежіре күй баурайды,  
Тарбағатай басында бұлт аунайды.  
Қара бұлтты қақ айырған найзағай,

Қабанбайдың қылышынан аумайды.

Бүкілхалықтық мақтаныш, елдік, ерлік, міне, осылай марапатталса, нұр үстіне нұр.

«Ағысың қатты екен, бала бұлақ,

Қойтастың бүйірін бір бүлк еткіздің».

Міне, динамика! Бұла тірліктің бұлқынысы! Әділғазының «Шер шертер» атты бір томдығындағы өлеңдердің басым көпшілігі осындай ойлы, кестелілігімен ойға қалдырады екен.

Мұзафар ӘЛІМБАЙ,

«Алматы ақшамы»,

15.01.1999 ж.

## ӘДЕБИ ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

### ПОЭЗИЯ – 98

Арғы бабалардан бастау алып, Дулат, Абайлардан бері сылдырап аққан сөз кәусары аласапыран XX ғасырдың өн бойында да терең сүңгіп, тас жарып, өз арнасын таба білді. Әйтпесе, Мағжан, Илияс, Қасым, Қалижан, Хамит, Әбділда, Сырбай, Жұбан, Ғафу, Мұзафар, Мұқағали, Тұманбай, Қадыр, Төлеген, Өтежан, Сәкен, Жүмекендердің жалғасы – Кеңшілік, Жұматай, Исраил, Жәркен, Темірхан, Жарасқан, Нұрлан, Иранбек, Жүрсін, Дәуітәлі, Тынышбай, Күләш, екі Серік, олардың жалғасы – Ұлықбек, Есенғали, Ғалым, Бауыржан, Мейірхан, Нұрлан, Әділғазы, Әбубәкір, Қасымхан, тағы басқалар қазақ жырының алтын өзегіне айналар ма еді? Жиырмамыншы ғасырдың алғашқы жартысы өзінің өнер желкесіне төндірген қанды қылышымен көзге елестесе, екінші жартысы, дәлірек айтсақ, алпысыншы жылдардан бері қарай өлең өлкесіне атой салып кірген толқын-толқын таланттарымен асқақ та айбынды. «Ақынның орны не төрде, не түрмеде» депті сол тұста Мұзафар ақын.

Ішкі бұлқынысын үндемей жүріп таныта келген Әділғазының Алаш сыйлығын алған жаңа жинағынан жаңа леп еседі.

Бір өлеңім бір тал ғана шырпыдай,

Сезім отын лап еткізсе шіркін-ай! – деп,

армандай отырып, өлеңнің өрде жатқан белжайлауына қалай көтеріліп кеткенін өзі де аңғармай қалады.

Табиғатта таныдым бояу көбін,

Жасыл жапырақ алады баяу демін.

Міне, шын ақын осылай сөйлеу керек. «Жапырақтың баяу дем алғанын» ақын ғана көріп, ақын ғана сезіне алмақ. «Бір өлеңі бір елдің мұрасындай» деп Мұқағали айтпақшы, бір жолы бір өлеңге татитын ақындардың қатары көбейе берсе қазақ өлеңінің мұртын балта кеспейтіні анық.

Несіпбек АЙТҰЛЫ.

«Қазақ әдебиеті»

16.04.1999 ж.

## «АРМАН ҚАЛАР АДЫРА...»

Қалам ұстаған қатарластарының арасынан дараланып, қолтаңбасы айқындала бастаған ақындардың бірі – Әділғазы Қайырбеков. Осы күндері оның бірнеше жыр жинағы оқырман қолында жүр. Өлең өнеріне көңіл аударып, көз жіберген көп адамның Әділғазының әдемі жыр әуеніне құлақ асып, ұнатқанын талай көргенбіз. Оқырманын тапқан ақын талантсыз болмаса керек.

Жақсы жырдың жарқылы жанға сәуле құяды. Сондықтан оның иесін іздеп, ізін суытпай оқып отырғанға не жетсін. Бұл қатарға ақын Әділғазының «Ана тілі» баспасынан жақында жарық көрген «Шер шертер» атты жаңа жыр жинағын қосуға болады. Кітап көркем безендірілген, көлемі де көз тоярықтай.

Бес бөлімнен тұратын жаңа жинаққа көңіл-күй, махаббат, табиғат тақырыбына арналған өлеңдер топтастырылыпты. Ақын ауыздығымен алысқан асау арғымақтай асып-тасып абдырамай, таудың мөлдір бұлағындай сылдырап қана сыр шертеді. Ойы орамды, тілі шұрайлы. Зорланып ұйқас жасауға ұмтылмайды. Айтар сөздің түйінін тауып, ойды түлете түсуге тырысады.

Өнерлі адамға табиғат таусылмас тақырып. Осы ойды нысана еткен ақын табиғаттың көз тұнар көркін, адамның көңіл күйімен қабыстыра қатар өрнектейді. Бұған айтар дәлел, дәйегіміз де жоқ емес.

Ей, ақша бұлт, аялда тамшыңды төк,  
Қара бұлтқа айналу қиын қанша?!  
Сайын дала тамшыға малшынды деп,  
Жар салайын, тағдырға сиынғанша.  
Дәл осындай күй кешіп қиналамын,  
Көңілдің көгіне бұлт жиылғанша – ,  
деген жыр жолдарына түсінік беріп жату артық. Әйткенмен Әділғазының мына өлеңінен табиғат пен ақын мінезі ұқсас дегенді ұққандай болдық.

Өмірдің өзі ақ пен қараның қатар өріс алуынан тұратыны айқын. Бұл ретте ақынның ащы мен тәттіні, жақсы мен жаманды ой елегінен өткізіп барып ой түйетіні түсінікті. Құрғақ сөзде күн болмайды. Сондықтан ақын өлеңінің өзіне кезек берелік:

Ащы шындық, тәтті өтірік екеуінің тұнбасын,  
Қаталап кеп сіміргенмен сырласым,  
Аш өзекке бұл да сын!

Ал өмірдің көп екен ғой бұрмасы,  
Көздің жасы құрғасын.  
Арман қалар адыра, адасып ақ түтекте,  
Жаның жылап тұрғасын.

деген жып-жылы жыр жолдары оқушыны ойға жетелейтіні, өмірдің өкініші, өзекті қарып өтетіні бірден байқалады. Махаббат тақырыбына қалам тартпаған ақын аз шығар. Жар көзінің жарқылы, жалт етіп көрініп сарқылмас сағынышқа айналған арман ақын жырының өзегі болып өрілсе, өкініш не?

Ақын өлеңдеріндегі тәкаппар сезіммен тәтті мұң қатар қабысып, өлең боп өрілгенде санаңа салмақ салады екен. Бұған:

Ерте үздім көк-жасыл жапырақты,  
Көз жасына қалдым ба ерке қыздың?!

деген жыр жолдары дәлел бола алады. Жүректі шымырлататын шынайы сезімге құрылған көңіл-күй, махаббат жырлары жинақта аз емес. Олардың бәрін бас-басына талдап-таразылап жатуды артық санадық.

Алыстап кеткен арманға өкініп, алдағы өмірге алаңдау ақын өлеңдерінен өрнек тапқанын танығандай болдық.

Шұбырған көш-керуен жылдарым-ай,  
Жамауға жыртық көңіл жүр жарымай.  
Жарым-жарты, өң мен түс жалғанда бұл,  
Жартаспын таудай толқын ұрған ұдай.

деген жырлардан жоғарыда айтқан ойымызды оқырман өзі ажыратпай алар деп сенеміз. Ақын өлеңдерінің көбі сырт қарағанда қарапайым болғанымен іші нұрға-сырға толы болып келетіні біз келтірген мысалдардан анық аңғарылады.

Ойы ұшқыр, қаламы қарымды ақынның жаңа кітабында біз тани алмаған тағы басқа да тартымды өлеңдер көп болуы мүмкін. Сондықтан «Мың естігеннен, бір көрген артық» демекші, ойлы өлеңнің отына жылынғысы келген оқырман осы кітапты тауып алып оқиды деген сенімдеміз.

Мінуар ӘКІМХАНОВ.

«Атамекен»,  
№13-14 /198/  
28.07.1999 ж.

\* \* \*

... Сондай таза ғана бір сәттік көңіл-күй ауанын мен Әділғазының «Көктеп кеткен жоқ па екен көк мұнара» топтамасына енген өлеңдерінен де аңғардым. Мұнда да керек тұсында көсіле сілтей алар асау бір арынның еркін сілтесі байқалар еді. Ой да бар, сезім де сені жетелеп ала жөнеледі.

Мен сенбіден секемденіп,  
Жексенбіден жерінгем,  
Күтіп тұрды бөтен көлік,

Көз ұшынан көрінген... – деп түйеді ол бір ойын.

Сәкен ИМАНАСОВ,



## МАЗМҰНЫ

### БІРІНШІ БӨЛІМ

«Наурыздың нұры...»...  
«Бір ызғар бар тоңдыратын шілдеде...»...  
«Ойдан қырға көшкен елміз..»...  
«Шығып келе жатқан күннің шапағы...» ...  
«Қарайтын қабағыма қарғам менің..»...  
«Ыстық еді сол бір түні шілденің..»...  
«Меже алыс діттеген...» ...  
«Жұмбақ өмір жөнінде не білемін..»...  
«Бұл домбыра бабамнан қалған мұра...»...  
«Өтіріктің ішкенде майын кілкіп..»...  
«Тағы кеңіп тіршілік кенересі...»...  
«Өмірге құшарлық»...  
Алматы...  
«Жауған қардың ақтығынан не пайда..»...  
«Мен сенбіге сенбеп едім...»...  
«Күй күмбез»...  
«Ақ сағымның аржағында ауыл бар..»...  
Аман орал сапардан...  
«Қысқа күнде сан соқтырар мың ”Өттең...»...  
«Актер болу қолымнан келмес менің..»...  
«Тамсандырар талай сырды қозғасаң..»...  
«Сен бекер-ақ қайық салдың өзенге..»...  
«Аптап ыстық, сары құмда..»...  
«Ертең де күн бар..»...  
«Жайдары, жарқын жазда да..»...  
«Құс тіліндей қылтиып көк шығыпты...»...  
«Жарау күнде құрық жалғап сырыққа..»...  
«Шарасы ортайған ба айна көлдің..»...  
«Көбелектен көз алмай көлбеңдеген..»...  
«Жаның бір жабырқаса жырмен емдел..»...  
«Адам аз ба ерте туып, кеш қалған..»...  
«Тұнық таң, тұнық ауа тұрлауы не..»...  
«Көңілімді қайтсем екен ортайған..»...  
«Ағысың қатты екен, бала бұлақ..»...  
«Қиянаттың қарадай мысы басып..»...  
«Сұм өмір абақты ғой саналыға..»...  
«Құлағыма талып жеткен таныс ән..»...  
«Ет қызумен елемеген шығармын..»...  
Киіктер...  
«Бір толқыдым өзенде сең көшкенде...»...  
«Ақ көйлек тазарар-ау кірлеп қалса..»...  
«Тез өтеді Уақыт Өтеді тез...»...  
«Көз алмай терезеден жарық жанған..»...  
«Тіршілік түлкі бұлаң...»...

Тәуелсіздік мұраты...  
«Ақ парақ, менің жайымды ұқ...»...  
«Тамшы мұңнан табам ба жанға медет..»...  
«Азаттықты алған күн.»...  
«Досымсың ба сен менің, жауымсың ба?..»...  
«Сен мені түсінбессің, түсінерсің..»...  
«Боздадым да жұтылдым боз далаға...»...  
«Ақ бұлақтар ойнайтын асыр салып..»...  
«Терген едім қызғалдақ, қымыздығын.»...  
«Қоңыр кеште қоңыр әуен қоздады.»...  
«Мамыр келді, тағы да мамыр келді.»...  
Бөртостаған ...  
«Ақын сөздің асылын таңдамас па..»...

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

«Тереземді түртіп Түннің тұмсығы» ...  
«Бір үмітім.....» ...  
«Ақ тұман» ...  
«Күн күйіп тұр.....»...  
«Түк бітірмей жүргенде түртінектеп»...  
«Қарлы жаңбыр жауардай...» ...  
«Ащы шындық.....»...  
«Менің патша көңілім...» ...  
«Билеп сезім еркінді...» ...  
«Қос қарлығаш сымға қонған...» ...  
«Мен құспын ұя салған...»...  
«Абай ата қонысы Жидебайдан ...»...  
«Қара нар бұлттың ...» ...  
«Жұмбақ екен дей көрмеші...»...  
«Мен асыға бастадым.» ...  
«Сөзім желге ұшардай...» ...  
«Көктем желі...» ...  
«Менің көзім жетпей қойды...»...  
«Ақындық...»...  
«Бұрмасы көп жол екен...»...  
«Асқар тауым қалайша...»...  
«Бүйеннің\* суын жалдап...» ...  
«Бұлттан биік ұшқан...»...  
«Шал айтады...» ...  
«Мына мыстан Мезгілдің...»...  
«Суыт хабар сүңгісінен...»...  
«Бүтін болу – бір арман...»...  
«Жырақтағы ауылым...»...  
«Сыңар езу, салпаң құлақ...»...  
«Ұзақ сонар бір ертегі бітпеді...»...  
«Шым-шытырық түс...»...  
«Ойнақтамақ ойы бар...» ...  
«Оты сөнген жанар көрдім...»...  
«Сәлем жолдап отырмын...» ...  
«Кімнің иті түнімен абалаған...» ...  
«Көрейін деп барып едім теңізді...»...  
«Ал, ауырсын жүрегім...» ...  
«Сен көшенің ар жағында...»...  
«Арулар, Ару-Аналар...» ...  
«Қасат қарды ерітер қайран қайда»...  
«Жол тұйыққа тірелді»...

«Сол қолым оң қолыма бағынбады»...  
 «Қызыл тілмен буынсыз...»...  
 «Тордағы құс...»...  
 «Бозқараған гүлдеген мамыр айы...»...  
 «Бағзы сарын...»...  
 «Өлі тыныштық...»...  
 «Меже алыс діттеген...»...  
 «Көрмегенім көп шығар...»...  
 «Түсінбейсің неге шын пейілменен...»...  
 «Өмір деген...»...  
 «Неге күлді?» деп сұраймыз...»...  
 «Көңілімде көп алаң...»...  
 «Ағарды шаш ертерек»...  
 «Салқын күндер...»...  
 «Саяхаттап тауға бардық...»...  
 «Ештеңеге зауқым жоқ...»...  
 «Жылы сөз естігім келеді...»...  
 «Күздің бір күні көктемдей ...»...  
 «Жүрегімде шаншу бар...»...  
 «Жанарыңда – жасыл әлем жамалы...»...  
 «Жыр жазбаймын...»...  
 «Жапырақ шықты...»...  
 «Қара мұржа. Қара түтін...»...  
 «Көн етіктің ақжемденіп...»...  
 «Сары күзде жел еседі сарнаған...»...  
 «Шалғынға шашасының шаңын қағып...»...  
 «Жалқы күнде алынбаған жүз есем...»...  
 «Қылаң үміт басына қырау қонып...»...  
 «Алай да дүлей...»...  
 «Үнсіз түн...»...  
 «– Өлең жазып...»...  
 «Халің нешік?» деуге де жарамадың...»...  
 «Талабыңның тасқа соғып маңдайын...»...  
 «Абыр-сабыр...»...  
 «Бір бөлмеде – үш қабырға...»...  
 «Сарын іздеп жанға дауа сарсаңмын...»...  
 «Сыбдыр-сыбдыр қамыс,құрақ...»...  
 «Бір адам табылмаса тілдесерге...»...  
 «Көзбен көре алмайтының күмәнсіз...»...  
 «Түнде жарық іздеймін жолға қарап...»...  
 «Сенің Көлеңкенді көрдім...»...  
 «Ән айтылып біткендей...»...  
 «Сенделемін...»...  
 «Қабаған екен қабағат...»...  
 «Өтер жылға өкпем жоқ...»...  
 Қайырылмай кеткен құралай...  
 Қар жауған күн...  
 Затаевич...  
 Түнгі оттар...  
 Сен ән салшы...  
 «Жүректі дір еткізіп...»...  
 «Ізедім ізін қуып ізгі үмітті...»...  
 «Табиғатта таныдым бояу көбін...»...  
 «Бүйеннің жағасында алмалы бақ...»...  
 «Майдақоңыр ән еді, бұзылыпты ырғағы...»...  
 «Бір тостаған ауа жұттым дем алмай...»...  
 «Алматының алабұлтты аспаны...»...

Қаңбақтар қашып барады...  
«Құланиек таң атты...»...  
«Дәлелі жоқ дәрменсіздік тұсады...»...  
«Қасқа жол апарады Қарауылға...»...  
«Кейбір кезде жұрт күлгенде – күлмедім ..» ...  
«Жылдар керуені...» ...  
«Жүрегің жылап, көзінде тұрды тосын мұң...» ...  
«Қошамет пен сый-құрмет дәметпедім...»...  
«Келдім ... Көрдім »...  
«Шымырлап, қайнап, бұрқылдап...»...  
«Мен қорқамын...»...  
Әжемнің кебезесі...  
«Әйтеуір, тегін емес...»...  
«Ақ дала – аппақ бір өлеңдей...»...  
«Өткел іздеп өзен бойын құлдадық...»...  
«Ұқпадым...»...  
«Өлең қалай?» деп сұрауды ұмыттың...»...  
«Бұлар – кәдімгі бәйтеректер...»...  
«Сызашықтар дарияға айналуға жақын деп...»...  
«Сыздағаныңда жетім жүректің...»...  
«Өзің – жоқсың, естимін дауысыңды...»...  
«Қара да отыр қасымда...»...  
«Таңғы шықтай шөптегі...»...  
«Болмағандай кешегі базарлы шақ...»...  
«Адам – жұмбақ жаратылыс әуелден...»...  
«Қыл көпірден өттім талай құламай...»...  
«Жігері құм, төзімі тары, жасыған...»...  
«Қызыл жалқын күн баттты...»...  
«Құлақ жарар тыныштық түнектегі...»...  
«Сырқатпын ба, саумын ба...»...  
«Тіршілік – түлкі бұлаң...»...  
«Сары маса – сары уайым...»...  
«Қызыл көйлек киген қызбен қоштастым...»...  
«Күндер көшті күйбеңмен...»...  
«Көк түтінге көміліп...»...  
«Жарық пен түнек...»...  
Хаттар сыры...

«Өзіме өкпелімін...»...  
Сол баяғы бір ырғақ...  
Намыс найзағайы...  
«Бұлақ бүгін мені ойға қалдырды...»...  
«Ертеңімнің дидарынан нұр көрем...»...  
«Теректің төге жаздап теңгелерін...»...  
«Белгісіз күн өткені, түн өткені...»...  
«Өрік гүлдеп тұрған кезде жауған қар...»...  
«Бірде жарық, енді бірде көлеңке...»...  
«Кеше ғана жалын еді жанымыз...»...  
«Хат келмеді...»...  
«Неге сенің қабағыңда бұлт тұр...»...  
«Естігім келіп күнде дауысыңды...»...  
«...дегім келді...»...  
«Сондай әсем тігуші едің сен кесте...»...  
«Түнде мені тұрғызған төсегімнен...»...  
«Қапияда қалған екен қансырап...»...  
«Бұл дәурен өте шығар қас қағымда...»...  
«Қобызға домбыраның қостым үнін...»...

«Алыс кеттім, әдейі көпке кеттім...»...  
«Көзіндегі мұң ба, әлде қайғы ма...»...  
«Әбден мүмкін от болып жануларың...»...

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

Төлегетай ұрпақтары...  
Бірғызбай ата...  
Тараз...  
Бес жыл өтті...  
Ой соқпасы...  
Жесірдің мұңы...  
«Жел ұрып кейде іргеме...»...  
«Біреулердің дұрыс шығып есебі...»...  
«Токсан тарау жол...»...  
Сөз мәні...  
«Ұқпадың ғой сен мендегі»...  
«Қауқылдасып, хал-ахуал сұрасқан»...  
«Жүрегің жылап, көзінде тұрды тосын мұң»...  
Төрт тоқсан...  
«Фотограф қайда жүр, шақыр мұнда!»...  
«Мезі болып бір ырғақты жұмыстан»...  
Мадьяр еліндегі солдат інім ...  
«Сау кезде ғана керексің...»...  
Қайырлаған кемелер...

Ауылға оралғанда ...  
«Алғы күнге арманың арна салып»...  
«Қайрылмай кеткен құралай...»...  
«Кейде, көңіл қалайды оңашаны»...  
«Көктем желі»...  
«Ақпан келді ақ бұрқак бораны бар»...  
«Бақыт та қас қағым сәтте»...  
«Бейтаныстың алдында үндемедім»...  
«Баурап алып жүректі мұң, торығып»...  
Ақыл айтып...  
Торкөздердегі тамшылар...  
Сынған бұтақ сыр айтты...  
Күзетші шал...  
«Кейбір сәтте, сезіміңе көн...»...  
«Досым, сені көңілсіз жолықтырдым...»...  
«Алсұр сәуле...»...  
«Сезбедің-ау, сезімнің өртін мендегі»...  
«Өмір-сынақ. Алдыға қойылар сын»...  
«Махаббатым өзімді жаралап еді»...  
«Ертістен ерке толқын құлап ағып»...  
«Вокзалда жүрміз»...  
«Қиын сауал»...  
«Емес – екен – деймін»...  
«Қыздарменен дос болуға бола ма?»...  
«Көңіліңде әлдене болғаны анық»...  
«Бақыттан ғой... жүруші ек күліп-ойнап»...  
«Жар сөзі...»...

Наурыз...

«Екеуі де қымбат.»...  
Бәрі де керек...  
Кешірім сұрадым...  
Мінез...  
«Ай сәулесі.»...  
«Кешқұрым...»...  
Түйе,түйе, түйелер...  
Көне мектеп...  
Бейімделу...  
«Қара шаңырақ.»...  
«Бал арасы...»...  
«Ұйқы қашқан.»...  
Саршатамыз...  
Жүрегімде ілгек жоқ...  
Қысыр сөз...  
Кей-кейде...  
Кешігу...  
Келер шақ...  
Қар жауған күн ...  
«Ұзақ күткен кезім мынау...» ...  
«Сезімді аяла...» ...  
«Халықтың әні ұнады...»...  
«Өзің айтшы...»...  
Үзілмейтін үмітімнің өткелі...  
«Әрсізденіп...»...  
«Атқа мінген кезінде...»...  
«Таң қалмайсың...»...  
«Билеп сезім еркінді...»...  
Ерік күші және махаббат...  
«Хатыңды оқы...»...  
«Ұқпадың ғой...»...  
«Қыраулы қыс...»...  
«Сүрлеу соқпақ...»...  
«Қиын шығар...»...  
«Бұл да тосын...»...  
«Шаруа тығыз...»...  
Жетісу желектері...